золото». Очень характерная деталь – героиня не видела ни света, ни луны, то есть содержалась отдельно, в запертой комнате. Служанка случайно показала ей свет, и Аламалым забеременела. (Здесь стоит вспомнить сюжет о Данае, забеременевшей от золотого дождя). Отец с матерью решают судьбу дочери: «И так, построив корабль и посадив в него сорок девок, диких голубей, золотых ягнят, попугая птицу, неугасимый светоч и неистощимую пищу, пустили золотой ковчег неподалеку горы Тура, на северное море, сказав: суженый ее не минует». Героям Даля свойственна вера в предрешенность судьбы: от судьбы не уйдешь. Избранник девушки ценит в ней то, что она и девственна, и беременна. Даль использует сюжет о непорочном зачатии, который присутствует в мировом фольклоре. Аламалым рожает Дуинбаяна, он становится отцом Джингизхана. В свою очередь, Дуинбаян, умирая, предсказывает рождение сына: «После смерти низойду я на супругу мою Алангу, во сне, зачатием, и родится сын, достойный владеть и управлять вами, … а знамение этому будет такое, что после смерти моей низойду я солнцем, а выйду волком…». У Алангу, жены Дуинбаяна, рождается сын, у которого все черты сказочного богатыря: мальчик в золотой рубашке, плечи – волчьи. По традиции изображены старшие братья негодяями: они отбирают последнее, насилуют, оскорбляют мать. Братья возненавидели Джингизхана, решили, что надо его извести. Но заступается за сына Алангу народ. Для того, чтобы определить лучшего правителя, Алангу предлагает сыновьям испытание: надо повесить меч на солнечный луч. Испытание проходит только Джингизхан. Боясь теперь мести братьев, Джингизхан уходит жить к кайсакам. Автор описывает героя, как сказочного богатыря: одежда белая, конь сивый, шапка золотая, колчан золотой, лицом пригож, невидимкой скрывается. Десять беков ищут, где скрывается Джингизхан, а когда находят, то уговаривают вернуться править народом. Джингиз возвращается и вырезает непокорившиеся ему роды. И только одна девушка, которая оказывается мудрее других, прячет четырех детей. Джингизхан узнает об этом и берет ее в жены. Даль повествует о том, что у его героя было четыре

сына, он был возведен на ханство в 13 лет, владыкой был 59 лет, а всего прожил 72 года. Джингизхан разделил своих людей на роды и племена, они узнавали друг друга по тамге (печати) и птицам. Родиной Джингизхана был Китай, и владения его были там же.

Восточную тематику Даль продолжает использовать в сказке **«О прекрасной царевне Милонеге-белоручке, по прозванию Васильковый глазок, и о трехстах тридцати трех затяжных волокитах и поклонниках её»**. Она была напечатана в сборнике «Были и небылицы Казака Вл.Луганского» в 1835 году.

Сказка состоит из трёх сказочных новелл, которым предшествует вступление о жизни трех царей Светозаров, у одного из которых дочь имела триста тридцать три жениха. Поскольку дочь не могла выбрать жениха по силе и доблести и по богатству, то отец Светозар приказывает трем женихам рассказать «сказку пригожую, поучительную». Лучший из рассказчиков получит в жены красавицу невесту Милонегу – Белоручку Васильковый Глазок. Это отношение к красноречию было традиционным для Востока, где умение говорить ценилось больше, чем богатство, деньги. Ничем на Востоке не гордились так, как красноречием. Отцу Светозару рассказывают три сказки, каждая из которых имеет своего рассказчика. Традиция присутствия рассказчика восходит к восточным сказкам, например, к сборнику сказок «Тысяча и одна ночь» (основной рассказчик – Шахразада, во многих случаях и герои сказок). Вторую по счету сказку рассказывает «заезжий из стран восточных, гость из земли Захвалынской, далекой». Название сказки также сформулировано в восточных традициях: «О калифе Багдадском, о семи славных мудрецах его и о прокаженной». Сравним, например, названия сказок сборника «Тысяча и одна ночь»: «Рассказ про Али-Баба и сорок разбойников и невольницу Марджану, полностью и до конца», или «Рассказ о халифе, невольнице и Абу-Нувасе» и т.д.

Сказка повествует о калифе Багдадском, который унаследовал богатый трон отца, владение землей и стал повелевать правоверными. Повелевал герой своими подданными, не зная истинного положения дел: «Он славился

доселе чутким ухом своим, зорким оком, проницательным умом и правотою сердца, но с того дня, как сделался он калифом, все это изменилось. Окружив себя для блага подданных своих славными мудрецами, стал он видеть и слышать все, доколе обретался в чертогах великолепного дворца своего, но был, напротив, слеп и глух, если выходил из оного». Калиф вынужден был во всем полагаться на своих чародеев-мудрецов: «Правоверные жаловались, угнетённые плакали, могучие злочинствовали – юный калиф потешался, следовал советам мудрецов своих и верил, что народ его блаженствовал». Калиф приказывает своим подчиненным рассказывать его мудрецам сны, так как в толковании снов мудрецы обещали найти средство для неисцелимого недуга калифа. Именно такой пророческий сон видит факир, один из жителей Багдада. Сон факира разгадывает прокаженная, нагая и босая, побирающаяся подаянием Истина. Вначале факир видит только безобразие девушки, замечает резкий и нестерпимый для слуха голос. Но по мере общения с нею уродство исчезает, и между ними вспыхивает любовь и дружба. Узнав о таком отношении факира к прокаженной, калиф приказывает привести ее во дворец, но факир возражает: «Никем в мире подруга моя не бывает любима, кроме бедных и низкого сословия людей: каждая степень, коей человек приближается к двору твоему, повелитель, уносит и удаляет его от подруги моей, здесь же, в серале, нет ничего с нею общего, и она здесь терпима быть не может». Сущность своей подруги факир выражает следующим образом: «…все видит, видит прямо и ясно и говорит, не запинаясь, то, что видит – вот все её искусство…». Калифу Истина рассказывает историю: «Нас было три сестры: истина, совесть, правосудие. Мы подкидыши и родителей своих не знаем. Совесть сошла с ума на безмене: ее взвешивали, дробили на литры и драхмы, доколе она не рехнулась. Ее посадили в дом умалишенных, тобою, повелитель правоверных, сооруженный. Правосудие не может ступить на ноги, до того пятки и подошвы избиты у нее палками. Оно лежит теперь в богадельне, щедротами твоими, великий калиф, созданной, и питается подаянием. Меня, старшую

сестру, сызмала до того загоняли, до того надо мною надругались, что нельзя было нигде в настоящем виде своем показываться, и стала я, юродивая, прятаться от людей и побираться и обратилась с прозванием «прокаженная» во всеобщее посмешище и поругание». История имеет все признаки притчи: прокаженные Совесть, Истина и Правосудие – аллегории творящихся в калифских владениях беспорядков, слова о всеобщем посмешище и поругании – умозаключение об отношении людей к этим явлениям, есть и ориентированность на многозначность слова, и краткость. Истина рассказывает поучительную притчу, как некогда Шахразада рассказывала сказки и притчи, в которых говорилось о том, каким должно быть человеческое общество, каким должен быть человек. То есть притча включена в повесть как вставное произведение. Выслушав рассказ Истины, калиф обращается с просьбой вылечить от одолевшей его немощи. Прокаженная Истина указывает на золотой орех, скрытый в покоях калифа. Вокруг ореха вьются семь червей. Истина пояснила калифу, что это семь мудрецов, которые чародейскими умыслами сделали из калифа калеку, а из подданных - мучеников. Калиф казнил мудрецов и прозрел глазами, и ушами, и душой. Но его наставница по имени Истина пропала, прося передать монарху, что она никогда не может жить при калифском дворе, и что самый мудрый и благомыслящий властелин должен быть счастлив, если Истина хотя бы ненадолго, хотя бы мельком, посетит его сераль. Налицо иносказание о том, что истину не встретишь в царских, калифских, ханских (богатых) палатах. Иносказание – также традиционная черта восточных произведений. Истина указывает на причину «болезни» калифа, исправляет ее, и калиф понимает, что ошибался, слушая советы мудрецов. Определяем жанр как «дидактическая сказка со вставной притчей о Истине, Совести и Правосудии», причем вставная притча играет важную роль в повествовании.

Следующее «восточное» произведение Даля – **сказка «О баранах».** Писатель сам определил жанр этого произведения – восточная сказка, и нет смысла выбирать другой жанр и доказывать принадлежность к этому новому

жанру. А вот тип этой сказки установить необходимо. По нашему мнению, это сатирическая сказка. С первых строк сказки читатель чувствует глубокую иронию автора. Описывая покои главного героя сказки – калифа – Даль прибегает к использованию цветовой и звуковой лексики: «развалившись на подушках, с янтарем в зубах», «лежал … поперек парчи, атласу и бархату», «золотого подноса на вальяжных ножках», «пол белого мрамор», «серебристый водомет посредине», «говор бьющей и падающей струи», слуги «заботливо услужливали калифу». Права исследовательница, говоря, что восточный колорит здесь необходим автору для придания произведению характера вымысла, именно сказочности. Но описание восточного колорита служит и еще одной цели: сатирически показать отдаленность калифа от истинных нужд народа. Автор далее говорит: «Но калифу не спалось: озабоченный общим благом, спокойствием и счастьем народа, он пускал клубы дыма то в ус, то в бороду и хмурил брови». Калиф приказывает раболепному слуге принести плащ простой бурой ткани, белую чалму без всяких украшений. Простая одежда нужна ему для того, чтобы тайно ночью обойти город и послушать, что говорят его подданные о порядке в его владениях. Этот эпизод имеет отношение к восточным сказкам. Известно, что великий халиф Востока, герой преданий, легенд и сказок Харун-ар-Рашид очень часто переодевался в простое платье и ходил ночью по городу, чтобы посмотреть, как живется народу.

На улицах города калиф, герой сказки Даля, слышит о жестоком, неумолимом и, самое главное, алчном до взяток судье (Даль его называет казы – слегка исковерканное восточное слово казий). Придя домой, калиф делает вывод: «Казы сидит один на судилище своем, …он делает что хочет, он самовластен, может действовать самоуправно и произвольно: от этого все зло. <…> надобно придать ему помощников <…>». Калиф увеличивает число судей второе, получилось «судилище трех правдивых мужей». Но когда калиф спрашивает о результатах проведенной реформы у своего пристава, то витиеватая, напыщенная речь заставляет

калифа усомниться в честности слов его слуги. Раб Мелек открывает калифу глаза на творящийся произвол и мздоимство судей. Здесь человек из народа играет роль разоблачителя неправды властьимущих. Пользуясь цветистыми оборотами, Мелек указывает калифу на бесплодность всех стараний. Рассудив, что наказание и смерть не выход из положения, калиф увеличивает число казиев в семь раз: «<…> где сидел прежде и судил и рядил один, там сидят семеро, важно разглаживают мудрые бороды свои, замысловатые усы, тянут кальян и судят и рядят дружно. Все благополучно». Но и в этот раз калиф слышит за стенами жилищ своих подданных «только стенания, одни жалобы на ненасытную корысть нового сонма недремлющих стражей правосудия». Тогда Мелек советует спросить у старого нищего Хуршита, лучше ли стало жить. На что Хуршит отвечает, что раньше было тяжело – приходилось нести на своих плечах целого барана судье. Потом стало ещё тяжелее, увеличилось число судей, и стали таскать по два барана. «А теперь, слава Богу, совсем легко <…> гуртом гоняем». Сказка посвящена вечной теме не только русского (сюжет древнерусской сказки «Шемякин суд»), но и восточного фольклора – взятки судей. Стремясь устроить для своих подданных справедливый суд без взяток, калиф увеличил число взяточников. Сказка имеет целью сатиру не только на российское судопроизводство, но и на восточное. О далеких от народа царских и ханских порядках Даль уже писал в повести «Бикей и Мауляна». Он осуждал непрерывные степные тяжбы также решительно, как осуждал иезуитское крючкотворство царских чиновников. В сказке «О баранах» сатирически изображается калиф, решающий проблемы народа, сидя на диване. И с симпатией Даль показывает простого старика Хуршита, у которого «слово неправды никогда не оскверняло чистых уст».

Действительно, сказка имеет сюжет о неправедном судье, к которому обращалась и до Даля, и будет обращаться после Даля русская литература. Но что важнее - это то, что тема международная, она встречается в сказках восточных народов. Например, в казахских сказках: сатирическая сказка

«Глупец и казий», сказки «Справедливый судья», «Мархума», «Братья-странники», «Вор и мошенник», «Наблюдательность», «Золотой нож», «Верное решение», «Как Ходжа был судьей». Сатирический жанр давал возможность Далю сатирически представить жизнь верхов общества, высмеять пороки судебной системы.

В статье «Жанр восточной повести в творчестве В.И.Даля» оренбургская исследовательница Н.С. Сербина утверждает, что повесть «Бикей и Мауляна» - абсолютно документальное повествование. Автор ведет, считает она, неприукрашенное, строгое, почти научное исследование жизни пограничного Оренбурга[9]. Автор пользуется научным и деловым языком. Действительно, мы знаем мнение В.Г.Белинского, который писал: «Многие рассказы очень занимательны, легко читаются и незаметно обогащают вас такими знаниями, которые, вне этих рассказов, не всегда можно приобрести и побывавши там, где бывал Даль. Так, в рассказах «Майна», «Бикей и Мауляна» **знакомит он нас с нравами и бытом кайсаков…**» (выделено мной – О.О)[10]. Однако, с того момента, когда критиком было высказано это мнение, прошло почти два столетия. Многое переосмыслено. Повесть написана в Оренбурге на местном материале, но, кроме документальности, этой повести свойственны такие черты, как художественность, оригинальность, самобытность. Это было доказано исследователем М.И.Фетисовым в середине прошлого века[11]. В казахской жизни автор искал и находил тот поэтический материал, который помог ему создать, как верно замечает крупнейший современный далевед, доктор филологических наук Ю.П.Фесенко, «степную версию любви Ромео и Джульетты»[12]. Повесть «Бикей и Мауляна» исследователи сопоставляли с казахским эпосом «Козы-Корпеш и Баян-Сулу»[13]. Также, как в эпосе, в повести Даля действие происходит на фоне эпически масштабной картины жизни кочующих по азиатским степям казахских родов. Даль не художник, но его способ изображения пейзажа зауральной степи оригинален. Он пишет: ««…начните карандашом с одного конца и ведите

прямо до другого конца бумаги, а потом подпишите выше черты: небо, а ниже: земля, и я, не увидав художественного произведения вашего, скреплю: с подлинным верно…». Также, как и в народном эпосе, в повести Даля мы встречаемся с двумя влюбленными – Бикеем и Мауляной. Даля как писателя заботит не столько документальное воспроизведение событий, сколько характеры, поступки героев, их мысли и чувства. Главным героем повести является Бикей. Он получил в казахской среде звание батыра (богатыря), он резко выделяется среди других своих соплеменников своими душевными качествами. Незаурядный ум сочетается в герое со стремлением к правде, удивительным радушием и сознанием своего превосходства над окружающими людьми. В ссоре с отцом проявляется твердость его характера, стремление к правде. Бикей добился высокого положения в степи, его уважают и казахи, и казаки: «…Бикей, который так ли, иначе ли, но умел ладить с тогдашним атаманом и, по какой бы то ни было нужде, даром в Уральск не езжал, а каждый раз привозил какую-нибудь добрую весточку, - приобрел любовь и доверенность своего народа»(VII,263). Свое уважение к народу Бикей подтверждает деятельным участием в установлении связи с русскими, захваченными и проданными в рабство среднеазиатским ханствам, в содействии освобождению пленников из неволи. Оренбургский военный губернатор даже награждает Бикея премией за доставку письма от русских невольников из Хивы. Рискуя жизнью, Бикей совершает смелые поездки в далекие края, но не из-за денежного вознаграждения. Герой, в соответствии с казахскими традициями, щедр и гостеприимен, готов прийти на помощь слабому. Даль наделяет своего героя богатырской силой, прекрасной внешностью, благородным сердцем, для того чтобы он соответствовал народному идеалу. Под стать ему и его избранница – девушка –казашка Мауляна. Полная неотразимого очарования, она производит на читателя впечатление красивого степного цветка: «…рослая и статная молодица, красавица и умница на все аулы, лицом

приветливее, а умом смышленее, душой милее всех подруг своих…». Даль с восторгом говорит, что совершенным чертам лица Мауляны могли бы позавидовать московские и питерские красавицы. Главное, что привлекает в ней писателя, это – «душа страстная, пылкая, необузданная, неразгаданная, а все-таки душа», «она мыслила, чувствовала, тешилась и страдала, противоборствовала и отдавалась…» (VII,298). Несмотря на традиционные для казахских обычаев договоры между семьями о женитьбе детей, Бикей встречает Мауляну и влюбляется в нее во время народных празднеств. Догоняет в игре кыз-куу Мауляну только Бикей. Для того, чтобы быть с любимой, Бикей, как народный эпический герой, преодолевает разные препятствия: спор с отцом, ненависть и подлость братьев, старые обычаи, безденежье, уплату калыма, ухаживание. «Мауляна была рождена для Бикея: ей всё нравилось в муже. (…). она умела ценить Бикея, истинно гордилась мужем необыкновенным» (VII,296), а «…он гордился ею, охотно хвастался, похвалялся и показывал её кунакам своим, как вещь редкую, диковинную и дорогую…» (VII,302). Братья, пользуясь гневом отца, подло убивают Бикея. Но Даль, если бы был только документалистом, не придал бы своему повествованию столь мощного драматизма. Он дает имя убийце Джан-Кучюк – Душа – Собака, собачья душа. Братья и отец зовут казахского шамана, чтобы у него спросить совета, как наказать гордого, непокорного Бикея. Джан-Кучюк рассекает сзади голову Бикея чеканом. Назначенная комиссия проводит расследование, но результатов оно не дает. Убийцы уходят от ответа, да и Мауляну ждет незавидная участь: быть женой убийцы. Она скачет по степи почти триста верст, чтобы поговорить с оренбургским губернатором. «Смело и величественно» вступает героиня в разговор, просит дозволения убить убийцу. Ее судьба ужасна: брошенная всеми на произвол судьбы, Мауляна умирает от оспы летом 1832 года. Далем созданы героические и прекрасные образы. «Достоверное научное изучение незнакомой культуры», все-таки, не являлось основной целью

писателя. Тем более, что существуют, как доказали исследователи, расхождение событий в повести с реальными событиями, это было вызвано художественными замыслами писателя (исследователь, к.ф.н. Умарова Г.С[14]). Даль сумел совместить национальное и общечеловеческое, сумел использовать хорошо знакомый ему фольклор для создания художественных произведений в восточной традиции.

Список использованных источников

1. Мельников-Печерский А. В.И.Даль // Даль В.И. Полное собрание сочинений: В 10 т. СПб., 1897. Т.I.
2. Даль В.И. // Оренбургский губернатор В.А.Перовский. Оренбург, 1999. С.138.
3. Даль Е.В. В.И.Даль (По воспоминаниям его дочери) // Русский вестник. 1879. № 7.С. 71-112.
4. Громбах С.М. Пушкин и медицина его времени. М., 1989. С.64.
5. Фетисов М.И. Первые русские повести на казахские темы. Алма-Ата, 1950. С.88-93; Чванов М.А. «Пришлите справедливого Даля!...» // Даль В.И. Бикей и Мауляна. Челябинск, 1985. С.372.
6. Модестов Н.Н. Владимир Иванович Даль в Оренбурге. С.62; См. так же: Оренбургский листок. 1896. №44.
7. Фетисов М.И. Литературные связи России и Казахстана. М., 1956.
8. Версия сообщена мне преп., к.ф.н., доц. Шарабасовым С.Г.
9. Сербина Н.С. Жанр восточной повести в литературном творчестве В.И.Даля // Вестник Башкирского университета. 2007. Т.12. №4. С. 65.
10. Белинский В.Г. Повести, сказки и рассказы Казака Луганского // Белинский В.Г. Полн.собр.соч.: В 13т. Т.Х. С.79-83.
11. Фетисов М.И. Литературные связи России и Казахстана. М., 1956. Фетисов М.И. Русско - казахские отношения в первой половине XIX века. Алма-Ата, 1959.
12. Фесенко Ю.П. Даль В.И. Творческая эволюция. Диссертация на соискание степени доктора филологических наук. Луганск, 1997.
13. Опря О.В. Фольклорные традиции уральских казаков и казахов в творчестве Даля. Диссертация на соискание степени кандидата филологических наук. Самара, 2003.
14. Умарова Г.С. Мир казахского этноса в документальной и художественной прозе В.И.Даля. Диссертация на соискание степени кандидата филологических наук. Саратов, 2007.
15. Тексты цитируются по: Даль В.И. Полное собрание сочинений: В 10 т. СПб., 1897.

* * *

Мақалада В.И. Даль шығармасындағы шығыс елдерінің повестері мен ертегілерінің жанрлары қарастырылған.

ӘОЖ 821.512

Г.А. Жұмабекова
Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының
«Қазақ әдебиеті» кафедрасының ізденушісі, Тараз қ.

ҚҰЛМАНБЕТ АҚЫН АЙТЫСТАРЫ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ АЙТЫСТЫҢ ТІЛДІК, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨРІСІ

Қазақта өлең сөздің небір қас шебері болған. Соның айтулы бір тұлғасы – Құлманбет.

Жыр даңғылы Жамбылдың ақындық айналасы жайлы айқын зерттеуінде Мырзатай Жолдасбеков Құлманбет ақынға да айрықша тоқталып отырады. Жамбыл өлеңдегі өз пірлерінің қатарында Құлманбетті де айтып, атап отырған. Жетісудың жыр мектебі жайлы ой қорытарында М.Жолдасбеков айқын бір шығармашылық бағыттың даму жөндеріне қатысты түбегейлі ой айтқан М.Әуезов түйінінен бастап кетеді:

«Қысқасы Жамбыл Жетісудың төрінде, жырдың тұнып тұрған, дәуірлеп тұрған шағында туған» «.....»

Асылы, көреген М.Әуезов: «Жамбылдың өз айналасына келгенде қоюланған қалың үйір, үлкен шоғыр, ордалы өлеңді көруге болады», дегенде де, яки, «Қазақ халқында ерекше дамыған айтыс өнері XIX ғасырдан бергі жерде басқа өңірлерде бірте-бірте саябырсып, Жетісу, Оңтүстік, Сыр өлкесінде шоғырлана бастаған», дегенде де, жоғарыда айтылған өнер иелері мен сол кездегі шындықты мықтап ескеріп айтқан болу керек» (1, 144 б.).

М.Жолдасбеков осы зерттеуде Құлманбеттің шығармашылық мұрасын ғылыми негізге тартып, көркемдік мәнін тарата ой қозғайды. Майкөтпен, Жамбылмен айтысқа түскен, ақындығы асқан Құлманбет (1826-1903) творчествосы да әлі жиналмай, зерттелмей келеді. Жамбылды зерттеген ғалымдардың қай-қайсысы да Құлманбеттің ақындығын жоғары бағалайды. Бақтыбаймен дидарласқанда Жамбыл:

Қаздай қалқып ерінбей,
Өлең тердім жасымнан,
Майкөт ақын, Құлманбет,
Орын берді қасынан.
Майлықожа, Құлыншақ,
Пірім еді бас ұрған.
Айтқандары нұсқа еді,
Жаралған сөзі асылдан,-

деп, өзін Майкөт пен Құлманбетке жуық санайды, солардың қатарында ұстайды. Жамбылдың бұлай айтуы заңды еді. Өйткені, Майкөт пен Құлманбетті қазақ, қырғыз халықтары тегіс білген, олардың ақындық шеберлігін қастерлеген.

Біз бұл жерде жұрттың біразы жатқа білетін Құлманбеттің Майкөтпен, Жамбылмен айтыстарына тоқталғалы отырғанымыз жоқ, айтпағымыз: Жамбылдың ақын болып танылуында Құлманбеттің орны ерекше екендігі.

Ақын айтыста ғана танылады. Ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген Құлан аян (Құлан аяқ емес – Құлан аян – албанның бір тармағы, Құлманбет шыққан рудың аты – М.Жолдасбеков) Құлманбетпен үлкен сынға түсіп, бағын сынауы, сөйтіп, жұрттың көз алдында ұлы майданда жеңіп шығуы – Жамбыл ақындығының тұсауы кесіліп, жолы ашылып, бағының жанғаны еді. Құлманбет әр тұста Түбек, Жамақ, Сүйінбай, Бақтыбай тәрізді ірі ақындармен айтысқа түскен, Сүйінбайдан, Майкөттен, Жамбылдан ғана жеңілген. Сондай даңқты ақынды жеңгеннен кейін ғана Жамбылдың атағы жер жарады (1, 166 б.). М.Жолдасбеков Құлманбеттің эпик ақын екендігін, ірі айтыс ақынының қазақ, қырғыз эпосын, шығыс дастандарын көп айтқанын, оның мұрасын жинап, зерттеудің қажеттілігін қадап айтады.

Құлманбеттің айтыс өнеріндегі шығармашылық өрісінің бір қыры – Құлманбет айтыстарының тіл кестесі. «*XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі*» атты зерттеу еңбегінде ғалым Құлмат Өміралиев поэтикалық тіл және оны зерттеу мәселелерін, қазақ поэзиясы тілін зерттеудің жалпы мәселелерін нақтылы мәнде қозғап, қарастырады. Осында автор мәселенің қазақ әдеби тілін зерттеумен сабақтастықта ғылыми негізделуінің басты бағыттарын (еңбек жазылған уақыттағы – Г.Жұмабекова) атап көрсетіп, ендігі зерттеулер өзегі нені міндеттейді деген түбегейлі қойылымдарға бет бұрған. Абай поэзиясының жаңа сипатты жазба поэзияның, қазақ әдебиетінің тілдік өлшемі мәніндегі тарихи орнын,

қазақ филологиясында қазақ әдеби тіліне қатысты мәселе қою Абай шығармаларына бағытталғанын айта келіп, бұрын-соңғы қазақ әдеби тіліне қатысты айтылған пікірлердің құндылығын жинақтай көрсетіп, алдағы міндеттердің ғылыми жүйесін қисындайды. Осы еңбекте поэзия тілі, дара шығармашылық тұлғаның тіл қолданыс тәсілдері, тілдік қоры (лексикасы – Г.Жұмабекова), өлең тілінің құрылым заңдылықтары, жасалу негіздері туралы нақтылы, принципті, жанр табиғатымен, стильдік өрнек-өріспен ұштасып жатқан қадау-қадау ұстанымдары бар.

Қазақ әдеби тілін зерттеудің айтулы білімгерлері Қ.Жұбанов, Қ. Жұмалиев, Р. Сыздықова, З. Ахметовтың ғылыми негіздемелері, сонымен қоса, Құлмат Өміралиевтің осы бағыттағы зерттеулері – поэзия тілін тамсанып қабылдау емес, тілдік, поэтикалық, көркемдік заңдылықтар негізінде айқындаудың айғақ бағыттары.

Қазақ филология ғылымында поэзия тілі туралы зерттеулерден Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, Р. Сыздықова еңбектерін айрықша бөліп айту керек дей келіп, Қ. Өміралиев мәселені төтесінен қояды.

«Бірақ бұл үш автор еңбегінде өздерінің зерттеуге алған объектісі жағынан үш түрлі: егер Қ. Жұмалиев өз зерттеуін Абай тілінің (1) лексикасын, (2) троптарын талдауға құрса, Р.Сыздықова бірінші еңбегінде Абай тілінің (1) лексикасын, (2) қара сөздеріне қатысты морфологиялық формаларын, ал екінші еңбекте синтаксистік құрылысын талдаған. З. Ахметов қазақ поэзиясын (1) өлең түрі, (2) ырғақ-екпін, (3) ұйқас, (4) буын т.б. жағынан талдаған.

Шын мәнінде бұл монографиялар дара-дара зерттеу объектісіне алынған мәселелер белгілі дәрежеде басы қосылып тұтастай алынып, оның сыртында стиль, жанр дегендерді қамти, қоса бірлікте алып зерттемейінше, поэзия тілі өзінің толық болмыс-тұрпатымен дараланып көрінген емес. Әсіресе бұл поэзия тілін тарихи даму тұрғысынан алып қараған кезде барынша анық сезілген (2,5 б.).

Құлан аян Құлманбет – ірі айтыс ақыны. Оның өлең тілін осы айтыс жанрының тілдік, стильдік ерекшеліктерімен сабақтастыра қарау – ақындық өнердің поэтикалық болмысына бойлауға қарай тарта түспек. Осы тұста поэзия

тілінің табиғатын танудағы ескерілуі тиіс тілдік-грамматикалық шарттар туралы Қ. Өміралиевтің тек қана бірыңғай көсемшелі не есімшелі тізбекті сөйлем – проза тілі үшін норма емес, ал поэзия үшін норма, поэзияның сөйлеу тілі мен проза тілінің нормасын бұзу арқылы тапқан өзіндік өлшемі дей отырып, Я. Мухаржовскийден келтірген мына бір тоқтамы назарда болса, құба-құп. «Деформация литературной нормы касается, однако, самой сущности поэтического языка и поэтому было бы неверным требовать от поэтического языка его подчинения литературной норме».

Осы мәселеге тағы да нақты, жақындау түсіретін ой: «Ырғақпен, ұйқаспен астасып жатқан синтаксистік-морфологиялық норманы қарастырмаған жерде белгілі бір дәуірдің поэзиясы, тілі туралы түбегейлі сөз айту мүмкін емес. Айталық Абай:

Бір күлгізіп, сүйгізіп, Өмір тонын кигізіп,
Ескі өмірді тіргізер. Жоқты бар қып жүргізер,-

деген жолдарында әдетте «тірілтпей» түрінде келетін сөзді өзге жолдардағы «жүргіз», «негіз», «сүйгіз» сөздерінің әуенімен «тіргіз» түрінде алуы ұйқасқа бағындыру. Яғни бұл – ұйқас тапқан «бұзу», ұйқастық норма табу» (2, 8 бет).

Құлманбеттің Түбек ақынмен, Майкөтпен, Жамбылмен айтыстарын тілдік алымда қарастыру негізінде ақын өлеңіндегі жанрлық сипат, әдеби дәстүр, дара стиль мәні айқындала түспек.

Түбек пен Құлманбет айтысында әуелі Тезек төре мен Құлманбет сөз қағыстырады. Тезек төре Құлманбетке дем бере сөйлейді. Түбекті «үш жүзден асқан көлдей ақын», озған ақын келеді деп, өз ақындарын қайрай сөйлеп басталған айтыс Түбектің келе – сала өлеңдете жөнелуімен жалғасады. Айтыста Құлманбет төрт мәрте жауаптасқан. Үш толғам Түбекке қарата айтылады. Осында Құлманбет өзіне баға бере сөйлейді. «Таң қалған қазақ ұлы өнеріме» деген тіркес осал ақынның аузынан шықпаса керек. Өзін үйсіннің бір жүйрігі санайтынын айтуы да – айтыс жанрының шартымен келген сөз түлету дәстүрі. Ақын тіліндегі «өлеңге қоқсы қону», «салғаным садағыма ақ қайың оқ, өтім қызып келгенде тоқтауым жоқ», «ашылар айта бере көңіл шері», - деген тіркестер де ағыл-тегіл айқын ақындықтың шамбаулы

мәртебесі. «Өктем-өктем сөйлейсің, шамаң келсе жібергің жерге қағып» деген қайтарма сөздің де ағынды судай жырды тоқтатар, тосылдырар қуаты айқын.

Бұл айтыста Тезек төре атымен айтылған түйдектердің де суырылып сөйлеп алға тартқандай. Ақындықтың күшін көтере, танып сөйлеуі де айқын.

Тезекті шалқып жатқан көлдейсіңдер,
Ордаға өкпелесең келмейсіңдер.
Бұ Тезек – тұғыр ағаш, сіздер – тұйғын,
Көргенде, жабысқанда жем жейсіңдер.
Үш жүзден асқан Түбек келед дейді,
Көргенде ақындарым, не дейсіңдер?

Айтыста ру абыройын қабаттастыра, қағыстыра сөйлеу мазмұны айқын.

Айтыста тұрақты эпитет түрлерінен көк мұз, қара нан, ақ боз ат, ақ дидар, алтын бас, ала қарға, кер марал, шалқар көл, терең өр, кең кеуде, т.б. дәстүрлі қолданыстармен бірге кезеп төре, ұрлық ет, екпе ағаш, асан таңба, түлкі мінез, шемен шал сияқты өзіндік эпитет түрлері бар.

Айтыс тілінде Түбек Тезек төрені үш алаш кеңес қылған кең алаңға теңейді. Аспандағы қол жетпейтін жұлдызға теңейді. Осы айтыста шендестірудің үздік бір үлгісі де бар. Біресе ол шыр айналған түлкі мінез, бірде оза соғып олжа алған кер марал, бірде елден жылқы қоймаған кезеп. Бірде Тезек төре көлде жүзген балапандай кең кеуде жомарт.

Айтыста тұспал сөз, ауыспа сөздің де өзіндік үлгілері бар. «Өлеңге қоңсы қону», дегендей ұшқыр фразиологизмде Құлманбет ақындығының тіл айшығы осындаймын деп көре ұрады. Майкөт пен Құлманбеттің айтысында да суырылған сұлу тіркестер аз емес. Осында Құлманбеттің қарсы ақынның сырт тұлға, іш құбылысын көрсете, сурет сала сөйлеу шеберлігі де байқалады.

Майкөт-ау, үйге кірші, тыста тұрма,
Жан-жаққа жалтаңдамай, келші мұнда.
Құлманбет Құлан ақын ағаң келді,
Ағаңнан өлең үйрен, кеңес тыңда!

Құлманбет сыртта тұрған біреуді әдейі Майкөт деп өлеңдеткен. Майкөт қымбат ішік киіп іште отырған. Құлманбеттің жорта сөйлеп, танымағансып тиіскеніне

Майкөт шамданады. Осы айтыстың тілінде шымши сөйлеу, мысқылдап сөзден тосудың нақышы басым.

Сен бе едің, Майкөт ақын даусы биік?
Айтып ем танымастан жота тиіп.
Біреуі болыстардың екен деп ем,
Жүз сомдық отырғанға ішік киіп.

Айтыста екі жақ ру арасын таластыра жарыстырып сөйлейді. Байлық пен барлықтың түбі қозғалады. Осы айтыста сол заманның әлеуметтік шындығы, тұрмыс күйі, шаруа баққан елдің күнкөріс, қоңыр төбел тұрмысы мейлінше ашылып айтылған. Ары-бергіні қажап, Албан мен Дулаттың, Ыстының жақсысы мен жайсаңын алға тарта айтысқан екі ақынның сөз жарысы Құлманбеттің ұзақ толғауымен ұласып барып, қайта жалғасқан. Егін салған елдің күйін, табиғатқа тәуелді диқаншының тұрмысын Құлманбет кеміте, әжуалап сөйлейді. Ақын өлеңді ақпа-төкпе тілмен, шешен сөзбен төгеді. Осы тұста айтыстың дәстүрлі түрі айтыс үлгісінде сөз қағысып отырған ақындар сүре айтысқа көшеді. Мұның өзі айтыстағы монолог түрінде келген жаңа бір үлгі болып көрінеді. Айтыстың жанрлық шарттарына сай келіңкіремейтін толғау өлең түрінде өрбумен ұштасқан жаңа бір түрі десе де болғандай:

Мақта, Майкөт, жеріңді, Мейірімсіз өскен еріңді.
Басайын сенің деміңді, Жеріңнің жайын айтайын,
Сонша неге мақтайсың, Күн төбеге келгенде,
Қара пұлға жуық боп, Ыстыққа миың қайнаған.
Қарындасқа суық боп, Сонша неге мақтайсың
Бейтәртіп өскен еліңді.

Құлманбет Майкөтке ұйықтап жатқан кісің көп, боза ішіп бозарған бозбалаң ол, торғаймен алысып егін еккен болған берекесіз тірлік деп, бетіне басады. Осы толғау-арнауда Қаратаудың бауырындағы елдің базар жағалаған тірлігі де ақынға ұнамсыз көрінеді. Тіршілік үшін тыным таппай, жан рахатын көрмей жүдеу күйде күн кешкен халық тұрмысын қарсыласының бетіне басуда үдете сөйлеп кетеді. Майкөт те төкпе шешен. Қаратаудың қадірі асқан қасиетін, мұсылманшылықтың ұйтқысы болған үлкен жолын суылдаған жырымен сыр ғып шертеді.

Сонша неге сөгесің, Сексен сегіз сәруар.
Қаратау деген жерімді, Әулиелер жай қылған,
Тоқсан тоғыз мамайық. Қаратау деген жерімді…. (3)

Айтыста Құлманбеттің де, Майкөттің де ел жайын, арғы тарих, бүгінгі уақыт бағытын кең шола сөйлеген сұңғылалығы айқын. Айтыс бірде он бір буынды өлең, енді бірде жеті-сегіз буынды жыр үлгісінде келген. Бұл айтыстың өзіндік сюжеті бар. Бұл, сюжеттілік деген, дәстүрлі айтыстың бір қыры есебінде қарастырылып, танылуы керек сияқты. Мұндай айтыстарда айтыс бірден қара үзіп шыққан суырыпсалмалықпен сөз жарыстыра жөнелуден бөлек бір құрылым, оқиға желісі болады. Мұхтар Әуезовтің айтыстарды драмматургия жанрына жақындата сөйлеуінің де бір ұшығы осындай айтыстарға қарата айтудан туған сияқты. Алқалы бір жиын тойға қымбат шапан киіп келген Майкөтті Құлманбет әдейі танымағансып, бөтенге қарата сөйлеп, тиісе киліккен бұл айтыс Құлманбет пен Майкөттің қырғыз дастанына барып жүгінуімен, Бәйтіктің билік сөз айтуымен аяқталады. Айтыста мақтау мен даттаудың өмір шындығымен астасып жатқан үздік үлгілері бар. Ақындық буған ел ұлдарының өр мінезі, өзіндік болмысы бар.

.... Міне, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ауызша үлгідегі қазақ поэзиясының мазмұн мен түрдегі қысқаша сипаты осы құралыптас» (5,76 б.). Біздіңше, XIX ғасырдағы айтыс өлеңді құрылымдық, тілдік, жасалу тәсілдеріндегі дәстүрлі негіз бен жаңа шарттар бағамында және бір ғылыми негіздеуге тарту – қазақ поэзиясындағы жанрлық, түрлік, көркемдік бағыттарды айқындай түсуге бастайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы, 1986. – 328 б.
2. Өміралиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы, 1976.- 270 б.
3. Айтыс. 1. т - Алматы, 1965. – 53 б.
4. Жармұхамедов М.Айтыстың даму жолдары. – Алматы, 1976. – 168 б.
5. Өміралиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. – Алматы, 1983.-240 б.

* * *

В статье на основе произведений Кулманбет акына рассматриваются некоторые вопросы жанровых трансформаций традиционного песенного стиха – айтыс в XIX веке.

* * *

In clause on the basis of products Kylmanbet akin some questions of genre transformations traditional песенного a verse - aitis in XIX a century are considered.

ТАРИХ

ИСТОРИЯ

ӘОЖ 947.1(09)

Т.З. Рысбеков
Тарих ғылымдарының докторы, профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ, Орал қ.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ МӘСЕЛЕСІ

XX ғ. аяғы – дүние жүзі тарихында зор саяси оқиға кезеңі болып табылатындығы баршаға аян. Кеңестер Одағы болып табылатын аса қуатты державаның қабырғасы сөгіліп, бұрынғы одақтас республикалар өз тәуелсіздіктерін қолдарына алды. Сондай елдердің қатарында біздің де елдің болғаны мәлім.

Әрине, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары түрлі қайшылықтар мен қиыншылықтарға толы болғандығы да жасырын емес. Дегенмен, халық қап түбін қаққан қаттыққа мойымай күнделікті күйбең, тіршілік қамы аясынан шығып, сана төңкерісін де бастан кешірді. Тәуелсіздіктің дәмін сезінді, мәнін ұқты.

Ел болып, өзгелермен дәрежеміздің тең болуын айтқанда өткенімізге көз жүгіртпесек ол айып, тарих алдында қиянат. XXI ғ. басындағы тәуелсіздік XX ғ. басында алаш ұлдарының азат қазақ ұлттық мемлекетін құру жолындағы талпынысының, толқынысының жемістері екендігіне ешкім шүбә келтірмес. Сол себепті, алаш қайраткерлерінің өткен ғасыр басында ұлттық мемлекет құру әрекеттері барысына тағы бір тоқталып өту артық болмас деп ойлаймыз. Себебі, француз тарихшысы Ж.Мишле айтқандай «бүгінгі күнді құрмет тұтып, сонымен өмір сүру, ... сол бүгінгіні бағалай

алмағандық, бүгінгі шындықты оның түп-төркіні арқылы ғана терең түсінуге болады».

Жалпы Алаш қайраткерлерінің іс-әрекеті, қызметі немесе бір сөзбен айтқанда Алаш қозғалысының тарихы жөнінде Кеңес үкіметі кезінде бір жақты тұжырым үстемдік алып келді. Партиялық, таптық идеология әсерімен шыққан тегі, әулеті, дәулетіне қарай жеке бастары, ұлттық мемлекет құру талпынысына қарай іс-қимылдары «байшыл», «рушыл», «ұлтшыл», «феодалшыл», «буржуазияшыл» болып қараланды. Сөйтіп, халқын ұлт есебінде ұйытар ұлттық мемлекет құру әрекетімен алғыс алар аяулы азаматтар қытымыр саясат өктемдігімен қарғыс алып жатты.

Ғасырлар бойы келе жатқан азаттық күрес XX ғ. бас кезінде жаңа формаға ие болды. Бұл кезең тарих сахнасына қазақ интеллигенциясының шыға бастағанымен ерекшеленеді. Интеллигенция өкілдері халықтың қолға қару алып көтерілуінен гөрі олардың осы іске жан-жақты дайындалуына, яғни саяси саналығының шыңдалуына көп көңіл бөлді. Сөйтіп, жергілікті дәрежедегі стихиялық толқуларды ел азаттығы, тәуелсіз мемлекет үшін бірыңғай саналы күрес арнасына бұруға күш салды.

Жалпы, қазан төңкерісіне дейін 100 аса қазақ түрлі жоғары оқу орындарын аяқтаған. Жастар дүниедегі өзгерістерді, патшалық Ресейдегі дағдарыс, қайшылықтарды сезінді, үкіметтің қазақ халқына істеп отырған зорлық-зомбылықтарын көрді. Ресейдің орталық қалаларында, сондай-ақ жергілікті жердегі қалаларда оқитын жастар өз үйірмелерін құрды, үкімет саясатын әшкерелейтін пікірлер айтып, қазақ еліне саяси теңдік, автономия берілуі жөнінде мәселелер көтереді.

Ұлттық интеллигенцияның саяси күш ретіндегі белсенді қоғамдық қызметі 1905 жылдан басталады. Бұл заңды процесс. Ресейдегі революциялық дүмпулер шет аймақтарға өз әсерін тигізе білді. М.Дулатов 1913 жылы «Қазақ» газетіне «1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да бас пайдасын қолға ала бастады...» деп жазғаны осы тұжырымды растайды.

Революциялық қозғалыстардың халық толқуының өршуіне септігін тигізетінін сезіп, оның алдын алу немесе

оны бәсеңдету үшін патша үкіметі 1905 жылдың 18-ақпанында жарлық шығарады. Бұл жарлық бойынша халық арасынан сайланған өкілдердің заң жобаларды дайындауға және талқылауға қатысуына рұқсат берілді. Сондай-ақ, енді жеке адамдар, топтар өз мұң-мұқтаждарын жазып орталыққа жібере алатын болды. Сөйтіп, саяси күрестің бір түрі – жоғары жаққа арыз-тілек (петиция) жазу кеңінен етек ала бастады. Мысалы, Орал және Торғай облысы қазақтары жазған арыз – тілекке 44, Жетісу облысы Лепсі уезінің қазақтары дайындаған арыз-тілекке 1000, ал Қоянды жәрмеңкесінде жазылған Қарқаралы арыз-тілегіне 14500 адам қол қойған. Бұл құжаттар мазмұнының жергілікті тұрғындардың мұң-мұқтажын шешу талабында жатқандығына қарамастан, оның негізгі түйіні саяси-әлеуметтік салмағында еді. Қарқаралы арыз-тілегінің тарихи орынын тарихшы-ғалым М.Қойгелдиев «Құжат авторларының сапалы жаңа даму сатысына аяқ басқан қазақ азаттық қозғалысының ең негізгі талап-тілектерін тұңғыш рет тұжырымдап, қалыпқа салып, патшалық билік алдына қойып сол арқылы қазақ елінің өз еркіндігі үшін күрес жолына түскендігін ашық, анық білдіруінде еді», - деп тұжырымдайды.

Елдегі саяси өзгерістерге кеңінен араласу, Думаға депутаттар сайлау науқаны, жалпы, халық арасында қоғамдық дамудың тыныс-тіршілігін терең түсіндіру мәселелері ұлттық интеллигенцияға саяси партия құру әрекеттеріне итермеледі. 1905 жылдың соңына таман Орал қаласында өткен съезде Қазақ конституциялық-демократтық партиясын құру жайында шешім қабылданады. Партия бағдарламасында сол жылғы түрлі облыстарда жазылған арыз-тілектердегі талаптар айтылады. Дегенмен, ол кездегі қазақ қоғамының әлі де болса саяси жағынан буыны қатпай жатқандығына байланысты аталмыш партия халықты үйіре білетін партия қатарына көтеріле алмады.

Қазақ интеллигенциясы өкілдерінің патшалық Ресейдің озбырлық саясатына қарсы әрекеттері үкімет тарапынан қатаң бақылауға алынды, қудалауға ұшырады. Ә.Бөкейханов,

А.Байтұрсынов, Ж.Ақпаев, М.Дулатов сияқты т.б. қайраткерлер абақтыға отырғызылды немесе жер аударылды.

1910 жылдан кейін азаттық күрес жаңа түрге ауысты. Қазақ оқығандары 1913 жылы саяси күрестің жаңа құралы – «Қазақ» газетін шығаруды қолға алды. Одан екі жыл бұрын «Айқап» журналы шыға бастағаны белгілі. Бұл басылымдар, әсіресе, «Қазақ» газеті халықты саяси жағынан одан әрі шыңдауда үлкен рөл атқарды.

Қазақ халқы үшін 1917 жылғы ақпан төңкерісінің зор тарихи мәні болды. Халық ғасырлар бойы аңсаған басты арманы – патша үкіметінің отарлық езгісінен құтылды. Қазақ зиялылары алғашқы күндерден-ақ уақытша үкіметке жан-жақты қолдау көрсетті, халықты осыған шақырады, үкімет орындарына қызметке кіреді. Бір айта кететін жай, қазақ зиялыларының осы әрекеттері, кейін кеңестік кезеңде бұрынғы заман билігін көксеу, үстем тап мүддесін қорғау, т.б. сияқты пікірлермен тұжырымдалды. Әрине, бұл жаңсақ пікір. Таптық идеология әсерімен түсінбегендіктің не әдейі түсінбегендіктің белгісі. Ол тұжырымдар сол кездегі қазақ қоғамының даму ерекшелігін білмеу, білсе де мойындамау негізінен туындаған еді. Бұл мәселеге анық қанығу үшін А.Байтұрсыновтың пікірін келтіріп кеткен дұрыс. Мұнда алаш өкілдерінің қазан төңкерісіне де көзқарасы айқын көрсетілген. А.Байтұрсынов өзінің «Революция және қырғыздар» мақаласында «Қазақтарға ақпан революциясы қаншалықты түсінікті болса, қазан (әлеуметтік) революциясы соншалықты түсініксіз көрінді. Олар алғашқы революцияны қандай қуанышпен қарсы алса, тура сондай үреймен екіншісін қарсы алуға мәжбүр болды... Алғашқы революцияны қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алса ол, біріншіден, бұл революцияның оларды патша үкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруында, екіншіден, олардың өзімізді өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсуінде еді.... Ал екінші революцияның қазақтар үшін түсініксіз болуы айтпаса да түсінікті, қазақтарда таптық жіктелісті көрсететін капитализм жоқ», – деп түйіндейді.

1917 жылдың наурыз айының бас кездерінде құлаған ескі үкіметтің орнына жаңа үкіметтік басқару орындары

құрыла бастады. Ол негізінен Азаматтық комитеттер есебінде пайда болды. Дегенмен, осы бір аласапыран кезеңде ұлттық мүддені қорғайтын мемлекеттік мекеме қажет болды. Сол себепті, аталған комитеттермен бір мезгілде Қазақ Азаматтық комитеттері қалыптаса бастады. 1917 жылы 10 наурызда Орал қаласында облыстық қазақ комитеті құрылады. 11 наурызда мұндай комитеттер Семейде және Омбыда, айдың соңына қарай Алматыда жұмыс істей бастайды. Сөйтіп, қазақ өлкесінде ұлттық мемлекет құрудың алғашқы қадамдары жасалады.

Алаш өкілдерінің алдында кейінгі буын үшін аса қасиетті парызы болып саналатын зор тарихи істі жүзеге асыру міндеті тұрды. Ол қазақ қоғамы дамуының жаңа жолы, жаңа бағыты мәселесі еді. Бұл жөнінде Ә.Бөкейханов «Кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере жүретін алдымызда зор шарттар бар» десе, М.Дулатов «Кейінгі буынның ата-бабасы осы күнгі тірі жүрген біздер. Біз келешекті ойламасақ, кейінгі нәсіліміз бізді қарғамай ма,... тарих алдында біз жауапкер емеспіз бе?! ... Сондықтан осындайда әр ел өз дегеніне жетіп, өз билігін өзі алып қалмаса, ертең әркім буынын бекітіп, күшін жинап алған соң... қолдан теңдік бермейді», – деп толғайды. Бұл пікір нағыз көргендіктің белгісі еді. Буыны қатайып, күш жинап алған большевиктер партиясы, Кеңес үкіметі ұлттардың өзін-өзі билеу, жеке отау құру қағидаларын көкке ұшырғаны аян. Міне, осы жағдайларға байланысты 1917 жылы ұлттық партия, ұлттық автономия құруды мақсат еткен I, II жалпықазақтық съездер өтті.

Ұлттық мемлекет құру, ұлттық автономияны жариялау мәселесі алаш қайраткерлерін сан толғанысқа түсірді. Себебі, көп ұлтты өлкеде бірыңғай қазақ автономиясын құру мұжықпен аралас қазақтардың бөлініп қалуына, ал ол қазақтарды бір ту астына жинау оларды, біріншіден, ата-мекенінен айыруға, екіншіден, кезінде патша үкіметі кесірінен келімсектерге кесілген шұрайлы да шүйгін жерлерден ықтиярлы түрде бас тартуға әкеліп соқтырар еді. Сол себепті, ұлттық-территориялық автономия жариялау мақұлданды. Кеңестік тарихнамада бұл съездер

«бай-феодалдар», «үстем тап өкілдері» съезі, бағдарлама мазмұны, шешімдер «ұлтшылдық» бағытта деп қаралнып келгендігі мәлім. Алайда, деректік көздер бұл пікірлердің бұрыс екендігін айғақтайды. Мысалы, бағдарламада Ресейдің демократиялық федеративтік республика болуы, оның құрамына кіретін әр мемлекеттің егемендік құқы болуы, ортақ мүдделерде ынтымағы бір болуы жөнінде айтылады және қазақ елі Ресей Федерациясының бір мүшесі болып, бірге болып, қажет жағдайда өз алдына жеке бөлінуі мүмкіндігі көрсетіледі, құрылған Ұлт Кеңесіндегі 25 орынның 10-ы басқа ұлт өкілдеріне беріледі.

Елдегі бейберекетсіздік, уақытша үкіметке деген сенімнің кетуі, қазан айындағы таптық принципті басшылыққа алған большевиктер жеңісі, олардың кеңестік үлгідегі қазақ автономиясын құру жоспарлары тез арада қалың қазақ басын біріктіру қажеттілігіне алып келді. Алаш қайраткерлері Кеңес үкіметінің таптық бағытына қарсы, керісінше, ұлттық бірлік, ұлт тұтастығы туын көтерді. Ә.Бөкейханов «... бірліктен айырылсақ орыстарша қаңғып кетеміз. Көш бастаған ақсақал аға, зиялы іні.... жалпы жұртқа мұрындық бол», - дейді.

Қазақ ұлттық автономиясының құрылуы қарсаңында қараша айының 22 жұлдызында Ташкентте өткен III Түркістан өлкелік Кеңестер съезі өлкедегі билік ТХК Кеңесінің қолына өткендігін мәлімдейді. Дегенмен, бұл «халықтық үкімет» шын мәнінде отарлық езгіде болған халықтың сенімінен шықпады. Сол себепті, 26-28 қарашада Қоқан қаласында шақырылған IV төтенше мұсылмандар съезі РФКР-мен ынтымағы бір территориялық Түркістан (Қоқан) автономиясын жариялады. Саяси билік Құрылтайға дейін Түркістан Уақытша Кеңесі мен Түркістан Халық билігіне берілді. Егер III Түркістан съезінде құрылған үкімет құрамындағы 14 адамның ішінде бірде-бір жергілікті мұсылман өкілі болмаса, Қоқан автономиясының Уақытша Кеңесіндегі 54 орынның 18-і, яғни үштен бірі халықтың 7% құраған европалық тұрғындар үлесіне тиді. Алайда, ұлы державалық шовинистік рух халықтық үкімет қызметін қарулы күшпен тізгіндеді. Сөйтіп, 1917 жылғы ақпан

төңкерісі Түркістан өлкесіне қуаныштан гөрі жаңа қасірет әкелді. М.Шоқай бұл жайында кезінде «Біздің басымызға түскен жаңа қасіретті патшаның тақтан құлауы әкелген жоқ. Керісінше, қарғыс атқан патшалық тәртіп ... біздің жаңа қасіретке душар болуымызға жағдай әзірлеп берді.... Біз енді патшалық биліктің мұрагері орыс пролетариат диктатурасының тепкісіне түсіп қалдық ...» деп көрсеткен еді.

Кеңес үкіметінің бет алуына байланысты алаш қайраткерлері большевиктермен байланыс жасауға мәжбүр болды. Олар тікелей Мәскеуге барып, сондай-ақ телеграф арқылы Ленинмен, Сталинмен Алашорда мен Кеңес үкіметінің ара-қатынасы жайында келіссөздер жүргізді. Алаш өкілдері Орталықтың қысымымен кеңес үкіметін мойындағанымен, өздерінің де талап-тілектерін қоя білді. Онда қазақ жерлерін Алаш автономиясының қол астына біріктіру, Алашордаға заң шығару және билік жүргізу тұтқасын беру, саяси-көзқарастары үшін қудалауды тоқтату, т.б. мәселелер болды. Алайда төңкеріс қарсаңындағы «Ұлттардың өзін-өзі билеу құқын», кейін «Еңбекшілердің өзін-өзі билеу құқына» алмастырған Орталықтың таптық принципі бірінші орынға қоюына байланысты Алаш үкіметі іс жүзінде мойындалмады.

Тәуелсіздік жолын іздеген алаш өкілдері ақ гвардияшылар үкіметімен де байланысқа түсті. Олардан қайыр болмағандықтан амалсыз күш алған Кеңестер жағына ойысты. Ақырында ұлттық автономия құрған Түркістан автономиясын қару күшімен жойған, Алашорда үкіметін заңмен таратқан Кеңес үкіметі өз дегеніне жетіп тынды. Халық кеңестік үлгідегі автономия құрамына кіріп, жаңа империяның қол астына түсті. Сөйтіп, ғасырлар бойы арман болған «тәуелсіз қазақ елі» мәселесінің шешілуі жетпіс жылдан астам уақытқа созылып кетті.

Дегенмен, Мағжан ақын айтқан ел тәуелсіздігі үшін «Қажымай алтын Айға қол сермеп, сол жолда мерт болған буын «Қуандым түнде жүріп күн шығар деп» Ахаң айтқандай күндердің күнінде озбырлықтың қара түнегі түріліп тәуелсіздік таңы ататынына сеніп кеткені анық.

УДК 9(57)

Аманжолова Д.А.
Доктор исторических наук, профессор,
г. Москва

ИЗ ИСТОРИИ СТАНОВЛЕНИЯ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ

Политическая и общекультурная самоидентификация казахов определялась рядом факторов внутриэтнического характера и объективными условиями развития казахского общества. Особенно активно этот процесс происходил в XX в. Именно в начале XX в. второе поколение казахской интеллигенции, под влиянием распространенного интереса к самоопределению национальностей, провозгласило историческое право казахской нации на свою территорию. В отличие от среднеазиатских джадидов, казахская интеллигенция не ограничивалась культурными требованиями, в ходе революционных потрясений в стране политизируя процесс нациестроительства[1].

Первые десятилетия XX в. были временем бурного роста самосознания казахского и других тюркских народов Российской империи, что выражалось в активизации общественно-политической жизни, культурном прогрессе, становлении национальных языков, развитии литературы и прессы, распространении новых идеологических концепций (пантюркизм, панисламизм, пантуранизм), реформистских движений (джадидизм) и т. д. Кристаллизация общественно-политических взглядов казахской интеллигенции, подготовке которой хотя бы в минимальной степени царизм был вынужден способствовать в интересах повышения эфективности правления краем, проходила под воздействием разнообразных факторов. Прежде всего, это традиционная культура казахского общества и социально-экономические изменения в нём, обусловившие постепенное возникновение элементов буржуазного уклада, ускорение процесса

этнической консолидации и роста народного самосознания. Русификаторская политика царизма по отношению к «инородцам», все большее ухудшение вследствие этого положения трудящихся, особенно в сфере землепользования, их бесправие, забитость и нищета, крайне низкий уровень просвещения, антинародный характер организации управления, консерватизм суда и т.д. вызывали растущее недовольство масс и нашли выражение в общественно-политической деятельности наиболее подготовленного к ней социального слоя.

исполнение и опротестовывались уездным начальником в областном суде.

Народный суд в случае непримирения сторон по делам о преступлениях и проступках мог налагать на виновных следующие наказания: денежные взыскания не свыше 300 руб., заключать под стражу на срок не свыше одного года и шести месяцев, мог ходатайствовать перед областным правлением о высылке подсудимого с места жительства. Народные судьи назначались по выбору населения на три года. Число народных судей и пределы их участков определялись областными правлениями с учетом, чтобы не приходилось больше одного судьи на волость, а у кочевников число судей в волости было не менее четырех и не более числа аулов в волости[30].

Народный суд составляли единоличные судьи, съезды судей и чрезвычайные съезды судей. Решения судьи о штрафе в 30 руб. и семи днях ареста признавались окончательными. Судьи имели право свидетельствовать акты и договоры между подведомственными их суду жителями, за исключением сделок о недвижимом имуществе. У оседлого населения время, место, число съездов народных судей и район их действия определялись губернатором. У кочевников съезды судей созывались в каждой волости из всех судей названных волостей. Съезды собирались по мере необходимости, в сроки, определявшиеся уездным начальником. Народный суд совершался гласно и публично.

Чрезвычайные суды созывались губернатором для решения дел между жителями уездов или волостей. Приведение в исполнение решений народного суда возлагалось на волостных управителей и сельских старшин под наблюдением уездного начальника[31].

Присоединение Казахстана к России имело важные последствия для общественно-экономической и культурной жизни всего региона. Шла частичная ломка старой системы управления, распространение в крае начал общеимперского управления с системой административных и судебных учреждений. Результатами этих перемен была ликвидация политической и экономической обособленности края, феодальных междоусобиц, барымты. Постепенно

капиталистическая экономика России втягивала восточные окраины в систему товарно-капиталистических отношений.

Список использованных источников

1. День, 1862, № 32.
2. ЦГА РК, ф. 44, оп. 1, д. 29146, л. 1–14 об.; Бекмаханова Н.Е. Царское правительство и институт султаната в Среднем жузе в XIX в. – Известия АН КазССР. Серия обществ., 1968, № 2.
3. ПСЗ-I, т. 38, № 29127, § 18, 36, 51, 52, 56–69.
4. Там же, § 16, 30–34, 54, 96, 104, 105.
5. Там же, § 15, 25–28, 109–115.
6. Материалы по истории политического строя Казахстана. Алма-Ата, 1960, т. 1, док. 76.
7. ПСЗ-I, т. 38, № 29126, 29127.
8. ЦГАРК, ф. 338, оп. 1, д. 407, л. 7.
9. Бекмаханова Н.Е. Законоположения царского правительства в 30–50-х годах XIX в. в Среднем казахском жузе. – История, Алма-Ата, 1970, вып. 1.
10. РГИА, ф. 1291, оп. 81, 1839 г., д. 167, л. 28.
11. ПСЗ-II, т. 13, № 11122, § 2, 3, 5, 8, 9–13, 15, 17, 19, 20.
12. РГИА, ф. 1291, оп. 81, 1838 г., д. 167, л. 28.
13. ПСЗ-II, т. 29, отд. 1, № 28284, § 1–6.
14. ПСЗ-II, т. 31, отд. № 31089; т. 30, отд. 1, № 29069.
15. Там же, т. 36, отд. 1, № 36816.
16. Там же, т. 11, отд. 1, № 43306.
17. РГИА, ф. 1291, оп. 82, 1891 г., д. 5, л. 122–143.
18. Там же, д. 6, л. 1–15.
19. Материалы по истории политического строя Казахстана, т. 1, д. 125; ПСЗ-III, т. 6, № 3814.
20. ПСЗ-III, т. 18, № 15493; Материалы по истории политического строя Казахстана, т. 1, д. 130.
21. Материалы по истории политического строя Казахстана, т. 1, д. 129.
22. Там же, д. 133–136.
23. Там же, д. 125; ПСЗ-III, т. 6, № 3814.
24. Свод законов Российской империи. СПб., 1876, т. 2, ч. 1. С. 415–462.
25. Материалы по истории политического строя Казахстана, т. 1, д. 125, § 10–72; ПСЗ-III, т. 6, № 3814.
26. Там же, § 73–107.
27. Общие учреждения губернии. СПб., 1876, ст. 2151–2160.
28. Материалы по истории политического строя Казахстана, т. 1, д. 125, § 108–116; ПСЗ-III, т. 6, № 3814.
29. Материалы по истории политического строя Казахстана, т. 1, д. 125, § 117–207; ПСЗ-III, т. 6, № 3814.
30. Там же.
31. Там же. § 208–254.

* * *

Мақалада XIX ғасырдағы қазақ билер сотының Ресей Империясы мемлекеттілігіне бейімделуі жөніндегі мәселе қарастырылған.

ӘОЖ 32

Б.Ғ. Шинтимирова
Тарих ғылымдарының докторы,
БҚГА профессоры, Орал қ.

ҚАЗАҚ САЯСИ ОЙЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ

Әрбір халық өз өткен кезеңінің рухани қазынасын игермей, өз ұлтының сана – сезімінің мөлдір қайнарынан сусындамай тұрып өзін толыққанды ұлт ретінде сезіне алмайды. Тәуелсіздік алғаннан бері, біз ұлттық қазынамызды қайта жинақтай бастадық. Бұл бағытта отандық саяси ақыл-ой тарихын, оның қалыптасуының негізгі кезеңдерін зерттеу ерекше орын алады.

Отандық саяси ой дамуында көшпенді өмір салты өшпес із қалдырды. Осы орайда тарихшы Л. Гумилевтің пікіріне назар аударсақ: «... Көшпенділер мәдениеті өзінің үшмыңжылдық тарихында өзіндік рухани дамуды басынан кешірді. Осы бағытта қазақтармен ұқсастыққа қырғыздар мен Аравия бедуиндері ғана ие, яғни көшпенді халықтарда ауызша тарихи баяндау мен әдемі сөйлеу өнері өте тамаша дамыған. ... Түрік мемлекетінің құрылуы бүкіл адамзат тарихында белгілі дәрежеде бетбұрыс кезең болды ... Түркілердің қоғамдық өмірі мен әлеуметтік институттарының күрделі түрлері: ел, меншіктің сатылық жүйесі, шендер иерархиясы, әскери тәртіп, елшілік дәстүрі, сондай-ақ көрші отырған елдердің идеологиялық жүйелеріне қарсы қоятын, мұқият әзірленген дүниетанымның болғандығы таң қалдырады...» [1].

Көшпенді өмір салтының рухани жаршылары мен сақтаушылары ақындар мен жыраулар мұрасы бізге даланың ауызша тарихы арқылы жетті. Өмір шындығын батыл жырлағандықтан, халық жырауларды «әділеттілік жаршылары» деп атаған. Олар дала өлкесінде хандар мен сұлтанның кеңесшілері, билік қасындағы халық өкілдері болды. Жыраулар мұрасы ұрпақтан ұрпаққа ауызша

берілгендіктен олар жырына әділетті өмір туралы өз ұғымдарын қосып отырды. Сол себепті де ХХ ғасырға дейінгі қазақ даласындағы саяси ақыл – ойы - әлеуметтік – утопиялық идеялар пайда болды.

Көшпенді қоғамның әлеуметтік – саяси ақыл – ойы бірқатар ерекшеліктерге ие. Ең алдымен бұл қайырымдылық пен ерлікке табыну. Бұл жайында кезінде Ш. Уәлиханов «дала ордасының тұрғыны - қазақ өзінің адамгершілік қасиеттері бойынша отырықшы түріктерден анағұрлым биік тұр», - деп жазды. Мұндай көзқарас Ұлы Жібек Жолымен жүріп өткен Марко Полодан бастап көптеген зерттеушілерде кездеседі.

Көшпелі қоғам әлеуметтік – саяси ойының тағы бір ерекшелігі, оның адамгершілік қағидасына толылығы. Бұл, сонау әл-Фараби бабамыздан бастау алған «Адам бол!» идеясы. Абай бұл қағиданы жаңа биіктікке көтерді және бұл үрдіс қазіргі қазақ ақыл – ойында да жалғасын табуда. Қазақ қоғамы ақыл – ойының осы бір қырын шетелдік зерттеушілер де көрсетті. Отандық зерттеуші М. Лаумулин шетелдіктердің қазақтар туралы баяндаған «Сырттан көзқарас» атты еңбегінде былай деп жазды, - «қазақ қоғамындағы құқықтық және әлеуметтік қатынастар адамгершілік идеясына негізделген».

Көшпенділер өз Отанын, жерін ерекше қадірлейтіндігін бізге жеткен аңыздардың көпшілігінде баяндалады. Ғұндар ханы Мөде халқына соғыс қасіретін әкелмес үшін жауларына қадірлі арғымағы мен сүйікті жарын беруге келісті. Бірақ, одан батпақты жерді сұрағанда Мөде хан қасиетті жер үшін қан төгуге бұйырған.

Осының өзі көшпелі қоғам әлеуметтік – саяси ақыл – ойының Отанды қадірлеу рухына толы болғандығын көрсетеді. Осы ерекшеліктер дала өлкесінде саяси тұрақтылықты қамтамасыз етіп те, мықты орталықтандырылған саяси билік болмаған жағдайда да дала өлкесі саяси тұрақсыздыққа ұшыраған жоқ.

Қазіргі Қазақстан Республикасының аумағын құрайтын алып даладағы әлеуметтік – саяси ақыл – ой өз дамуында бес кезеңнен өтті:

1. Философ – ғұламалардың қоғамдық – саяси көзқарастары. Олардың ілімдері грек және араб мәдениетінің қағидаларына негізделді. Ең көрнекті өкілдері Қорқыт ата, Әл-Фараби мен Ж. Баласағұн.

2. Сопылық ағым өкілдерінің қоғамдық – саяси көзқарастары. Қожа Ахмет Йасауи (1041 – 1116). С.Бақырғани және т.б. мұсылман дінін уағыздаушылар ойлары.

3. Жыраулар мен ақындардың қоғамдық – саяси көзқарастары. Олардың көзқарастары көшпелі ортаның өз ішінде қалыптасып дамыды. Ең көрнекті өкілдері Асан қайғы, М.Х.Дулати, Бұқар жырау, т.б.

4. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық – саяси көзқарастары орыс ағартушылары мен революционер – демократтар ықпалымен дамыды. Ағартушылық негізі білім, ғылым арқылы қоғамды жетілдіру, түзету, қоғамды құтқару деген қағидаға сүйенеді (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абай).

5. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғамдық – саяси көзқарастары (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Шоқай, Х.Досмұхамедов, Т.Рысқұлов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, С.Сейфуллин, т.б.).

Мұсылман мемлекеттерінде жалпы саяси ой VII – VIII ғасырларда дамудың жаңа сатысына көтерілді десе де болады. Мемлекеттің басшысы патша, сұлтандар елді діни жолмен басқаруды қолдай отырып, сол кезеңнің ойшылдары мұсылмандардың ең негізгі заңы- шариғат деп санаған.

Оғыз-қыпшақ тайпаларының ұлы ойшылы, батагөй абызы, дәулескер күйшісі, келер күнді болжайтын көріпкел данасы - Қорқыт (VIII-IX ғ.ғ.), оғыз бен қыпшаққа бірдей басалқылық жасаған кемеңгер. «Қорқыт батыр емес, абыз (патриарх), халық даналылығын бас болып паш етуші және сақтаушы, оның парасатына дүйім жұрт ден қойған», - дейді В.В.Бартольд. Бұл тұжырымды Қорқыттан жетті дейтін мынадай нақыл сөздер орнықтыра түседі: «Қара есектің басына жүген таққанмен, тұлпар болмас, күңге сары пай жапқанмен бәйбіше болмас», «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан өнеге алмаған ұл жаман», «Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді», «Өтірік

сөз өрге баспайды», т.б. Қорқыт туралы бірден-бір жазба дерек болып табылатын «Қорқыт ата кітабы» былай басталады: «Баят руында Қорқыт ата дейтін білікті, сәуегей адам болыпты. Тәңір зердесіне салған соң оның барлық болжамдары қатесіз болған. .. оғыз тайпаларында Қорқыт ата ең қиын деген мәселелерді шешкен. Қандай қиын іс болмасын, Қорқыттың кеңесін алмай, ел ешбір іске кіріспеген. Ел оның барлық билігін бұлжытпай орындаған». Кітаптың өзі XV ғасырда жазылған. Бұл кітаптың әзірге екі нұсқасы белгілі. Бірі – 12 тараудан тұратын Дрезден нұсқасы, екіншісі – 6 тараудан тұратын Ватикан нұсқасы. Бұл еңбектер оғыз ұрпағының ата жұртында жазылмаған, әр тарапқа шашыраған оғыз ұрпағының есінде қалған естелік іспеттес. Бұл орайда бізге дейін жеткен Қорқыт туралы аңыз-әңгімелер, заттық айғақ – бейіті, күйлері және топоним түріндегі мол деректер оғыздардың ата жұртында сақталған [2. 26 б.].

Әл-Фараби (870 – 950 ж.ж.). Оның қоғамдық саяси көзқарастары «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Мемлекет қайраткерінің даналығы» және т.б. бүкіл әлемге әйгілі трактаттарында көрініс тапты.

Әл-Фарабидің пікірінше, адам қоғамдары ұлы, орташа және кішкене қоғамдарға бөлінеді. Ұлы қоғам дегеніміз – бірімен-бірі біріккен және біріне-бірі көмек көрсеткен көп халықтардың жиынтығы. Орташа қоғам дегеніміз – бір халықтың қоғамы болып табылады. Кішкене қоғам дегеніміз – бір қаланың төңірегіне топталған қоғам [3, 12 б.].

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» трактатында әл-Фараби қала – мемлекеттерді салыстыра отырып ең әділетті қоғамды іздейді. Еңбектен грек ақыл – ойының, әсіресе Аристотельдің әсері айқын сезіледі.

Әл-Фараби қайырымды қала ұғымын негіздеп, дамыта отырып, қайырымды қаланы әрбір кез-келген адам билей бермекші емес, өйткені ел билеу екі нәрсеге байланысты: біріншіден адамның өз жаратылысынан бұл іске қаншалықты әзір екендігіне, екіншіден адамның еріктен қуат алып отырған жағдайы мен қабілетіне байланысты.

Жаратылысында ел билеуге кім бейім болса, билік соның үлесіне тимек.

Ойшыл, «өнер атаулының бәрі бірдей ел билеу құралы бола бермейді, керісінше өнердің көпшілігі – қаладағы қызметтің тетігі, сондай-ақ табиғи қызметтердің көпшілігі қызмет етуге арналған қабілеттер. Өнер атаулының ішінде ел билеу құралдары ретінде де, басқа өнерлерге қызмет ету құралдары ретінде де қолданылатындары бар. Сонымен қатар, әсте ел билеу құралы емес, тек қызмет ету құралы ғана бола алатындары да бар. Сондай–ақ әрбір кез-келген өнер және әрбір кез-келген қабілет қайырымды қаланы билеу өнері бола бермейді», -деп ескертеді.

Қайырымды қаланың бірінші басшысына тиісті өнер де, қызмет ету құралы да басқа бір өнердің объектісіне айналмайды. Басшы өнері сондай өнер, барлық басқа өнер соның мақсатына бағынышты және қайырымды қаладағы барлық іс-әрекет осы мақсатқа бола жасалады. Мұндай адамды басқа ешкім билемейді. Ол – кемелділік дәрежеге жетіп, пәрменді парасат пен ұғымға айналған адам, қиялдау қабілеті табиғи түрде айқындалған аса мәртебелі кемелділік дәрежеге жеткен адам.

Қайырымды қала бес түрлі адамдардан құралады: ең құрметті адамдардан, шешендерден, өлшеушілерден, жауынгерлерден және байлардан.

Ең құрметті адамдар маңызды істерде беделге ие болған адамдар жатады. Олардан кейін діни қызметкерлер мен шешендер, атап айытқанда дін уағызшылары, сөз шеберлері, ақындар, хатшылар және тағы басқалары.

Өлшеушілер дегені – есепшілер, геометрлер, дәрігерлер, астрологтар болса, жауынгерлер дегені – жасақшылар, сақшылар және т.б. ел қорғанысына жауап берушілер. Байлар дегені – егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер, бір сөзбен айтқанда салық төлеу арқылы қала байлығын жасаушылар.

Әл-Фарабидің қайырымды қала идеясы, кездойсоқ айтыла салған пікір емес. Себебі, ғалым өмір сүрген кезең - орта ғасырда қалалардың қоғам өміріндегі алатын орны мен атқаратын ролі ерекше болды. Араб халифатының біртіндеп саяси ыдырау үрдісінің күшеюі және орталық мемлекеттік

аппараттың әлсіреуі жағдайында жекелеген қалалардың саяси, шаруашылық және мәдени орталықтар ретінде маңызы артты. Қалалар мемлекет синониміне айналды.

Ал, «Мемлекет қайраткерінің даналығы» трактатында әл-Фараби өзін шығыс ойшылы ретінде танытты. Ол енді үлгілі, қайырымды билеуші туралы аңсай отырып, оның ойынша, ізгілікке ұмтылушы адам, надан билеуші билеген елден, ғылым – ілімнің дамуына қамқорлық жасап отырған білімді билеушісі бар елге кету керек.

Әл-Фараби басшы идеясын да дамыта отырып, басшы-жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, айытқан сөзді сөйлеушінің ойындағыдай және істің жәй – жағдайына сәйкес ұғып алатын, өзі түсінген, көрген, есіткен және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардан ешнәрсені ұмытпайтын болуы керек. Кімде – кім туған кезінен бастап және жас жеткіншек шағында, жоғарыда аталған шарттарды бойына дарытқан болса және есейгеннен кейін басқа алты шартқа сай келетін болса басшы болады: бірінші шарт – дана болу; келесі шарт-қалаға арнап бірінші имамдар белгілеген заңдарды, ережелер мен әдет – ғұрыптарды жадында сақтап, жетік білу, өзінің барлық іс - әрекетін осыларға сәйкес жүргізу; бұрынғылардан тиісті заң сақталмаған жағдайда, бірінші имамдар үлгісімен әрекет жасай отырып, бұл жөнінде тапқырлық көрсету; бірінші имамдар аңдай алмаған нәрселерді бұрыннан қалыптасқан жағдайды да, болашақ оқиғаларды да қалаған кезінде танып – біліп отыратындай тапқыр да білгір болу және өзінің осындай қызметінде ол халықтың әл-ауқатын жақсартуды мақсат етуге тиіс; бірінші имамдардың заңдарын және солардан кейін, солардың үлгісі бойынша өзі белгілеген заңдарды орындауда жұртты өз сөзімен жігерлендіре білу; әскери істерді жүргізу үшін қажетті дәрежеде игіліктерді бөлу, оның бержағында әскери өнерді қызмет бабындағы өнер ретінде және билеуші өнері ретінде меңгеру.

Философ – ғұламалар кезеңінің келесі бір ойшылы - Ж.Баласағұнның (1017 – белгісіз) көзқарастары «Құтты білік» ғылыми философиялық трактатында көрініс тапты. Ж.Баласағұн әміршінің өз халқы алдындағы үш қасиетті

міндетін көрсетті. Біріншіден, билеуші мемлекетін күмістей таза ұстауы қажет. Екіншіден, билеуші заңдары бірін – бірі жоққа шығармауы қажет. Заң дұрыс, әділетті болу керек. Үшіншіден, билеуші сапарға бастар барлық жолды жақсы ұстауы, өз еліндегі ең мардымсыз өзгерісті де біліп отыруы қажет [2, 30 б.].

Әмірші халық алдындағы міндетін дұрыс орындаған соң барып, халықтан өз құқығын талап етсін. Халықтың да әмірші алдында үш парызы бар: біріншіден, халық өз әміршісінің заңдарына құрметпен қарауы керек; екіншіден, халық қазынаға қол сұқпай, әмірші салған алым – салықтарды уақытында төлеп тұруға міндетті; үшіншіден, халық қашанда өз әміршісінің жанында топтасуы қажет, әміршінің жаулары жау, достарына дос болуы керек. Осы қасиетті міндеттер дұрыс атқарылуы үшін әмірші мен халық қоғамдық келісім жасауы тиіс. Осы жерде көрсетілетін ақиқат, Еуропа ақыл – ойында қоғамдық шарт теориясы (Т.Гоббс, Д. Локк және т.б.) қазақ қоғамдық-саяси ойында да айтылады. Ж.Баласағұн еңбегінің «Елші жайлы» деген тарауында «..елші адам ақылды да зерек болуы тиіс, елші арқылы көптеген іс бітеді, елші арқылы барлық игілікті тірліктер атқарылады, елші болу үшін шарап ішпеу керек, шарап ішкеннің тілінде ақылсыз деген өз есімі тұрар» т.т. көптеген осындай елдер арасындағы қатынасқа қатысты ойлар этикалық-саяси мәселелерге арналған.

Бек мәңгілік шарт екі ісін, қырағылық,

Қырағылық және заңы елі үшін. – дегенде Ж.Баласағұн ел басшысының екі басты міндетінің бірі - елдегі заңдылықты қадағалау деп біледі. Қырағылық мәселесін – мемлекеттік қауіпсіздік деп білсек, елдің көңілді болуы, өміріне сенімді болуы бектердің заңды тура ұстануына тәуелді деп біледі ойшыл ақын. Тағы бірі - халыққа әділ заң бергей,

Бір-біріне күштімсітпей, теңгергей!

Екіншісі, қазына хақын жемесін,

Ей, қолы ашық, дәл уағында төлесін.

Осы өлең жолдарынан заң күшіне бағынатын құқықтық мемлекет қағидасы мен оны ұйымдастыру принциптері нақты

аңғарылып тұр. Алдымен, ерікті азаматтарды бір-бірінен кемсітпейтін заңдар әділетті, екіншіден, қабылдаған заңдар мен бұйрықтар орындалуы міндетті. Үшіншіден, әділ заң ел қазынасын қорғайды. Ортақ мемлекеттік қазынаны сақтау, қорғау - әрбір басшының міндеті, ал әр адамның өзіне тиісті салықтарын мерзімінде төлеп тұруы парыз.

Ж.Баласағұн саясаттың заңға бағыныштылығын дұрыс деп санайды. Ойшыл үшін саясат пен заң егіз, құстың қос қанаты сияқты. Саясат өз кезегінде заңды жетілдіруге және түзетуге бағытталуы керек деп біледі. Ойшыл еңбектерінен Баласағұнның мемлекеттің қызмет етуінің ең белсенді тетіктері саясат, билік және заң өзара тәуелді байланыста қызмет ететіндігін терең білгендігін байқаймыз. «Мемлекеттік құрылыс туралы пайымдау, ел басқару түрлерін сипаттау, этикалық және саяси нұсқаларды белгілеу, билеушінің және бағыныштының қалай тағайындалуын анықтау, азғын қоғамды сынау – мұсылмандық Шығыста алғаш рет әл-Фараби көтерген мәселелердің жиынтығы екендігі белгілі. Ал бұл мәселелерді шешуге келгенде әл-Фараби өзінің неғұрлым көрнекті әлеуметтік – саяси ойшыл екендігін көрсетсе, Баласағұн заңдылық пен әділетті саясат елге қамқор боларлық биліктің тетіктері екендігіне айрықша назар аударады. Егер әл-Фараби мұрасы адамгершілік, әділеттілік қағидаларына толы болса, Ж.Баласағұн мұрасы қазіргі дәуірмен үндесіп жатыр. Осының өзі олардың рухани мұрасын әлі де терең зерттеу қажеттігін көрсетеді.

Қазақ халқы мекендеген кең далада қазақ хандығы құрылып, оның буыны бекінгенге дейін қолданылған, кейін де біраз уақытқа дейін қолданылып келген құқықтық қағидалардың негізгі бөлігі - шариғат пен Шыңғыс ханның «Ұлы Жасысынан» алынды.

«Шариғат» - араб тілінде «жарлық», «заң ережесі» деген мағынада, мұсылман діні таралған елдерде қолданылған заң жинағы. Ол мемлекеттік құқық нормаларынан, міндеттеме, мұрагерлік, қылмыстық және отбасы – некелік құқық, сондай-ақ сот жұмысы мен бақылау туралы жарлықтардан тұрады. Мұсылмандық сот ісін

жүргізуде Марғұлан қаласында 1152 жылы дүниеге келген, шейх Бұрхан ад-Дин Әли жазған, төрт кітаптан тұратын Әл – Хидая атты шығарманы пайдалануға болады. Шариғат соты көпшілік алдында ауызша жүргізіліп, әуелі ант алынылып, ант беруші кәмелетке толған, ақыл-есі дұрыс адам болуы қажет. Балаларды, есі дұрыс еместерді зорлап ант бергізуге болмайды. Әкесі не ері рұқсат етпесе, әйелі мен балалары да ант бере алмайды, ант тек дауыстап айтылып, жазып берілмейді. Шариғат бойынша істі қағаз қарайды. Егер қылмыс жеңіл болса, шариғат қазыларға кейбір жағдайларда жазаны өз білгенінше белгілеп, үкім шығаруға мүмкіндік беріліп, алдын ала тергеу ісі көпшілік алдында жүргізіледі.

XIII ғ. басында Моңғол мемлекетінің құрылуы өмірге Шыңғыстың «Ұлы Жасысы» деп аталған заңдар жинағын әкелді. Жасы моңғол тілінде (дзасак) «шешім», «заң» деген ұғымдарды береді. Атақты тарихшы Джувейнидің куәлік етуіне қарағанда, Шыңғыс хан заңдары құймаға (алтын, күмістен жасалған тұмар) жазылып, «Жасы біліктілері» атағын иеленген хан ұлдарында сақталған. «Жасыға» сәйкес мемлекет - билеушінің (хаканның) жеке – дара меншігі болып саналады. Ол барлық заңнан биік тұрды.

Әскери билік азаматтық биліктен бөлініп, ол ең жоғарғы, қасиетті билік болып саналды. Негізгі мәселелерді шешумен әскери билікті иеленуші бекзада айналысып, ол «дарұғышы» шенін иеленді. «Жасыда» ұрлық, кісі тонау, зинақорлық сияқты қылмыстарға ауыр жаза, яғни өлім жазасы қолданылған, бірақ кісі өлтірген адам белгілі адам болса, ол жазасынан құн төлеп құтыла алатын еді. «Жасыда» қан араластырушылыққа (инцеста) қатаң тыйым салынып, жаратушыны, әміршіні, елдегі үлкендерді құрметтеушілікке жоғары мән беріледі. «Жасы» жаратушыға деген ұлы сүйіспеншілікке шақырады.

К.Маркс пен Ф.Энгельс «Неміс идеологиясы» деген еңбегінде: «Алғашқыда идеялардың, түсініктер мен түйсіктердің дүниеге келуі материалдық әрекет-тірлікпен қоян-қолтық араласып жатады, адамдардың материалдық қарым-қатынасы нақтылы өмір көрінісіне ұласады. Бұл тұста адамдардың ұғым-түсініктері мен рухани қарым-

қатынасының пайда болуы материалдық қарым-қатынасының тікелей нәтижесі. Мұның өзі кез-келген халықтың саясат, заң, адамгершілік, дін, метафизика, т.б. түрінде көрініс табатын рухани болмысына да қатысты»,- деп жазады [4]. Осы тұжырымның дұрыстығын Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Жиембет, Доспамбет, Бұхар, т.б. көптеген аты мен жырлары аңызға айналған ақын-жыраулар мұрасынан көреміз. Бұл жерде жыраулық поэзия тек халық мәдениетінің төлбасы ғана емес, ол - әлеуметтік, саяси, философиялық, тарихи, эстетикалық, адамгершілік ақыл-ойдың тоғысқан жері.

Ағылшын гуманисі Томас Мордан жүз жыл бұрын өмір сүрген Асанқайғы (1361 – 1469) өз қиялындағы аралын (Утопия) іздеді. «Жер – ұйықта» адамдар бақытты өмір сүреді, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман болды. Бұл әлеуметтік утопизм идеясының алғашқы көрініс табуы болды. Асанның XV ғасырдағы қазақ ұлысын біріктіруге жанын аямай тер төккенін, Әз – Жәнібек, Керей хандармен бірге Әбілқайырға қарсы күрестің басында болғандығын, тіптен оның тек бір ғана қазақтың аңыз - әпсаналары мен ертегілеріндегі Жәнібек ханмен бірге есімі қосақталып, қатар айтылатын тарихи тұлға ғана емес, көршілес қырғыз жұртына да осы қалпында белгілі екендігін Ш. Уәлиханов таңдана жазады.

Ата жауымен арпалыста қан кешіп жүрген жауынгерлерді идеялық рухтандырған да, елін-жерін сүюге, құрметтеуге, ел басына күн туған сын сағаттарда бір тудың астына топтасуға шақырған да жыраулар жыры. Жыраулар поэзиясындағы саяси - әлеуметтік көзқарастары олардың хандықты сақтау, нығайту, халық пен хан арасындағы қатынас, әділ басқару туралы идеяларынан көрінеді. Жас Қазақ хандығының байрағын қазақ сахарасында желбірете, нық орнатуға ат салысты, осы іске бұқараны жігерлендіріп отырды. Кейде халықтың мүддесі тұрғысынан ұлыққа қарсы да өз пікірлерін білдіріп, олардың көңіл тоймас іс-әрекетін әшкерелеп, ел ісіне тікелей бет бұруын, хан төңірегіндегілердің жемқорлығында қаймықпай, кесіп айтып отырған Асан қайғы бабамыз бұл орайда ақын ғана емес, саяси және қоғамдық қайраткер.

Қадірлі Асан қайғының Жәнібекке айтқаны да осы бағытпен үндеседі:

- Әй, хан, мен айтпасам білмейсің, айтқаныма көнбейсің, өзіңнен басқа хан жоқтай, елеуреп неге сөйлейсің?! Құлың көп сені өлтірер, осыны Асан біледі, мұны неге білмейсің? Шабылып жатқан халқың бар, аймағыңды көздеп көрмейсің, қымыз ішіп қызарып, мастанып қызып терлейсің... Қорған салдың бейнет қып, қызметшің жатыр ішіп-жеп, оны неге білмейсің! - дегені осының куәсі [5, 27 б.].

Заманның саяси-әлеуметтік хал-ахуалына орай жыраулар өмірге белсене араласып, ел ісінен оқшау тұра алмады. Халық тілегін көлденең жүрген көк аттыға айтып, мұңын шаға беруден аулақ. Орда төңірегінде жүрген Асан қайғы тарихи дәуірінің көкейтесті арманын өлең өрнегіне тізіп, жоғарғы билік иесіне қарата айтып, заманның саяси памфлетіне айналдырды:

Тапқан жерге ел көшір, мұны неге білмейсің?! Әй, Жәнібек, ойласаң, қилы-қилы заман болмай ма, суда жүрген ақ шортан, қарағай басын шалмай ма?! Мұны неге білмейсің?

Жыраулық поэзияның терең концептуалдық мәні бар. Өмірмен біте қайнасу ілкі поэтикалық мәдениетіміздің әлеуметтік тегі мен қоғамдық қызметін ашып, замана сұраныстары осылайша жыраулар мойнына ауыр да жауапты салмақ салды.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551 ж.ж.) XVI ғ. өмір сүрген көрнекті мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, тарихшы, әдебиетші, ақын. Ерен еңбегі және игі қызметімен де түркі халқына тұлға болған осындай ойшылды бәзібір жұрт зиялылары «Мырза Хайдар түрік» деп жазып, оның түркі текті екеніне мән берсе, кейбір ел ғалымдары дарабоз дарынды Мырза Хайдар Дұғлат немесе Әмірзада Кашмири деп те атайды. Ол Орталық Азия халықтарының тарихы, этнографиясы мен географиясы, тілі мен әдебиеті, мәдениеті жайын сөз ететін «Тарих-и Рашиди» және «Жаһан наме» атты классикалық шығармалардың авторы. Дулати өмір сүрген кезеңнен бастап оның «Тарих-и Рашиди» шығармасы аса ділгірлікке байланысты ғасыр сайын көшіріліп отырған. Мысалы ол XVI ғ. – 3 рет, XVII ғ. – 5, XVIII ғ. – 3 рет, XIX ғ.

тіпті 12 рет хатқа түскен. Ұлы ғалым шығармасына орта ғасырдың өзінде-ақ Орта Азия тарихын зерттегендердің соқпай кеткені некен-саяқ. Олар, әсіресе Кашмир, Шығыс Түркістан, Тибет сияқты көпке дейін жұмбақ, белгісіз болған елдер жайлы жазғанда көбінесе Дулати деректеріне сүйеніп, «Тарих-и Рашидиді» бірден-бір дұрыс, жазба дерек көзі ретінде пайдаланған [3, 176 б.].

Қазақ хандығы құрылған соң, оның өзінің заң жинақтары дүниеге келді. Мұндай заң жинақтарының үшеуі белгілі: «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысы». Осылардың ішінде жазба түрінде жеткені «Жеті жарғы». Бұл заң жинағын қазақтардың өз ауыздарынан жазып алған, орыс зерттеушілері Г. Спасский мен А. Левшин.

«Есім ханның ескі жолы» бізге қолжазба күйінде жеткен жоқ. Ол «Қасым ханның қасқа жолы» сияқты, көшпелі қазақ қоғамының негізгі заңы қызметін атқарса да, қазақ шежірелері, шетел жылнамаларында тұтастай көрініс таппады. Алайда, аталған екі заң жинағының екеуі де Тәуке ханның «Жеті жарғысының» негізі болып қаланғанын ескерсек, ол туралы белгілі бір дәрежеде мәліметтер алуға болады. «Есім ханның ескі жолы» өзіне дейінгі «Қасым ханның қасқа жолы» сияқты, бес хақиттан (бес тарау) тұрады. Оның алғашқы тарауы жер дауы, мал – мүлік мәселелеріне арналды. Бұл тарауда әр рудың ата қонысы, жаз жайлауы мен қыс қыстауы, тіпті көш – қонысының жолы да көрсетіліп берілді.

Екінші тарауда қылмыс мәселелері қарастырылады. Есім хан құн үстіне «үстеме құн» белгіледі. Зерттеушілердің деректері бойынша үстеме құн «өнер құны» және «сүйек құны» болып екіге бөлінген. Оның себебі де бар. Мәселен, аузымен құс тістеген жүйрік пен жабының төлеуі де, құны да әр түрлі. Міне, осындай қасиеттеріне орай үстеме құн белгіленген. «Жеті жарғыда» ер құны 1000 қой. «Есім ханның ескі жолында» әйел құны оған төленген қалың мал мөлшеріне қарай белгіленген, ал «Жеті жарғыда» әйел құны еркек құнының жартысындай ғана.

Қазақ хандары әскери заңға да ерекше мән берді. Бұл «Есім ханның ескі жолының» үшінші тарауында көрініс тапты. Есім хан жаушыдан хабар келісімен, әр рудан жасақ жасау міндетін белгілеп, оны сол рудың есебінен жасақтау керектігін заңдастырды. Есім ханның ерекше мән берген саласы мемлекетаралық қатынастар болды. Ол даңқты қолбасшы болумен қатар, шебер елші де бола білді. Көрші мемлекеттермен достық қатынастарды қағазбен ғана емес, қандас туыстық – құдалық жолмен де бекітті. Оның бұл мәселелер бойынша нұсқаулары «Ескі жолдың» елшілік жораларына қатысты төртінші тарауында көрініс тапты.

«Есім ханның ескі жолының» соңғы тарауы қонақ күту, ас беру, той өткізу сияқты халықтық салт – дәстүрге негізделді. Осылармен қатар, «Жасыда» наным – сенімдік тыйымдар да бар. Мысалы, кімде – кім қолбасшының табалдырығын басса, сол өлім жазасына кесілген. Сондай-ақ «Жасыда» кім екеніне қарамастан, дәмді ұсынушы адамның өзі татпай тұрып, асқа қол созуға тыйым салынған [2, 65 б.].

Діни мәселелерге келгенде «жасы», сол кездің өзінде-ақ қазіргі өркениетті дәуірдегі демократиялық елдердің жариялаған «толеранттылығын», яғни өзге дінге төзімділігімен қоса, құдайға жаққан барлық діндерге құрметпен қарау қажеттілігін де баса көрсеткен.

Тәуке ханның (1626-1718 ж.ж.) Тәуке хан ішкі саясатында бар мүмкіншілікті пайдалана отырып, қайткен күнде де ру арасындағы алауыздықты тоқтату үшін сонымен қатар ел басқару ісін жақсартуды күн тәртібіне қойды [2, 72 б.]. Бір орталықтан басқарылатын қазақ мемлекеттігін құру үшін бірінші кезекте тұрған мәселе, Шыңғыс хан ұрпағынан тараған сұлтан, төрелердің және ерекше мәртебеге ие болған қожалардың, қазақ қоғамындағы құқықтық жағдайларын өзгертуге ден қояды. Ондағы ойы мемлекеттік басқару ісіне әр ортадан шыққан қабілетті, туа біткен дарынды адамдарды тарту еді. Қазақ қоғамының саяси аренасына осындай саясаттың негізінде халық арасынан шыққан дарынды билер мен елдің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғауда ерлік

танытқан батырлар таныла бастады. Мемлекеттік аппарат құрамында өзгерістер жүріп, атап айтсақ, басқару үрдісінде бұрын беймәлім болған «Билер кеңесі» енгізілді. Бұл мемлекеттік орган қазақ мемлекеттілігінің саяси жүйесінде үлкен құқықтарға ие болумен қатар, ішкі, сыртқы саясатты жүргізуде орасан зор рөл атқарды. «Билер кеңесі» сайланған алқалық орган ретінде талқыланған, қаралған мәселе бойынша қайта айналып қарауды қажет етпейтін шешім қабылдау дәрежесіне дейін көтеріле алған. «Билер кеңесі» өзінің мемлекеттік функцияларын тұрақты атқарып отырған. Үш жүздің рулары арасындағы шиеленісті дауларды шешуде, сепаратистік қимыл-әрекет жасаған сұлтандарды және жалпы трайболизмді тежеуде өлшеусіз рөл атқарып отырды. «Билер кеңесінің» нақтылы мәселе бойынша қаралған істерінің шешімдері заң күшіне еніп, ханның өзі оны жоққа шығара алмағандығын айта кеткен жөн. «Билер кеңесінің» құрамы қажет болғанда кеңейтіліп Қаз дауысты Қазбек би, Әйтеке, Досай, Едіге, Сырымбет, Қабек, Даба, Есейхан, Жалған, Ескелді, Сасық билер, Байдалы, Тайкелтір, Қоқым сияқты дарынды қайраткерлер мен батырлар кірген.

Тәуке ханның реформаторлық қызметінің сапынан ерекше орын алатын мәселе - қазақ қоғамының құқықтық жүйесін қалыптастыруы. Мемлекетті нығайтып, тәртіп орнату үшін тиімді, халық мүддесіне сай келетін, орындалуы арнайы тетіктермен қамтамасыз етілетін заң жүйесі болуы шарт. Бұл қағиданы Тәуке хан аса көрегенділікпен түсінген. Соның нәтижесінде қазақ қоғамының ұлттық Хартиясы - Жеті Жарғы дүниеге келді. Ол тек қана сол заманның талаптарына сай келетін құқықтық құжат емес. Оның мәні және мазмұны жағынан көшпелі қазақ халқының этикалық, шаруашылық ұйымдастыру және географиялық ерекшеліктерге сай қабылданған аса құнды құқықтық ескерткіш болып табылады.

Қазақ қоғамдық-саяси ойы дамуының жыраулар кезеңінің тағы да бір көрнекті өкілі - Бұқар жырау (1685 – 1777) жылдары өмір сүрген. Қазақ даласында өте қуатты

орталықтандырылған мемлекет болуын аңсаған жыраулар тобының бастауында тұрды. Ол күшті хан билігін жақтады. Хан жанында «хан кеңесі» болуы тиіс. Хан олардың ақылын, өзі қажет деп санаған жағдаяттарда пайдаланады.

Қазақ халқының бодандыққа дейінгі азаматтық тарихы мен рухани өміріндегі ақын, жыраулардың атқарған қызметі мен тындырған істері айрықша елеулі. XV–XIX ғасырлардағы қай жырауды алсаңыз да, олардың елі үшін жанын отқа тоспайтыны кем де кем. Бұлардың көпшілігі халқының қамына бола ханмен де, қарамен де айқасудан тайынбаған. Солары үшін оларды елі де риясыз сүйе білген, батыр тұтқан, көріпкел санаған, елінің серкесіне, көсеміне балаған, ерлік мінездерін қылықтарын аңызға айналдырған.

Қазақ халқы алғаш рет мемлекет құрып, бір тудың астына біріккен уақыттағы ауыз әдебиеті - хан мен халықтың арасындағы қарым-қатынастың тамаша үлгілерін береді. Мысалы, Бұхар жыраудың ханның өзіне қаратып халықтың атынан: Ей Абылай, Абылай, Абылай ханым, бұл қалай? Бұл қалайдан сескеніп, сөзімді қойма тыңдамай, - деуі «өкілдік демократияның» үлгісін көрсетеді [6, 205 б.]

Сол сияқты басқа да ақын-жыраулардың ханға «Сен» деп өлең бастауы – халықтың атынан сөйлеулерінде сияқты. Сондай ақынның бірі - Үмбетей жыраудың (1706 – 1778) да Абылайды «хан» демей «ханым» деуінде де осындай түсінік, мағына бар. «Сен, хан емессің, менің ханымсың, сенің иең мен боламын» деген ой жатыр... Халықтан хан да үлкен емес. Хан тағының мәңгілік емес екенін ескерте келе: Дүние кезек, Абылай, қаласың әлі-ақ сен былай,- деп сес те көрсетеді. Халықтың көңілінен шықпаған ел басшыларын мойындауға болмайтынын білдіретін, билік иелеріне ешқашан бас имейтін азаматтың сарыны Сүйінбай Аронұлының (1822 – 1895 ж.ж.) өлеңдерінде де байқалады: Хан құдайдың ұлы емес, құдайға да құл керек, халықтың жоқ па керегі?! Немесе: Төре деме төрені, ел тілегін таппаса, қару деме семсерді, шапқанда сүйек қаппаса.

Дәл осындай отты жолдар Махамбеттің Жәңгір ханға, Сүйінбайдың Тезек төреге айтқандарында кездеседі [5, 160 б.]. Көпшілікке жаман аттары жайылып, масқара болудан қорқатын хандар мен төрелер де шындықты жасқанбай айтатын ақын – жыраулардан қатты сескенетін.

Бодандық кезеңде қазақ даласы түгелге дерлік Ресей империясының құрамына енді. Соған байланысты қазақ қоғамының ел басқару, халық билеу дәстүрлері мен заң – жобаларына өзгерістер дендеп кіре бастады. Аумақтық мәселелер бірсыпыра айқындалып, жерге деген меншіктілік жағдайлары өз шешімін тапты. Ұлыстарды билейтін хандық институттардың құқығы қысқарды. Бұрын үлкен территорияларды мекендеген халықты хандық атақпен билеп, өзі әрісі бүкіл қазақтың, берісі үш ұлыстың бірінің әміршісі сезінетін хан – сұлтандар тұқымының айбыны кеміді. Осыған байланысты бұрын сол хандық институттың басқару аппаратының бір жағынан идеологиясын жүргізетін, бір жағынан сол аппараттың құрамында отырып ұлыстың мүддесін қорғайтын жыраулар қауымы да тарих сахнасынан біртіндеп ығыса бастады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Гумилев Л. Көне түріктер. (ауд. Ә.Жұмабаев, П.Бейсенов). Алматы, 1994. 4-5 бб.
2. Қазақтар – казахи. Тарихи тұлғалар. 2 Т. 2003. 26, 30, 65, 72 бб.
3. Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы, 1995. 12, 176 бб.
4. Маркс К., Энгельс Ф. Таңдамалы шығармалар. 2 Т. 19 б.
5. Қазыбайұлы С. XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. (Жыраулар поэзиясы). Ақтөбе, 2004. 27, 160 бб.
6. Нұржекеұлы Б. Жүз тұңғыш. Алматы, 2005. 205 б.

* * *

В статье отражена история становления и развития казахского политического мышления.

ӘОЖ 9(57)

Б.Қ. Бірімжаров
Тарих ғылымдарының докторы,
М.Өтемісов ат. БҚМУ профессоры
А.С. Байболсынова
Тарих ғылымдарының кандидаты,
Орал қ.

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ИДЕЯ ЖӘНЕ БӨКЕЙЛІК ЗИЯЛЫЛАР

«Тарих - халықтың зердесі, ол содан қуат алады, ол содан әлеуметтік шығармашылыққа, жарқын болашаққа бастайтын шабыт алады. Ал тарихқа ден қоюдың күшейе түсетін себебі - адамдар өткеннен бүгінгі күнге ұқсастықтар іздейді, одан бүгінгі күн проблемаларының шешімін тапқысы келеді».

Зиялы тарихшы К.Н.Нұрпейісов «Ұлттық рухтан айрылған халық ел болудан қалып, жігерсіз, еріксіз тобырға айналмақ. Басқаның құрығына мойынсұнып, оның жетегінде кете бермек. ...Қазақстанның тәуелсіздігінің жариялануы, оның әлемдік қауымдастықтың тең құқықты мүшесіне айналу ұлттық рух пен ұлттық сананың қоғамымыздың дамуының қуатты күшіне айналуына жол ашады» [4, 21]-дей отырып, қазіргі қоғам жағдайында қазақтың ұлттық ділін бойына сіңірген салауатты ұрпақтың өсіп-өнуі үшін жағдайлар жасау қажеттігіне баса назар аудартады.

Мемлекеттік ұлттық мүдделерді көтеру мәселесі XX ғасырдың басында Қазақстандағы ұлттық зиялыларының қалыптасу үрдісімен астасып өрбіп жатты.

Олардың бірқатар бөлігі еуропалық білім алғандар еді. Олар шығыстың ұлттық қозғалысының ғана емес, сонымен қатар Батыстың буржуазиялық революцияларының да ықпалын, патша режиміне оппозициялық пиғылдарындағы өз отандастарының үдей түскен қысымын бастан кешірді. 1905-1907 жылдардағы революциядан кейін Ресейдегі

мұсылмандардың, соның ішінде түрік халықтарының қозғалысы жаңа қарқын алды. Мерзімді баспасөздің пайда болуы мен дамуына капитализмнің, тауар-ақша қатынастарының, көлік пен байланыстың дамуы да, әлеуметтік жағдайлардың шиеленісуі, өлкені одан әрі отарлау да себепші болды. Туып келе жатқан ұлттық біржуазияның үстемдік етуші орыс буржуазиясымен бәсекесі, шетел капиталының енуі білім беру, баспасөз және байланыс жүйесі реформасының қажеттілігі туды. Ең алдымен, қазақ халқының отаршылдық шеңгелінен шығуының амал-айлаларын іздестіру басты проблемаға айналды.

1905 жылғы оқиғадан кейін Ресейде сөз бостандығы, ұлттық мүдде жолындағы күрес шарықтау шегіне жетті. Орыс тарихында революциялық күштер өзінің соңғы мүмкіндіктерін пайдаланды. Олардың арасында Қазақстандық және қазақ ұлттық зиялылар болашақ Алаш партиясының да көптеген өкілдері болды.

Қазақстандағы алаш қозғалысы дүниежүзілік ұлт-азаттық қозғалыстың өзекті бөлігіне айналды. Ал осы кездегі ұлттық зиялылар өкілдерінің қалыптасуында маңызды орын алған, оларға ақыл-кеңес беріп, саяси-қоғамдық тұлға ретінде қалыптасуына зор үлесін қосқан Бөкейордалық тарихи тұлғаларды да атап өткен жөн. Олардың бірі де бірегейі - Мақаш Бекмұхамедов - Жаңгір мектебін үздік бітірген түлектердің бірі, өзі де бірнеше шәкірттер тәрбиелеп, оларды Ресейдің Санкт-Петербург, Саратов, Казань, Орынбор, Омбы сияқты қалаларындағы ірі-ірі оқу орындарына жіберіп оқытқан және оларға арнаулы стипендиялар төлеп тұрған. Мәселен, кейін Ордада уақытша Кеңес төрағасының кеңесшісі болатын Д.Қосуақов Қазан университетін, жоғарыда айтқан Б.Құлманов Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін, жеті түлек Стамбулдағы діни семинария бітіреді. Ал, Ғабдолғазиз Мұсағалиев деген жас Мысыр шаһарындағы дарулфаннинниің (университеттің) толық курсын, тағы да бір университетті бітіріп, шығыстың сегіз тілін меңгерген.

Жаңгір мектебін үздік бітірген Мақаш Орынбор қаласындағы Неплюев Кадет корпусына оқуға түскен соң

оларға шекаралық комиссияның төрағасы, шығыстанушы ғалым (кейіннен Ы.Алтынсаринге де ұстаздық еткен) В.В.Григорьев дәріс оқиды. Мақаш өзінің әріптес досы М.С.Бабажановпен бірге ұстазының үйінде күн құрғатпай болып, ғалымның бай кітапханасымен, әлемдік әдебиеттің мол қорымен емін-еркін танысады. Онда Мақаш жалғыз емес, қасында Бөкей ордасынан Шалабаев Сұлтан, Саңғырықов Мырзағали, Ниязов Жүсіп, Жантөрин Сұлтанмахмұд, Бөкейханов Арыстангерей, Бабажанов Мұхамед-Салық және Нұралыханов Зұлқарнай сынды ұлдар болатын.

Мақаш 1852 жылы кадет корпусын тәмәмдаған соң елге оралып, Орда қаласындағы Уақытша кеңесте тілмаш болып орналасады да, арада бір жыл өткенде Каспий теңізінің терістігіндегі 1-ші және 4-ші округтерді қоса (қазіргі Атырау облысының қазіргі Құрманғазы, Исатай, Махамбет, Индер аудандарының біраз бөлігі) басқарушы әкім қызметтерін атқарады.

Бір айта кететін жайт – ол кезде Бөкей даласы бес қисым (бөлік), екі округке (аймақ) бөлінетін. Солай бола тұрса да, олардың қай-қайсысы да жалпы түрде ханға, кейіннен Уақытша кеңеске бағынған. Бірақ әрқайсысының жеке әкім-басқарушысы болған. Атап айтқанда, олар – Тарғын, Қалмақ, Нарын, Қамыс-Самар, Талов бөліктері мен Каспий жағалауындағы бірінші және екінші округтер. Мақаш болса, соңғы екі округте түрлі жылдарда жеке-жеке де, қосарлап та жарты ғасырға жуық басшылық еткен. Оны сол кездегі Астрахань губерниясының жыл сайынғы жарық көрген статистикалық естелік кітаптарындағы мәліметтер дәлелдейді.

Мәселен, Мақаш 1886 жылға дейін (бірақ қай жылы бастағаны белгісіз) екі округте қатар, ал 1886 жылдан бастап екінші округте әкім болған. Бұл округтер территориясы қазірше айтсақ, Исатай ауданының Таскран учаскесінен Астрахань облысының Құмөзек ауданына дейінгі кең алқапты қамтиды. Былайша айтқанда, оған Құрманғазы, Исатай, Индер, Ресейдің Қызылжар, Володар аудандарының тұтас және ішінара бөліктері кіреді.

1892-1897 жылдары Ордадағы Уақытша кеңестің кеңесшісі болып, кейін зейнеткер атануына орай әкімшілік қызметтен біржолата босайды. Бұл кезде оған патшалық Ресей тарапынан жасауыл шені және «Әулетті дворянин» деген құрметті атақ беріледі. Сондай-ақ өзі басқарған өңірде денсаулық сақтау мен халық ағарту ісін ұйымдастырудағы үлгілі қызметі үшін патшалы Ресейдің жоғары марапат белгісі төртінші дәрежелі Қасиетті Владимир, екінші дәрежелі императорлық тәжді қасиетті Станислав және үшінші дәрежелі қасиетті Анна ордендерімен әр жылдары марапатталды.

Егер нақты емес деректерге назар аударсақ, ол өз өмірінде орыс патшасына сегіз рет өтініш хат жазып, үш рет қабылдауында болған. Әрине, оның бәрі қандастарының қамын ойлаудан туған іс болса керек.

Мақаш өмірінің соңғы 20-25 жылында халық ағарту ісі, денсаулық сақтау саласына ерекше көңіл бөлген. Әр жылда Қазанның, Уфаның діни медреселерін бітірген жастарды шақырып, оларды ел балаларын оқыту үшін жалдаған. Елдегі жиі бой көрсететін оба, сүзек ауруларының алдын алу үшін Астрахань, Сарытау қалаларынан арнаулы маман дәрігерлер шақырған, елде амбулаториялық бекеттер аштырған.

Сондай тұлғалардың бірі – 2007 жылы 160 жасқа толған Бөкей Ордасының билеушісі, қазақ мемлекеттілігінің тарихында ең соңғы ханның санатындағы Жәңгірдің немересі - Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеев.

Шәңгерей ел ішіндегі азын - аулақ билік ісіне ертерек араласқан. Шариғат заңын жетік білген, оған қоса орыстың халық сайлап қоятын присяжный /азаматтық/ сотының азаматтық істерді қарап, қазылық ететін мировой сотының іс жүргізуіне тікелей араласқан тәржірибелі ақынның төрелігіне іріңдеп у шыққан қиын даулар ғана берілген.

1917 жылы 10 қыркүйекте Ордада қазақ зиялыларының жиналысы өткен. Онда ішкі және сыртқы мәселелер қаралған. Оның ұйымдастырушысы атағы бүкіл аймаққа әйгілі бөкейлік тарихи тұлғалар - Шәңгерей, Ғ.Қараш, У.Танашев және Ниязов, т.б. болған.

1917 жылы 21-26 шілдедегі Орынбордағы бірінші жалпы қазақ сьезіне Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарымен қатар Бөкей ордасынан да көптеген делегаттар қатысқан.

Ал, 1917 ж. 5 желтоқсан Орынбордағы екінші съезде Бөкейліктер атынан Уәлитхан Танашев енеді. Съезге төраға Бақтыгерей Құлманов болған. Осы съезде У.Танашев Алашорда үкіметінің министрі болып тағайындалады.

1918 жылғы 8 маусымда Самарада құрылған Құрылтай жиналысында Бөкейлік батыс Алаштық өкілдер қазақ мүддесін қорғауда көптеген мәселелерді көтеріп, талқылаған.

Бөкейлік Алаш Орда қайраткерлерінің бірі – Бақтыгерей Құлманов 1857 жылы Бөкей Ордасына қарасты сұлтандар отбасында дүниеге келген. 1881 жылы Орынбор гимназиясын, 1888 жылы Санкт-Петербург императорлық университетінің шығыс тілдер факультетінің түрік-татар-парсы разряды бойынша бітіріп шыққан. Шығыстану саласы бойынша алғаш ғылым кандидатын алған қазақ ғалымы. Оқуын бітірген соң 1889-1903 жылдарда Бөкей Ордасының Қамыс-Самар бөлігінің правителі қызметін атқарған. 1903 жылы 22 шілдеде Бөкей Ордасын басқаратын Уақытша Кеңеске казактар жағынан кеңесші болып тағайындалған. Осы қызметте 1906 жылы зейнетке шыққан. Ресейдің I, II Мемлекеттік Думаларына Бөкей Ордасы қазақтары атынан екі мәрте депутат болып сайланған.

1917 жылғы ақпан төңкерісінен соң Уақытша Үкіметтің жергілікті жердегі комиссары әрі сол жылы 19-21 сәуірде өткен Бүкілбөкейлік съезде құрылған Бөкей Ордасы Орталық Атқару Комитетінің төрағалығына сайланады. «Алаш» партиясы мен Алаш Орда өкіметінің белсенді мүшесі «Алаш Орда» өкіметі төрағалығына үміткер саналады. Батыс Алашорда бөлімінің белсенді басшыларының бірі болған.

Төңкерістен бұрын жоғары білім алған қазақ жастарының көп болғанына архив құжаттары дәлел бола алады. Басқаны айтпағанда тек Бөкей ордасынан шыққан қазақ оқығандарының саны зерттеуші тарихшылар көрсеткен екі пайыздан бірнеше есе асып түседі. Бұны жоғарыда

айтылған мәліметтер дәлелдейді. Осы кезеңдегі қазақ зиялыларының ішіндегі елеулі, ірі тұлғалардың бірі – Ғабдолғазиз Мұсағалиев (1888-1933 ж.ж.). Ол 1904-1909 жылдардағы Египет мемлекетінің астанасы Каир қаласындағы Университеттің заң факультетін бітірген – заңгер.

Ғабдолғазиз Мұсағалиев – халқымыздың жарқын болашағы мен ұлттық тәуелсіздігі үшін аянбай тер төккен ірі тарихи тұлғалардың бірі. Оның әр салада атқарған қызметі мен еліміздің бостандығы үшін ат салысқан игілікті істеріне баға беретін болсақ, оның есімі қазақ халқының тарихында ірі қоғам қайраткері, тұңғыш қазақ тарихшысы, публицист, ағартушы-демократ, өзінің ой-өрнегі бар дарынды ойшыл-философ және сегіз тілді жетік меңгерген, ХХ ғасырдың басындағы жалпыдемократиялық ағымда болған зиялыларының бірі.

Ол – орасан білімді абзал азамат. Көне шығыс елдерінің өмірі мен қоғамдық болмысын шарлап, жүріп көрген, салтын да жан-жақты білген десек қате болмас. Ол ХХ ғасырда өмірін саналы, өнегелі өткізген, із қалдырған заңгер, тарихшы, журналист, әдебиетші, халқымыздың саяси санасын ағартушы, прогресшіл, демократияшыл Ұлы Қазан революциясының идеяларын қолдаған азаткер.

Ғабдолғазиз Мұсағалиев ұлы мұхитқа жалғасқан Үнді мұхиты арқылы жүретін кемемен бүкіл Африка, Азияны аралап қайтады. 1909-1910 жылдары дүние жүзінде болып жатқан ұлттық қозғалыстарды, әр халықтың тұрмыс-тіршілігін танып-білу мақсатымен Үндістан, Пәкістан, Индонезия, Жапония сияқты Шығыс елдерінде болады. Бірақ, өкінішке орай, кейін Қазан төңкерісі кезеңінде олардың бәрі жоғалып кеткен.

1911-1913 ж.ж. Орда, Орал, Астрахань қалаларында Бақытжан Қаратаев, Ғұмар Қараш, Елеусін Бұйрин, Шәңгерей Бөкеев, Сейтқали Меңдешев тағы басқа қоғам қайраткерлерімен бірге «Қазақстан» атты қазақ халқының газетін шығаруға, таратуға белсене ат салысқан. Бұл газет 1911 жылы 16 наурыздан Ордада, 15 қарашадан Оралда, 1912-1913 жылдары Астраханьда шығарылды. Сөйтіп,

Ғабдолғазиз Мұсағалиевтер «Қазақстан» газетінің тілшісі қызметін қоса атқарған. Ғабдолғазиз Мұсағалиевтің Батыс Қазақстан облысындағы профессионалды одақтың негізгі басылымы «Қазақстанды» шығаруға ат салысқандығын жасыру үшін Жетісуға осы газетті таратушы ретінде келуіне себеп болды. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқапты» шығарушы және оның бас редакторы Мұхамеджан Сералинмен де достық қарым-қатынаста болады. Қапалда ағартушылық қызметпен тікелей айналыса жүріп, ол 1912-1914 жылдары Алаштықтармен бірге «Қазақ», «Айқап» сияқты ірі басылымдарда бірнеше мағынасы терең, көлемді ғылыми-танымдық мақалаларын жариялады. Көтерген мәселелері ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының өзекті сауалдарына жауап беріп, мазмұнымен талай зиялыларға ой салғанына таңданбасқа болмайды. 1917 жылдағы Ақпан төңкерісін Ғабдолғазиз Мұсағалиев өте қатты қуанышпен қарсы алады. Ақ патшаның тақтан құлауын қазақ халқының отарлық құрсау мен ұлттық езгіден босанудың негізі деп таниды. Білімді заңгер журналистік саланы да еркін меңгерген. Өз елінде Ғабдолғазиз Мұсағалиев қоғамдық және саяси қайраткерлердің бірі саналған. Ол прогресшіл, демократияшыл пікірден аумай, берік ұстанған. Бұған дәлел ретінде оның Россияда шығып тұрған «Шора» және «Тәржіман» журналдарында, «Уақыт» («Вахт») деген татар тілінде шығып тұрған газетінде татар тілінде жарияланған бірнеше мақалаларын айта аламыз. Газет беттерінде жарияланған қазақ халқын бостандыққа, теңдікке шақырған идеялар мен үндеулер қазақ халқының ұлттық санасын оятуға үлкен әсерін тигізіп отырды.

1917 жылы буржуазиялық-демократиялық революция тұсында және Қазан социалистік революциясында Ғ.Мұсағалиев пен С.Меңдешев революциялық демократтар жағына шығып, қазақ еңбеккерлерінің қызығушылығын қорғады. 1917 жылдың ақпан айында патша тақтан түсіп, Уақытша үкімет құрылғанда Ғабдолғазиз Мұсағалиев («Ғ.Мусин» деген бүркеншік атпен) шілде айынан бастап,

Орал қаласында өзінің әріптестерімен қосыла отырып, «Ұран» («Призыв») деп аталатын жартылай ресми газетті шығарады. Ұлт істері Комиссариятының қазақ бөлімшесінің Бөкей облысына көшуіне байланысты «Ұран» газеті Қазан төңкерісінің мұраттарын насихаттайды.

1917 жылы желтоқсан айының басында Ғабдолғазиз Мұсағалиев Алаш орданың III съезіне қатысып, ол 33 делегаттың бірі ретінде Алаш Орданың жетекші өкілдерінің контрреволюциялық тактикасын сынға алады. Бөкей ордасына 1917 жылы желтоқсан айында қайтып келген соң, Ордадағы Революциялық Комитеттің құрылуын жақтайды.

Сол Кеңестің І-съезінің 1918 жылы 13 мамырда өткен қорытынды мәжілісінде Ғабдолғазиз Мұсағалиев төрағалық етеді. Бұл мәжілісте Халық Комиссарияты туралы қаулыны қабылдағанда, Бөкей губерниялық Халық ағарту комиссары болып Сейтқали Меңдешев, оның бірінші орынбасарлығына Ғабдолғазиз Мұсағалиев бекітілген болатын.

Міне, қазақ тарихындағы Алаш партиясы мен Алаш Орда өкіметі тарихында Бөкей Ордасынан шыққан қайраткерлер, ірі тарихи тұлғалар - М.Бекмұхамедов, Шәңгерей Бөкеев, Бұйрин, Б.Қаратаев, С.Меңдешев, Б.Құлманов, Шафхат Бекмұхамедов, Ғұмар Қараш, Тұнғаншин, Ғ.Бөкейханов, Ғ.Мұсағалиев, У.Танашевтар болып жатырған қоғамдық-саяси оқиғалардан қалыс қалмай өзіндік үлестерін қосқан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Богданов А. Наука об общественном сознании. Краткий курс идеялогической науки в вопросах и ответах. Изд, 2 с. М, 1923. с 229.
2. Абжанов Х.М. Формирование и судьбы казахской интеллигенции // Мысль, 1992, №2. - с 84.

3. Қазақстан тарихы (көне дәуірден бүгінге дейін) III том, А, Атамұра, 2002. 698-718 бб.
4. Сүлейменов Ж. Ахмет Байтурсынов и его время // Мысль, 1996, №8, с 84.
5. Тарихи тұлғалар. Тоғысбаева Б., Сужикова А. Танымдық-көпшілік басылым. Алматы, «Алматыкітап», 2006.-376 б.
6. Ахметов Қ.Ә. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан мәдениеті. Алматы, 2002. -57 б.
7. Аманжолов К. Түркі халықтарының тарихы. III кітап, Алматы: «Білім», 1999, 328 б.
8. Шоқай М. Таңдамалы. –Алматы: Қайнар, 1 т. 1998. 512 б. (153 б).
9. Байтурсынов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей, 1919, №29, 2 августа.
10. Назарбаева Г., Әбжанов Х.М. Қазақстан: тарих пен тағдыр. Алматы: «Кітап», 2003. -296 б.
11. Қазақстан Республикасы әлеуметтік-мәдени дамуының тұжырымдамасы. Алматы: Қазақстан, 1993. -32 б.
12. Мұхтар Құл-Мұхаммед «Алаш қайраткерлері» А., «Атамұра» 1998, 72-128б.б.
13. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. А.,1999.
14. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан. А.,1987.
15. Өзбекұлы С. «Арыстары алаштың» А., «Жеті жарғы» 1998, 129-142 бб.
16. Рысқалиева Ф. «Қазақ зиялыларының азаматтық қайырымы» /Ақиқат, 2005, №4 57-58б.б./
17. Рысбеков Т.З. Өскен өлке тарихы. Орал, 1997.
18. Созақбаев С. «Каир университетін бітірген қазақ» /Жас Алаш,1992ж. 3 Маусым/.
19. Сәулембекова М. «Ғабдолғазиз Мұсағалиев» /Қазақ тарихы,2001,№1, 42-47б.б./
20. Тәжібаев Т. «Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века»
21. Халид Құрбанғали «Тауарих хамса: Бес тарих», Алматы, «Қазақстан», 1992, 239 б.
22. Шәріпқали Т. «Өлкеден шыққан қазақ оқығандары» /Орал өңірі, 2000ж. 30 тамыз.

* * *

В статье рассматривается государственная национальная политика в начале XX века и роль бокейской интеллигенции.

ӘОЖ 002(574.1)

Ә.Қ. Мұқтар
Тарих ғылымдарының докторы,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ, Орал қ.
Қ. Сүндетұлы
Тарих ғылымдарының кандидаты, Атырау қ.

ОРАЛ БАСПАСӨЗІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ (1932-1938 ж.ж.)

Қазақстанның өз ішіндегі әкімшілік-территориялық бөлініске байланысты 1928 жылы 17 қаңтарда Орал губерниесі округтерге айналып Гурьев және Орал аудандары құрылуымен, осы өңірге тарап тұрған «Қызыл ту» газеті Жымпитыға көшіріледі. Мұның соңы Орал қаласы мен қала төңірегіндегі қазақтар үшін өз ана тілінде газет оқуын қиынға түсірді. Жергілікті халықтың ұсынысына орай 1930 жылы 21 қазан күні өткен Орал аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде «Үлгілі ауыл» газетін шығару үшін редакциялық алқа құрылып, газетті ұйымдастыру жұмысы басталып кетеді [1]. Көп ұзамай 1930 жылдың 1 желтоқсаны күні аталмыш газет жарық көріп, сусындап қалған жергілікті оқырмандардың сүйікті басылымына айналады. Кейін басылым 1931 жылдың 8 наурызынан бастап «Үлгілі кеңес» атауына ие болып, қаладағы №194 Луначарский атындағы баспаханада 1500 данамен басылды. Редакторлығына М.Бекжанов қол қойып отырған.

1932 жылы 8 ақпандағы Қазақстанның жоғарғы үкіметінің қаулысына сай Батыс Қазақстан облысы құрылғанда, енді қайтадан осы дәрежедегі басылымды шығару міндеті тұрды. 1932 жылы 6 наурызда өткен ВКП(б) Батыс Қазақстан облыстық комитетінің ұйымдастыру бюросының №5 мәжілісінде газет құру мәселесі талқыланып, төмендегідей қаулы қабылданады (Түпнұсқа):

«Тыңдалды:

1. «Облыстық газеттерді ұйымдастыру».

а) Газеттердің атауын белгілеу.

б) Жауапты редакторларды беркіту.

в) Газеттің таралымын белгілеу.

Қаулы етеді:

а) Орыс тіліндегі газетке «Прикаспийская Правда» атауы берілсін.

б) Қазақ тіліндегі газеттің атауын анықтап, келесі бюро мәжілісіне дайындау ж.ж. Арықова, Ибраев, Ақдәулетовтерге тапсырылсын.

2. Газеттің жауапты редакторлары тағайындалсын:

а) Орыс тіліндегі «Прикаспийская Правда» газетінің редакторлығына ж.Шилкин (Александр -Қ.С.).

б) Қазақ тіліндегі газеттің редакторлығына ж. Ибраев (жауапты редактор, кейін «Социалды Қазақстан» газетінің тілшісі-Қ.С.).

3. «Прикаспийская Правда» газетінің №1 санын осы жылдың 8 наурыз күні, ал қазақшасын 9 наурызға шығару белгіленсін.

4. «Прикаспийская Правда» газетін алты күнде 5 рет, қазақ тіліндегі газетті күнара шығару (алты күнде 3 рет) болып белгіленсін.

5. Аталмыш облыстық газеттер: ВКП(б) обкомы ұйымдастыру бюросының, облатком ұйымдастыру комитетінің, облыстық кәсіподақ кеңесінің ұйымдастыру бюросының, ВКП(б) Орал аудандық, атқару комитеттері және аудандық кәсіподақ комитетінің үні болып табылсын.

6. «Прикаспийская Правда» газетінің көлемі 115х82 форматпен, таралымы 15.000 данамен және қазақ тіліндегі газет осы көлемде, таралымы 10.000 дана болып шығарылсын.

7. 1932 жылға газет шығару үшін қағаздың мөлшері орыс тілінде: көлемі 115х82 форматқа 30000000 парақ немесе 90 тонна, қазақ тіліндегіге 750000 парақ немесе 2100 тонна болып белгіленсін.

ВКП(б) Қазақстан өлкелік комитетіне КСРО Халық Комиссарлар жанындағы баспа ісі комитетінен облыстық газеттерді белгіленген мөлшерде қағазбен қамтамасыз етуге ұсыныс беру сұралсын.

8.Облыстық газеттерді шығаруға бүгінгі бар газет қызметкерлерінің күші жетіспейтіндігі атап көрсетілсін.

«Прикаспийская Правда» газеті редакциясының қарамағына жж.Маевский мен Руденко жіберілсін.

ВКП(б) Қазақстан өлкелік комитетінен газет қызметкерлерінің негізгі құрамын жасақтауға, әсіресе қазақ тіліндегі газет редакциясына мамандармен қамтамасыз ету үшін сұраныс беру ж.Арықоваға тапсырылсын.

9. Облыстық мекемелердің барлық жетекші қызметкерлеріне газет редакцияларымен тығыз байланыста болып, аталмыш шаралардың жүзеге асырылуын жан-жақты көрсету міндеттелсін.

ВКП(б) обкомы ұйымдастыру комитетінің хатшысы: (Аммосов)» [2].

Арада екі күн өткеннен кейін, 8 наурыз күні болған Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бюросының №6 мәжілісінде қазақ тіліндегі газетке «Екпінді құрылыс» («Ударное строительство») атауы беріледі.

Көп ұзамай, ВКП(б) Қазақстан өлкелік комитетіне берілген ұсынысқа сәйкес «Екпінді құрылыс» газетінің редакторы үшін редактор орнына орынбасар ретінде алдымен ж.Кеңесұлы, кейін Зайтүн Сыздықов қол қояды. Редактор З.Сыздықов туралы Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған құжаттарда мынадай деректер бар: «Сыздықов Зайтүн 1900 жылы мамыр айында Семей губерниесі, Қарқаралы уезі, Берікқары болысында жұмысшы отбасында туған, мамандығы бойынша еңбек өтелі 3 жыл, әлеуметтік тегі – қызметші, ВКП(б) қатарына 1927 жылы қабылданған, билет №0950731» [3].

З.Сыздықов 1915-18 жылдары батырақ болып байлардың малын бағады, кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1920-21 жылдары шаруашылықта қарауылшық, 1922-23 жылдары милиционер қызметін атқарады. Білімге деген құштарлығын білген құқық органдары басшылары оған 1923 жылы Семипалатинск қаласындағы кеңестік партия қызметкерлерін дайындайтын мектепке жолдама беріп, онда ол 3 жыл оқиды. Оқуды аяқтағаннан кейін Қызылағаш болыстық атқару комитетінің төрағасы болып 1 жыл жұмыс істейді. Кейін

Павлодар губерниесі, Ақкөл болысының, 1928 жылға дейін Қызылағаш аудандық атқару комитетінің төрағасы болып еңбек етеді. Жергілікті құзырлы органдардың шешімімен 1928-1931 жылы Ташкент қаласындағы САКУ студенті болып журналист мамандығын алғаннан соң, алдымен Ақмоладағы газеттің, кейін 1932 жылы 6 наурызда құрылған Орал облыстық «Екпінді құрылыс» газетіне редактор болып тағайындалады.

З.Сыздықов жаңа құрылған облыстық «Екпінді құрылыс» газетінің қанаттанып, оқырмандар арасындағы таралымын арттыруға, редакция құрамын қаламы жүйрік журналистермен толықтыруға, материалдық қорын жаңғырту бағытында бірқатар ұйымдастыру шараларын жүргізді. Осы бағытта жоғарғы құзырлы билік органдарымен бірлесе отырып жергілікті жерлерде газеттің қалың оқырмандар арасына таралымын арттыру мақсатында үгіт-насихат жұмысын жүргізуге газет қызметкерлерінің іс сапарларын ұйымдастырды. 1932 жыл 20 мамыр күнгі өткен ВКП(б) Батыс Қазақстан облыстық комитетінің ұйымдастыру бюросының №26 мәжілісі қаулысымен Орал облысындағы «Екпінді құрылыс» газетінің Тайпақ, Ілбішін, Ойыл және Жаңғала аудандары оқырман арасындағы таралымын арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру жж.Сыздықов пен Шилкин, Коробойниковтерге міндеттелген [2, 173-п.].

Газет беттерінде Батыс Қазақстан облысының саясиэкономикалық және мәдени өміріндегі қол жеткен табыстарымен қатар, өзара сын ұранымен біраз материалдар жарияланыпты. Солардың қатарында облыстағы баспасөздің дамуындағы күрделі, күрмеуі шешілмеген мәселелер де назардан тыс қалмапты. Мысалы, «Екпінді құрылыс» газетінің 1933 жыл 18 қаңтар күнгі №14(234) санында «Баспахана жұмысшыларының халі өте нашар» атты мақала жарияланып, баспахана жұмысшылары еңбегін ұйымдастыру дұрыс жолға қойылмағандығы сынға алыныпты. Оқып көрелік: «Жымпиты қаласындағы «Қызыл ту» газетін шығарып тұратын баспаханада 15 шамалы жұмысшылар бар. Бұлардың тұрмыстық күйлері өте нашар. Оған басты себеп

болып отырған жергілікті жабдықтау орнының баспахана жұмысшыларын дұрыс (мезгілді) жабдықтамай отырғандығы, сол сияқты баспахана жұмысшыларына тұратын үй берілмей, оған тиісті орынның көңіл қоймай отырғандығы. Бұл хал – қазір ғана кездесіп отырған хал емес, көптен созылып келе жатқан «аурулы хал». Жергілікті жабдықтау орны күні осы уақытқа дейін баспахана жұмысшыларын жабдықтауды елемей келеді. Баспахана жұмысшыларына азық-түлік алу жөнінде ай сайын аупарткомге, ауаткомге барып, солардың көмегімен ғана кооператив орындарынан алған боламыз.

Міне, осы қолайсыз жағдай жұмысшылардың жігерлерін құм етіп отыр. Осының салдарынан жұмыстың тәртібіне де көп жағдайсыздық туып отыр.

Сондықтан біздің айтарымыз тиісті орындар, әсіресе облыстық жабдықтау мекемесі мен кооператив одағы бұл кеселді жағдайды тезінен өзгертуге тиісті шара қолдансын. С-ұлы» [4].

Сондай-ақ, өлкедегі ауыл-село тілшілері қозғалысын өрістетуге бағытталған 1933 жыл 6 ақпан күнгі №25(245) санында «Екпінді тілшілер слеті» атты мақала осының дәлелі: «Жақын арада Орда ауданындағы 67 жылғы совхозы мен 88-түйе совхозындағы екпінділер, екпінді тілшілердің слеті өткізілді. Онда совхоздардың 32-жылғы жұмыс қорытындысы, бірлестік шарттың орындалуы, тілшілер қозғалысының жаңа міндеттері туралы мәселелер талқыға салынып большевиктік сын ұраны кең орын алды.

Слетке екпінділер совхоздардың орасандай өскенін шаруашылықтарының беркіліп қалғандығын айрықша көрсетіп, әсіресе жылқы малын күтіп өсіруде № 67 совхоздың ұлы табыстарын айқындады. ... Осындай табыстармен қатар кем-кетіктерді де слетке қатынасушылар большевиктік сын ұраны астында қоймай ашты. Осы кезге дейін совхоз иесіздікті жоя алмай келгенін көрсетті. Шынында да соңғы кезге дейін еңбек ақыны теңгермешілік жолымен беріп келген. Жұмыстың сан-сапасы ескерілмеген, еңбек табелді жоғалтып жіберушілік болған. Соның кесірінен қазір совхоздың 50 000 сомнан астам еңбек ақыдан борышы бар. «Екпінді құрылыс» постысы» [5].

Бірақ тәжірибелі журналист З.Сыздықов бұл газетте ұзақ бола алмайды, облыс басшылары 1933 жылы 16 қыркүйек күні жаңа құрылған Гурьев округтік «Социалды құрылыс» газетіне редакторлыққа тағайындайды [6].

Елде болып жатқан қоғамдық-саяси өмірдің жаңалықтарын бұқара арасында кеңінен насихаттаудың екінші бір ірі құралы радио болды. Сол кезде 8 жерде радио желісі: Орал қаласы, Гурьев, Жаңғала, Орда, Форт-Александровск, Доссор, Тайпақ және Ілбішінде бар болатын. 1932 жылдың 1 мамыры күнінен бастап радио байланыс торабынан «Прикаспийская Правда» және «Екпінді құрылыс» газеттерінің 10 саны беріле бастады. Бұл қолына газет тимеген оқырмандардың үйлерге тартылған радио алдына тізе бүгіп, газет хабарларын тыңдап кеңінен танысуына жол ашты [7].

Баршаға мәлім, бұқаралық ақпарат құралдары қашанда мемлекет бюджетінен қаржы бөлінбей жарық көрмейтіні белгілі. Батыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1934 жылы 28 тамыздағы №28 § 24 алқа мәжілісі қаулысымен осы жылға қаралған қаржыға қосымша «Прикаспийская Правдаға» - 10 мың сом, «Екпінді құрылысқа» -15 мың сом және «Комсомол ұрпағына» -5 мың сом бөлінді [8].

Уақыт талабына сай баспасөзге қызыл компартияның әміршілдік-тоталитарлық билігінің нығайып орнығуына байланысты, сол кезде олардың әр саны қатты бақылауда тұратын. Жарық көретін әр газеттің беттеріндегі мақала мазмұны, стилистикалық және грамматикалық қателер, газеттің шығатын мерзімі бәрі-бәрі қатты тексерілетін. 1935 жылы 24 қазанда «Екпінді құрылыс» газетінің мерекелік санын шығару кезінде баспахана әкімшілігі өндірісті дұрыс жолға қоя білмеген. Сондай-ақ, газет редакциясының материалды кешіктіріп бергендігі, клишелердің болмауы, жұмысшылар арасындағы ұлт араздығы да себепші болғандығы атап көрсетіліп, газет редакторы ж.Иманқұлов пен баспахана директоры ж.Золотаревтерге партиялық жаза қолданылған [9]. Аталмыш мәжілісте Батыс Қазақстан облысының баспасөзін маман кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында, Орал кеңес-партия мектебі жанынан 1936 жыл 1 қаңтарынан бастап аудандық және көптиражды газеттер

үшін «газет ісі бөлімін» ашуға шешім алынады. Осыған байланысты бұл мектептің 10 тыңдаушысын осы бөлімге тарту және қосымша аудандардан 10 адам іріктеуге тапсырма беріледі. Бұл кенжелеп қалған өлкедегі баспасөз ісін жандандыруға, баспасөздің орта және төменгі буындарын кадрлармен қамту мәселесін шешуге жол ашты. Сондай-ақ, жұмысшы, ауыл-село тілшілері мен көптиражды, қабырға газеттер редакторларының білімін көтеру оқулары тұрақты ұйымдастырылды. 1935 жылы 5 маусым күні обком бюросының №92/4 мәжілісінің қаулысымен 15 және 25 маусым күндері екі мерзіммен 15-тен адамдарды оқыту курсы ұйымдастырылып, оқу жоспары беркітілді: ж.Сталиннің әскери қызметкерлер алдындағы сөзін оқып-үйрену үшін – 15 сағат; қабырға газеттерін құрудың техникасы – 20 сағат болып белгіленді.

Гурьев окружкомына дәл осындай жоспармен аудандық курс өткізу міндеттелді [9, 3-іс, 108-п.].

Газет қызметкерлерінің шеберлігін ұштай түсетін осындай курстың пайдасы үлкен болғандықтан, жергілікті құзырлы органдар бұған қаржыны үнемдеген жоқ. Батыс Қазақстан облыстық атқару комитеті алқа мәжілісінің 1936 жыл 15 наурыздағы №11§25 шешімімен облыстық қаржы басқармасына газет қызметкерлері білімін жетілдіру курсын ұйымдастыру үшін «Прикаспийская Правда» мен «Екпінді құрылыс» газет редакцияларына қосымша 6000 сомнан қаржы бөлінді [10].

1936 жыл 28 маусым күнгі обком бюро мәжілісінің №42 §10 «Облыстық аудандық газет қызметкерлерінің курсын шақыру туралы» қаулысымен, аудандық газет редакторларының орынбасарлары, кеңшарлардағы МТС газеттері редакторлары мен ірі кеңшарлардың қабырға газет редакторларының 45 адамы қатысқан оқу курсы ұйымдастырылды. Курстың жауапты ұйымдастырушысы болып ж.Сүйінбаев тағайындалады. Аталмыш курс сол жылдың 5 шілдесі мен 15 тамызы арасында өткізіліп, тыңдаушылар алдында жж.Барласов, Пантюхин, Иманқұлов, Туркин түрлі тақырыпта баяндама жасайды.

Батыс Қазақстан облыстық партия комитеті бюросының 1935 жыл 2 қараша күнгі болып өткен мәжілісінде облыстық

және округтік газеттердің таралымы келесі жаңа жылға төмендегідей болып белгіленді:

Облыстық газеттер: «Екпінді құрылыс» - 12000, «Прикаспийская Правда» -12000 және «Комсомол ұрпағы» - 4000 дана.

Округтік газеттер (Гурьев): «Социалды құрылыс» -5000, «Прикаспийская Коммуна» -5000 дана.

1936 жыл 27 наурызда Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросында «Прикаспийская Правда» және «Екпінді құрылыс» газеттерінің жайы туралы» атты мәселе қарап, төмендегідей қаулы қабылдайды. Атап айтқанда, облыстық екі газеттердегі жарияланған материалдардың идеялық- саяси дәрежесі, газеттің құрылуы және мақалалардың әдеби өңделуі әліде болса талап тұрғысынан төмен, редакция ұжымы күнделікті жұмысында тап қырағылығын танытпайды, материалға сын тұрғысына қарамайды, стахановшылар қозғалысы кеңінен өрістетілмейді, облыстың маңдай алды озат екпінділерінің жетістіктері насихатталмайды, газеттің бұқаралық – ұйымдастыру жұмысы қанағаттанғысыз жүргізілуде, жұмысшы, ауыл-село тілшілерін тәрбиелеудегі, партия тұрмысы және партиялық тәжірибе жұмыстары нашар көрсетілген, жұмысшы, ауыл – село тілшілерінің мақалаларындағы көрсетілген сигналдарға облыстық сот және прокуратура, сондай-ақ аудандық тергеу-тексеру органдары назар аудармайды.

Аталған кемшіліктерді екі айдың ішінде жоюдың шарасын алу газет редакторларына міндеттелген [11].

Сол жылдарда қарқын алған баспасөздегі сталиндік зобалаң облыстық газеттерге де өз салқынын тигізбей қоймады. 1937 жыл 1-2 сәуірдегі Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің Х Пленумында облыс басшысы І.Құрамысовтың «ВКП(б) ОК Ақпан пленумы қорытындылары» атты баяндамасын талқылауға шыққан жарыс сөзге қатысқан обком комсомол хатшысы ж.Қожахметов «Екпінді құрылыс» газетінің комсомол ұйымдарының кемшілігін көрсетіп, «қырағылық танытпай отыр» дегеніне қынжылыс білдірсе, көптиражды газет редакторы ж. Кальментьев («Гурьев – Қандыағаш құрылысында» газетінің - Қ.С.) Троцкизм және Зиновьев,

Каменовтердің қылмысын әшкерелеген мақалада «контр» және революция деген сөздерді тасымалдағанда (лексикалық сипат-Қ.С.)) саяси қателік кеткені үшін Гурьев окружкомы хатшысы Х.Ақботинге ескерткенін айтыпты. Осылайша, өз басына төнген қатерді округ басшыларына аудара салады [12].

Облыстық газеттердің редакторлары да жиі өзгеріп отырған. 1935 жыл 5 шілде күні болған «Екпінді құрылыс» газетінің редакторы Елжас Бекенов босатылып, орталыққа шақыртылады да, оның орнына ж.Иманқұлов тағайындалады [13]. Сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған Е.Бекенов (1892-1938) жазушы, публицист. 1933 жылы Мәскеу қаласындағы қызыл профессурасы институтын аяқтағаннан кейін «Еңбекші қазақ», 1933-1936 жылдары «Екпінді құрылыс» және «Ленин туы»(Петропавловск) облыстық газеттерінде редактор болады. Е.Бекенов «Екпінді құрылысқа» жоғарыдағы З.Сыздықовтың орнын басқан еді.

Заманның «суға кеткен тал қарамайды» деген кезі еді. Қазақстан өлкелік партия комитетінің баспасөз бен баспа ісі бөлімі «ВКП(б) ОК алқасы мен Қазақстан КП(б) I сиезі шешімдерін жүзеге асырудағы баспасөз рөлі» атты баспасөзге шолу жасаған есебінде мынадай жолдар бар: «Әсіресе, Батыс Қазақстан облыстық газетінде 15 адам жетіспейді. Аудандық газеттердің 5 редакторының орны бос тұр. Есепті кезеңде облыстық газеттен дұшпандық пиғыл танытқан 14 әдеби қызметкер мен 4 редакторы жұмыстан қуылды. Аудандық газеттің 7 редакторы әшкереленді. Олардың барлығы да халық жаулары ретінде троцкистер мен контрреволюционерлер олармен ауыз жаласқандар болып шықты. ...«Екпінді құрылыс» газеті редакциясына сәуір және мамыр 2 айда түскен 759 хаттың бар-жоғы 288 ғана жарық көрген, қалғандары редакцияда еш қозғалыссыз жатыр. Газет редакторы мен орынбасарлары еңбекшілердің хатына селқостық танытқан, хат бөлімі маңызды іске араласпай отыр» деп сынға алған [14]. Газет редакторы ж.Қосжановқа аталмыш мәселелерді қатерге бере отырып, партия ұйымдарының халық жаулары мен ұлттық фашистермен күрестегі үнсіздікті жою міндеттеледі. Алайда бірнеше күннен кейін тұтқынға алынған Қощанов Ізбай Нұржігітұлы

1938 жылы 13 қарашада сотталып, сол күні атылады. 1969 жылы 23 сәуірде ақталады [15, 287 б.].

Жоғарыдағы тұтқынға алынған редакторлар ішінде Иманқұлов Сәтбек Сәрсенұлы 1937 жылы 5 қыркүйекте абақтыға жабылып, 1938 жылы 8 наурызда атылған. КСРО Жоғарғы Сотының 1958 жыл 1 наурыз күні ақталған.

Қорыта келгенде, ХХ ғасырдың отызыншы жылдарында Батыс Қазақстан облысының баспасөзі өлкенің саяси-экономикалық және мәдени дамуына зор үлес қосты. Компартияның қатаң қыспағына қарамастан бұқара халықтың санасы мен ой-пікірін қалыптастыра отырып, күн өткен сайын қалың бұқара арасында сөзі салмақты, ойы орнықты бола түсті.

Биылғы жылы 90 жылдық торқалы тойын атап өткелі отырған Орал баспасөзінің өткен жолы бүгінгі жас ұрпаққа сүйсіне қарайтын тағылымы мол тарих болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚР ПМ) 141-қ., 1-т., 3627-іс, 71-п.
2. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (БҚОММ)37-қ., 1-т., 5-іс, 12-п.
3. БҚОММ 37-қ., 3-т., 391-іс, 1-п.
4. Екпінді құрылыс. – 1933. – 18 қаңтар.
5. Екпінді құрылыс. – 1933. – 6 ақпан.
6. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты 2-қ., 1-т., 209-іс, 21-п.
7. БҚОММ 2027-қ., 1-т., 1-іс, 3,4-п.п.
8. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекет мұрағаты (ҚРОММ) 5-қ., 15-т., 167-іс, 246-п.
9. БҚОММ 37-қ., 4-т., 5-іс, 125-126-п.п.
10. ҚРОММ 5-қ., 17-т., 100-іс, 253-п.
11. БҚОММ 37-қ., 5-т., 2-іс, 170-п.
12. БҚОММ 37-қ., 6-т., 8-іс, 346-249-п.п.
13. ҚР ПМ 141-қ., 1-іс, 8064-іс, 522-п.
14. ҚР ПМ 708-қ., 1-т., 541-іс, 16-17-п.п.
15. Политические репрессии в Казахстане в 1937- 1938 гг. Сборник докум. (Отв.редактор Л.Д.Дегитаева. –Алматы: Қазақстан, 1998. - С 336. – (Архив Президента РК).

* * *

В этой статье речь идет об истории печати Уральской области в 1932-1938 годах.

* * *

This article is about printing history of Uralsk oblast in years 1932-1938.

ӘОЖ 947.1/9

С.Т. Рысбекова
Тарих ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Алматы қ.

АУЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНЕ ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ РӨЛІ (XX ғ. 30-шы жылдар)

Ауыл мен селоның қоғамдық өміріне көпшілікті тарту кәсіби емес қызмет болып табылатын басқару ісі бойынша мемлекеттік және қоғамдық жұмыста өз еркімен, қайтарымсыз, бастамашыл кейіпте екені мәлім. Ауыл тұрғындарының барлық кәсіби-әлеуметтік топтарына білім беру, олардың мәдени-техникалық дәрежесінің, саяси мәдениетінің өзгерістері аталмыш үрдістің әрі қарай даму барысын айқындайды.

20-30-шы жылдары ауыл және село еңбекшілерінің интернационалдық тәрбиесі әрдайым республиканың қоғамдық ұйымдарының көз аясында болды. Әсіресе, айрықша ауыл тұрғандарымен ерекшеленген Қазақстанның жағдайында бұл мәселе ерекше еді.

Жер-су реформалары, шабындықтар мен егін алқаптарын қайтадан бөлу, ақсүйек-байлардың ірі меншіктерін тәркілеу сынды Кеңес билігінің алғашқы жылдарында өткізілген әлеуметтік-экономикалық шаралар ұлтаралық қарым-қатынасқа және шаруалардың интернационалдық тәрбиесіне байланысты мәселелердің шешімін табуға негіз болды. Осы шаралар арқылы тек ауылшаруашылығына қажетті алдын ала жағдай жасалып қана қоймай, сонымен қатар, қазақ республикасында тұратын барлық ұлттардың кедей шаруаларының бірігуіне септігін тигізді.

Колхоздық қозғалысты өрістету, ауылшаруашылығын көтеру барысында жұмысшылардың көмек көрсетуі арқылы

жұмысшы-шаруалармен қарым-қатынастың нығайғаны, қарым-қатынастың екіжақты түсінушілікке ұласқаны, еңбекшілердің интернационалдық бірігу үрдісін ерекше атап өткен жөн.

Шаруалар тұрмысы мен психологиясының өзгерістеріне, халықтар достығының нығаюына жиырма бес мыңдықшылар қозғалысы және МТС, колхоз сияқты ірі механикаландырылған шаруашылықтар нақты рөл атқарды.

Ауыл еңбеккерлерінің интернационалдық бірігу үрдісіне саяси бөлімдер жаңа, жоғары әрі маңызды сатыны енгізді. 1933 жылдың қаңтар айынан бастап олар ауыл мен селодағы саяси-көпшілік жұмысын жүзеге асыруды, МТС және совхоздарды нығайтып, олардың шаруалар арасындағы беделін көтеру шараларын кеңінен ұйымдастырды. Саяси бөлімдерде жұмыс жасау үшін Қазақстанға Мәскеу, Ленинград және Украина, Белоруссия сынды - достастық Республикалардан 650-ден астам тәжірибелі партия қызметкерлері жіберілді (1; 58-59 б.б.).

Қазақстанның партиялық-кеңестік және қоғамдық ұйымдарымен интернационалдық беріктікті және халықтар арасындағы қарым-қатынасты нығайту барысында үлкен жұмыстар атқарылды.

Интернационалдық тәрбие беру жолында олар көпшілікке идеологиялық әсер етудің барлық формаларын қолданды: партиялық ағарту ісі, мәдени білім беру жұмысы, баспа, радио, әдебиет, өнер. Республикалық еңбекшілердің халықаралық шараларға қатысуларына, шетелдердің демократиялық еңбекшілер ұйымдарымен қарым-қатынас орнатуға үнемі үлкен көңіл бөлініп отырды. Интернационалдық тәрбие мен байланысты жүзеге асыруда жұмысшыларға халықаралық көмек ұйымдарының маңызы жоғары еді (ЖХКҰ). ЖХКҰ-ның әр түрлі бағыттағы қызметі республикалық еңбекшілердің интернационалдық байланысының бір жағын көрсетіп тұр. Саяси-көпшілік шаралар ЖХКҰ қызметінің ең маңызды формасы болып табылады, шетелдік пролетариаттарының революциялық пікірлерін қорғайтын халықаралық науқандар, комитеттер мен бастауыш ұйымдар жұмысының нығаюын көздеген

арнайы науқандардың интернационалдық қызметін күшейту, үгіт-насихат жұмысының әдістері мен формалары да әр түрлі болды. Мәселен, олар: митингілер, шерулер, интернационалдық кештер, құрылтайлар, пікір-сайыстар, лекциялар мен баяндамалар, т.б.

Республикалық ауыл еңбеккерлерінің саяси белсендігі мен жан-жақты көмек беруінің айқын көрінісін, 30-шы жылдардың орта шегінде шетел еңбекшілерінің ішінде Испания халқына көрсеткен көмегінен көруге болады. Бүкіл халықтық науқанын жүргізу кезінде, 1936 жылдың қараша айында ЖХКҰ-шылардың және кәсіподақтық ұйымдарының Республика бойынша Испанияға көмек ретінде 1 522 205 сом қаржы жиналды, атап айтсақ, Алматы облысы – 161 280 руб., Солтүстік Қазақстан облысы – 264 629 руб., Шығыс Қазақстан облысы – 239 218 руб., Батыс Қазақстан облысы – 128 544 руб., Ақтөбе облысы - 112 402 руб. (2)

Қазақстандық ЖХКҰ бастауыш ұйымдары фашистік террорға және басынушылыққа қарсы күреске, Г.Димитров, Э.Тельманды және гитлерлік түрмелер мен концлагерьлерде болған басқа да антифашистік-революционерлерді босатуға бағытталған халықаралық науқанды ұйымдастыру мен өткізуге, ЖХКҰ қатарына еңбекшілерді молынан қамту жұмысымен айналысты. Осының нәтижесінде 1934 жылы Қазақстандағы ЖХКҰ-шылар саны 200 мыңға жетті. (3; п.11.)

Қарастырып отырған кезеңде қоғамдық ұйымдардың қызметінде әскери-патриоттық жұмыс маңызды мәселелердің бірі еді. Аталмыш жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізілді: біріншіден, ауыл еңбекшілерінің әскери-техникалық дайындығының қоғамдық формаларын дамыту, көпшілік қорғаныс қоғамдық ұйымдарының (Осоавиахим, Қызыл Крест, т.б.) Кеңестік органдармен бірлескен жұмыстары; екіншіден, жастарды әскерге шақырудың алдында дайындық жүйесін (міндеттелген әскери оқытуды) ұйымдастыру барысында комсомолдық ұйымдарға көмек көрсету. Кеңестік органдар өздерінің депутаттық топтары арқылы колхоз-совхоздардың кәсіподақтық және комсомолдық ұйымдарымен Осоавиахим қорғаныс шараларын іске асырды, осы арқылы жазғы, теңіздік және ат

спорт түрлерінен сабақ өткізетін мамандарды жинау ісі жеңілдеді.

Республикалық комсомолдық ұйымдар көпшілік-қорғаныс жұмыстарына үлкен көңіл бөле отырып Осоавиахимдық және дене тәрбиесі ұйымдарымен байланысты күшейтті. 1937 жылы 4827 бастапқы Осоавиахимдық ұйымдарда 30 704 комсомол мүшелері болды, бұл барлық құрамның 16,1 % еді (3; п.8).

Қызыл Крест қоғамына үлкен көмек көрсетіліп, дене тәрбиесі мен спортты ұйымдастыруда олардың жұмысын жақсарту мен орнықтыру, сонымен қатар, аудандық әскери бөлімдерде әскерге және флотқа шақыруды дайындау мен өткізу барысында жұмыстар атқарылды. 1935 жылдың 3 тоқсанында Қызыл Крест мүшесі болып 70 306 адам енген, бұл көрсеткіш жылдық жоспардың 88,4 % құрды, соның ішінде колхозшылар – 17 750 адам немесе 25,2 пайыз, жұмысшылар – 11 755 немесе 16,8 пайыз, комсомол мүшелері – 5016 адам немесе 7,1 пайызды құрайды (3; п.2).

Қызыл Крест қоғамы санитарлы-гигиеналық тақырыптарға арналған баяндамалар мен лекциялар, жиналыстар ұйымдастырды. 1934 жылдың аяғында республика бойынша 322 санпосттар енгізілсе, 1935 жылы олардың саны 493 жетіп, 100 шақты қызылкрестік бұрыштар болды (3; п.4).

Қызыл Крест қоғамы ауылшаруашылығы жұмысына да белсенді араласты. Егін алқаптарын отырғызу науқанын өткізу кезінде Қызыл Крест қоғамы санитарлық гектарларға егін егу арқылы нақты нәтижеге қол жеткізді. 1935 жылы республика бойынша егін егу кезінде 155,5 санитарлы гектарларда отырғызу жұмысы жүргізілді (3; п.6).

ГСО белгісін иемденушілер дайындауға және жарна жинау жұмысына ерекше көңіл бөлінді. 1935 жылы республика бойынша 9608 белгі иемденушілер дайындалып, олардың ішінде жұмысшылар – 1843, колхозшылар - 1019 (3; п.3).

Облыстар бойынша 1934-1935 ж.ж. аралығындағы Қызыл Крест қоғамының мүшелері мен мүшелік жарналары туралы мәлімет төмендегідей:

Облыс атауы	1934 жыл бойынша		1935 жыл бойынша	
	1.01.1934 ж. мүшелер	Жиналған мүшелік жарналар	Барлық мүшелер саны	9 айға жиналған мүшелік жарналар
Ақтөбе	4440	6728	13000	16800
Алматы	12149	3975	17836	10532
Шығыс Қазақстан	3764	3517	8764	10517
Гурьев	165	198	2300	2760
Батыс Қазақстан	1837	2204	8300	7200
Қарағанды	7068	3677	1300	16860
Оңтүстік Қазақстан	13600	12665	18600	19920
Республика бойынша	43023	32964	70100	84589

ЖХКҰ, Осоавиахим, Қызыл Крест қоғамы және дене тәрбиесі ұйымдарының сандық көрсеткіштерінің нақты өсуі, жергілікті Кеңестік органдарының және қоғамдық ұйымдардың оларға көрсеткен көмектері арқылы тек атаулы ұйым жұмысының жетілдіруі емес, сонымен қатар, көпшілік еңбеккерлердің патриоттық тәрбиелерінің жоғары сатыға көтерілуіне, әскери істің маңыздылығын көрсетуге септігін тигізді. Еңбекшілердің көпшілік-қорғаныстық қоғамдық ұйымдар жүйесі жергілікті кеңестік органдардың, кәсіподақ пен комсомолдардың көпшілікке әсер етуінің жолы еді, оларды патриотизм рухында тәрбиелеп, еңбекшілерге әскери-патриоттық және интернационалдық тәрбие берудегі Кеңестік және қоғамдық ұйымдардың көп қырлы қызметінің нәтижесі Ұлы Отан соғысы жылдарынан айқын көрінді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Маликова Р.Н. В едином строю. А.,1987
2. «Казахстанская правда», 1936, 17 ноябрь
3. ҚРОМА. 1125 қ., 1 т., 10 іс; 1802 қ., 1 т., 46 іс; 1690 қ., 1 т., 6 іс; 5 іс;

УДК 94(574):297

Тасмагамбетов А.С.
Кандидат исторических наук,
ЗКГУ им.М.Утемисова, г.Уральск

ИЗ ИСТОРИИ РАСПРОСТРАНЕНИЯ ИСЛАМА В ТРАДИЦИОННОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

О времени проникновения и этапах распространения ислама на территории Казахстана на сегодня уже написано во многих научных исследованиях. Берущий начало с VIII-IX веков данный процесс в каждый из своих этапов имел свои особенности. Да и проникновение мусульманства было неравномерным относительно отдельных регионов страны. Во втором тысячелетии окончательно складывается своеобразная духовная культура традиционного казахского общества, влияние на которую извне в этот период в основном начал оказывать ислам. Данное влияние растянулось на длительное время и в каждые определенные периоды имело свои особенности. Ислам проникал в казахские земли постепенно не только по временным показателям, но и по территориальным. Да и со временем изменялись и основные субъекты данного процесса, то есть основные проводники исламских идей и ценностей в казахские земли.

Одним из важных периодов истории ислама на территории Казахстана является период его присоединения к Российской империи и нахождения в составе данной империи. Именно в этот период ислам окончательно распространяется и укрепляется на территории нашей Казахстана. Именно в отмеченный период мусульманство в Казахстане начинает занимать значительное место во многих сферах общественной жизни, постепенно становится субъектом и объектом различных социальных отношений. В это время он уже является составной частью духовной и материальной культуры населения, а в конце XIX – начале

XX веков становится и одним из важных факторов общественно-политической жизни.

До более или менее «плотного» соприкосновения с Россией, то есть до XVIII века, проникновение ислама на территорию Казахстана шло в основном из Средней Азии. Такие ее центры как Бухара и Самарканд были тогда крупнейшими центрами «книжного ислама» не только региона, но и всего мусульманского мира. Отсюда в средние века шли на окраины мусульманского мира проповедники, с целью распространения учения ислама среди «язычников». Многие из них оказывались и на территории нашей страны, способствуя со временем все большему влиянию данной религии на систему мировоззрения степняков.

Скорее всего, из них и из их потомков постепенно в традиционном казахском обществе сложилась социальная прослойка ходжей, которых образный язык кочевников также именовал «асыл суйек» («благородная кость»). Принято было считать, что они являются потомками сподвижников пророка Мухаммеда, что при их миссии в Степи, вероятнее всего, являлось сопровождавшей этот процесс своеобразной идеологией.

Но, так или иначе, миссию свою они выполняли, особенно в оседлых и полукочевых регионах Казахстана. Да и тот факт, что традиционное казахское общество признало их и возвело в статус «благородной кости» говорит о многом. Более того, в XVII веке в «Жеты Жаргы» (в законах хана Тауке) их высокий статус в традиционном казахском обществе был, как бы, узаконен [1, с.114]. Ну а то, что некоторые нормы шариата нашли отражение в этом законоположении, говорило о результатах их деятельности.

Как показывает история, распространение и укрепление на определенной территории монотеистических религий, каковым, безусловно, является и ислам, идет быстрее и интенсивнее, при наличии нахождения этой территории в рамках одного политического объединения, с достаточно централизованной системой управления. Иными словами, когда религии начинают приобретать характер и важного политического фактора. Но, как известно, кочевая

цивилизация, в силу своих специфических особенностей, никогда не предрасполагала к возникновению крупных централизованных политических объединений на долговременной основе.

Поэтому, условия кочевого общества (постоянная жизнь в естественно-природной среде) и само по себе его консервативность, а также политическая самодостаточность родо-племенных объединений, способствовали, с одной стороны, достаточно прочному сохранению доисламских религиозных воззрений, а, с другой стороны, при неполитизированности религиозной сферы жизни, кочевники были привержены «естественной свободе совести».

Только в отдельные периоды истории кочевых обществ, когда образовывались достаточно крупные и относительно централизованные политические объединения, религиозные вопросы начинали приобретать некоторый политический оттенок. Именно в такие периоды наиболее развитые и универсальные к тому времени религиозные системы, получали возможность для своего более или менее успешного распространения и укрепления на территории этих кочевых обществ. Что касается тюркских кочевников, в том числе казахов, примером вышесказанного по отношению к ним является Золотая Орда.

Как свидетельствуют источники, именно период существования Золотой Орды был одним из благоприятных периодов для укрепления ислама на территориях, входивших в ее состав. Принятие и оказание покровительства исламу политическими верхами данной крупной державы при этом надо воспринимать, в первую очередь, не как стремление утверждать истинную веру, а более как стремление к достижению порядка, мира и благополучия в государстве. Более того, несмотря на значительное укрепление своих позиций в этом государстве, одной из особенностей ислама здесь являлась его терпимость к другим верованиям.

В Золотой Орде это проявлялось как в отношении ислама к другим религиям, так и в отношении к внутримусульманским различиям. Как считает Чарльз Дж. Гальперин, жители Золотой Орды «не жили в религиозно

враждебном окружении, религиозное различие не создавало реальной угрозы для их гегемонии или общественного порядка… Тюркизация и принятие ислама не угрожали кочевническому образу жизни, лежавшему в основе военных возможностей Золотой Орды» [2, с.29]. Действительно, в столице этой державы жили ученые-богословы разных мазхабов (шафииты, маликиты) и различные суфийские общины. И в придании такого характера здешнему исламу также значительную роль сыграл политический фактор, чем религиозный. Это была своеобразная «религиозная тактика» ранних Чингизидов, проявление политики, призванной искать союзников в лице «князей различных церквей и вероучений» [2, с.30].

Тем не менее, логика развития централизованного государства вела к постепенному упрочению в данной державе одной религии, в данном случае - ислама. И при могущественном Узбек-хане (1312-1342) в Золотой Орде за исламом был признан официальный статус. Наверное, неслучайно, что данный процесс совпадает по времени с периодом наибольшего могущества и расцвета этого государства.

В распространении исламской веры в традиционном казахском обществе, безусловно, значительная роль принадлежит представителям суфийских школ. При этом нельзя проводить строгую грань, а тем более противопоставление, между ними и ходжами, которые сами, иногда, могли принадлежать к какому - нибудь из суфийских орденов. Тем не менее, деятельность представителей суфийских братств среди кочевников, способствовала более безболезненному и более широкому распространению у них мусульманства, когда со временем ишаны могли становиться «пирами» (духовными покровителями) целых родов. Это во многом было связано с особенностями суфизма и практикой деятельности его последователей, нашедших определенное созвучие с духовной культурой кочевников, к примеру, в почитании святых и поклонения им.

Со временем суфизм в Степи стал занимать определенную нишу в религиозной сфере кочевого общества.

Его представителями стали удовлетворяться духовные потребности степняков, способствуя через это дальнейшему расширению представления казахов об исламе. Но в тот период и при тех условиях, в казахском обществе мог развиваться только синкретический ислам, основанный на народных верованиях и, при отсутствии достаточных знаний о его канонах, закреплявший и развивавший так называемый «народный ислам». Поощряя синкретические верования и обрядность, представители суфизма приспосабливали его к местным обычаям и языку, преобразовывая тем самым и суфизм [3, с.19].

Согласно многочисленным преданиям, именно представители различных суфийских течений обращали в ислам многих центрально-азиатских правителей постмонгольского периода [4, с.129]. В их числе оказывались, со временем, также казахские ханы и султаны. Да и в целом в Степи ислам, можно сказать, во многом утверждался через личное почитание проповедников. В этом плане нужно согласиться с мнением Н.Д. Нуртазиной, подчеркивающей своеобразие распространения ислама среди кочевников, напоминая точное высказывание В. Бартольда о том, что под влиянием суфийских проповедников «кочевники становились не столько мусульманами в смысле принятия догматов и обрядов ислама, сколько личными почитателями шейхов, в которых они видели подвижников и чудотворцев» [5, с.29]. И, действительно, во многом через почитание ишанов основная масса казахов и других центрально-азиатских кочевых народов усваивала моральные нормы ислама, его мировоззрение и постепенно приходила к внутреннему осознанию канонов этой религии.

Особенности своеобразия и неоднозначности рассматриваемого процесса подчеркивает и следующий исследователь ислама в Казахстане - А.К. Султангалиева. Она, в частности, пишет: «При соприкосновении ислама с бытовавшими до него в евразийских степях религиями…он не смог вытеснить наиболее жизнеспособные из них - местные древнетюркские верования с ярко выраженным в них поклонением природному началу. Тем самым в ходе

адаптации исламом тюркского языческого наследия и, наоборот, восприятия последним исламской атрибутики осуществлялся синтез, который создавал культурную основу уклада жизни казахских племен. При этом решающую роль в исламизации сыграло то, что ислам усваивался не в своей ортодоксальной форме, а в его мистической суфийской интерпретации. Идеи центральноазиатского суфизма во многом оказались близки традиционным космогоническим представлениям древнетюркских кочевников. В отличие от ряда других мусульманских регионов, суфийские братства здесь не считались еретическими, а значит, не было четкого деления между официальным и «народным» исламом» [6, с.73].

После распада Золотой Орды распадается и общее политическое, а также, в некотором смысле, культурное пространство, формировавшиеся на протяжении почти двух столетии на значительной евразийской территории. Это имело отношение и к территории Казахстана, что, конечно же, отразилось на характере и особенностях дальнейшего развития многих социальных процессов и явлений в традиционном казахском обществе, в том числе и в духовной сфере. При нахождении в составе Золотой Орды на эту сферу, все-таки, могли оказывать определенное влияние политические факторы, особенно с периода правления знаменитого хана Узбека, когда исламу в державе был придан официальный статус и его дальнейшее распространение на территории этого государства, естественно, было в интересах политических верхов.

Таким образом, с распадом Золотой Орды, в кочевом казахском обществе, у которого ослабли связи с мусульманскими центрами Средней Азии, вновь превалирует «естественная свобода совести». Ослаблению влияния крупных мусульманских центров также способствовал упадок Евразийских торговых путей, вызванный началом открытия морских торговых путей между Европой и Азией. Поэтому центрально-азиатские кочевники на какое-то время «отдалились» от региональных и континентальных процессов, происходивших в тот период, в том числе религиозного характера. Это, в свою очередь, способствовало

дальнейшему, более полному сохранению традиционной духовной культуры.

Но, тем не менее, ислам уже присутствовал на территории Казахстана и в последующие периоды его истории он, постепенно, только укреплял здесь свои позиции, и расширял географию своего распространения. В казахском ханстве, хотя ислам не был в таком положении как в Золотой Орде, но казахские ханы – Касым, Хакк-Назар, Тауекель, Есим, Тауке, Аблай и другие – старались поддерживать традиции мусульманских правителей этой державы. Они были образованны, знали коран, арабский, персидский языки, следовали нормам шариата [7, с.6].

Несмотря на упадок континентальных торговых путей, межрегиональная торговля сохранялась, а купечество по-прежнему оставалось одним из связующих звеньев между Степью и оседло-земледельческими регионами. Они, как правило, выступали не только как торговые посредники, но являлись и своего рода «культурными» и «религиозными» посредниками. По этому поводу Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани отмечал: «[Казахские] купцы постоянно посещали и посещают страны ислама, равно как и купцы этой страны [Маверанахра] ездят к ним… Купцы…изучают предписания мусульманства… И сейчас их ханы и султаны – мусульмане. Они читают Коран, совершают намаз, отдают своих детей в школу» [8, с.360].

При их посредничестве, к примеру, в свое время от богословов Бухары было передано сообщение султану Бараку, относительно обучения там казахов. В нем, в частности, отмечалось: «…и у нас ныне находится источник мудрости, ибо из всех народов, а именно узбеков, таджиков, арабов, туркменов, много есть учащихся в школах наших, а от вашего народа, столь многочисленного, не находится ни одного ученика» [9, с.15].

Говоря о роли купечества в деле распространения мусульманства на территории Казахстана, нужно заметить, что при их участии, вскоре, влияние ислама казахи стали испытывать не только, как прежде, «с юга», но и с «севера». С этой стороны «посредниками» в данном влиянии

выступили татарские купцы. Их проникновение в казахские земли, а отсюда и в среднеазиатский регион начался довольно рано. К примеру, в одном из источников отмечается: «Казанский татарин-торговец вследствие знаний языка и обычаев родственных тюркских племен с XVI века становился посредником между русской и азиатской торговлей» [10, с.52]. По мере расширения границ Российского государства на Восток представители татарского купечества стали все чаще появляться в казахских кочевьях.

Это были некоторые особенности распространения ислама в Казахстане до середины XVIII века, то есть до начала процесса присоединения его территории к Российской империи. Но этим временем данный процесс в казахских землях не ограничился, он стал здесь переходить в свой новый этап и развиваться далее в новых условиях и при других обстоятельствах. И, как бы это не казалось противоречивым - Казахстан включался в состав в основном православного государства - в этот последующий этап ислам закрепляется здесь основательно. Поэтому этот период (конец XVIII-начало XX вв.) имеет значительные свои особенности и стоит особняком в истории распространения ислама на территории Казахстана.

Одним из важнейших особенностей этого периода в истории распространения ислама в среде казахов становится то, что в его начальный период мусульманское миссионерство здесь приобретает значительную государственную поддержку со стороны властей Российской империи. В связи с этим, а также в силу ряда других причин ислам в Казахстане в этот период постепенно становится важным фактором и политических отношений, чего, как правило, не было в предыдущие периоды его истории здесь.

Исторически сложилось таким образом, что значительная часть начального периода процесса присоединения территории Казахстана к Российской империи, совпала со временем правления Екатерины II и Александра I, для которых были присущи некоторые черты «просвещенного» правления. Со второй половины XVIII века, с приходом к власти Екатерины II, в политике

властей по отношению к исламу происходят существенные изменения в сторону терпимости и лояльности. Именно при ней российское государство стало приходить к пониманию того, что важным условием политической стабильности и устойчивости империи является терпимость к «инославным» религиозным верованиям и культурным особенностям различных групп ее населения, при соблюдении ими политической лояльности к официальным властям и установленного правопорядка.

Были предприняты меры, направленные на то, чтобы сделать российскую государственную власть из преследовательницы «инославных» верований в их покровительницу и постепенно интегрировать их представителей в соответствующие сословные структуры империи. Так, по законам 1763 и 1776 годов мусульманским купцам (прежде всего татарским) было разрешено создавать коммерческие предприятия, а в казахских степях - целые новые поселения мусульман [13, с.225]. И позже, в XIX веке, на территории Казахстана начнут появляться стационарные населенные пункты с татарскими названиями, а также с татарским населением.

Нельзя исключать, что на проявление лояльности в государственной политике по отношению к верующим «инославных» конфессий в этот период, оказали некоторое влияние идеи просвещенного абсолютизма. Личность Екатерины II, ее проекты, высказывания по различным общественно-политическим вопросам, заставляли государственных лиц, если не прямо, то косвенно, действовать, сообразуясь с симпатиями и антипатиями императрицы. Так, примечателен следующий исторический факт: получив от Синода жалобу на то, что в Казани строятся мечети, Екатерина II дала ответ, который стал своего рода образным выражением предложенной ею идеи веротерпимости. А ответ ее заключался в том, что «как всевышний бог на земле терпит все веры, языки и исповедания», то и она из тех же правил, «сходствуя его святой воле», поступает, желая только, чтобы между ее подданными «всегда любовь и согласие царствовали»

[14, с.112-113]. Аналогичный подход к иноверующим просматривается в «Наказе», составленном императрицей для Уложенной комиссии. В.О. Ключевский по этому поводу замечает: «Наказ признает весьма вредным пороком… недозволение различных вер в столь разнородном государстве, как Россия…» [15, с.80].

Таким образом, во второй половине XVIII века царским правительством вырабатывается концепция веротерпимости в отношении нехристианских народов. Более того, стала прослеживаться тенденция оказания государственной поддержки мусульманским народам в делах веры, а в отношениях с казахами это приобретает форму прямого содействия распространению и укреплению среди них ислама. Правда, в этом случае царской администрацией больше преследовались политические цели по применению оптимальных путей присоединения Казахстана к империи. Данная политика непосредственно отразилась в отношениях царских властей в основном с казахами Младшего и Среднего жузов.

Стал поощряться процесс более «основательной» исламизации казахов через направление государственных средств на строительство мечетей и подготовку официального мусульманского духовенства для них, а также миссионерской работы этого духовенства с ними. Наряду с этим, первоначально посылка татарских мулл в Степь была связана также с отсутствием там по-русски или по-татарски грамотных людей, что препятствовало осуществлению официальной переписки.

Было позволено мусульманскому духовенству свободно строить мечети и духовные школы (медресе и мектебы) на территории Казахстана, при этом даже отпускались для этого казенные субсидии. Правительство предпринимает меры к легализации и организации мусульманских институтов, при этом оказывая для этого даже материальное содействие, чтобы сделать их деятельность прозрачной и подконтрольной и, по возможности, использовать в своей дальнейшей Восточной политике.

В силу политических обстоятельств и стратегических целей «высочайшей» грамотой Екатерины II от 25 февраля 1782 года «в изъявлении монаршей милости к киргиз-кайсацкому народу», было поручено на границах, прилегающих к казахским кочевьям, на удобных местах строить мечети для богослужения. Данная политика получила свое дальнейшее официальное подтверждение в именном указе от 2 мая 1784 года в период учреждения “Пограничного Суда” и особого управления для казахов, где содержалось прежнее повеление о скорейшем окончании постройки мечетей для “народов магометанского закона” [15].

При рассмотрении данного вопроса нужно иметь в виду, что приводимые исторические факты не должны создавать впечатления, что ислам был насильно навязан казахам российским правительством Екатерининской эпохи. Дальнейшее распространение и развитие мусульманства в Казахстане в этот период являлось объективным процессом и имело востребованность со стороны самого местного населения. Это подтверждается многими историческими фактами.

Так, Оренбургский генерал-губернатор О.А. Игельстром в 1789 году докладывал Екатерине II, что как старшины, так и большинство казахского населения достаточно привержены мусульманству. Далее он пишет, что к нему обратились Сырым Датов и ряд других старшин с просьбой построить для них мечеть, для их же детей открыть мектеб и прислать муллу для ведения обучающей деятельности. К тому же, он сообщает об их пожелании получить через местную администрацию возможное количество коранов. При этом, по его словам, он раздал им имевшееся у него на тот момент количество коранов, получил заказ еще на 100 экземпляров и порекомендовал получать мусульманскую грамотность пока в Сейтском посаде [16, с.124-125].

Показателен и следующий факт: при султане Арынгазы, выбранного рядом казахских племен Младшего жуза в начале XIX века ханом (без одобрения властей), стало получать распространение и применение исламское право.

Так, при управлении народом он предложил вместо обычного права ввести полностью нормы шариата и даже начал применять их на практике. К примеру, за воровство начали судить по шариату [16, с.362]. Здесь также можно говорить о некотором навязывании мусульманства основной массе казахов сверху, но в данном случае уже знатной и политической «верхушкой» самого казахского общества. И когда мы говорим о влиянии по рассматриваемому вопросу царского правительства, то речь идет о влиянии извне, в то время как активная деятельность по распространению ислама «верхушки» самого казахского общества, это процесс, происходивший внутри данного общества. Соответственно, указываемый процесс имел в казахском обществе того периода внутренние предпосылки, так как «верхушка» казахского населения – это часть этого же социума.

12. Сонда 12 бет.
13. Сонда 46-47 беттер.
14. Сонда 49 бет.
15. Сонда 56 бет.
16. Сулейменов О. Прежде всего быть личностью. псс. А., 2004 г. т.6. с.74.
17. Сулейменов О. К взаимозависимости. Доклад на Ташкентском симпозиуме писателей стран Азии и Африки. псс. А., 2004 г. т.6. с.160.
18. Сулейменов О. Мы приходим чтобы действовать. Литературная газета. 02.09.1981.
19. Сулейменов О. К взаимозависимости. псс. А., 2004 г. т.6. с.163.

* * *

В статье рассматривается вклад О.Сулейменова - поэта, ученого и общественного деятеля РК в развитие художественной культуры республики. Отмечается, что взгляды О.Сулейменова на историю казахской литературы, вопросы литературной критики, проблемы новаторства в казахской поэзии актуальны и сегодня.

* * *

The article is about the contribution to the Republic's literary culture of O.Suleimenov – a poet, a scientist and a public man of the Republic of Kazashstan.

O.Suleimenov's views on the history of the Kazakh literature, ifemo of the literary witics, problems of innovatory in the Kazakh poetry are still actual.

ӘОЖ 894.342

Г. Қайырғалиева
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің доценті, Атырау қ.

БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОРНЫ

Қазақ халқы азаттық жолында өмірін паш еткен ардақты ұлдарын әрдайым ұлықтап келген. Қазақтың батырлар жырлары жас ұрпақты ерлік жолында тәрбиелеудің аса тиімді құралдарының бірі болатын. Әрбір қазақ баласы жөргегінен «Алпамыс батыр» мен «Қобыланды батыр» жырларын немесе «Ер Төстік» ертегісін тыңдап өсетін. Бүгінгі таңда қазақ қоғамында үлкен рөл атқарған батырлардың жеке әлеуметтік топ ретінде қалыптасуы мен дамуы және оның әлеуметтік институт ретінде жойылуы мәселелерін зерттеудің маңызы жоғары. Жоғарыда атап өткеніміздей, батырлардың өмір жолы мен қызметін зерттеу тек қана жас ұрпақты тәрбиелеуде ғана емес, дәстүрлі қазақ қоғамының ерекшеліктерін зерттеу үшін де маңызды болып табылады. «Батыр» атауы көптеген еуразиялық көшпелі халықтарда кездеседі. Терминнің алғаш пайда болуын зерттеушілер ерте орта ғасырларда пайда болды деп есептейді. Бұл кезеңде «батыр» термині әлеуметтік мәнге ие болмағанмен жеке тұлғалық ерекшеліктерді сипаттайтын термин ретінде қоғамда қолданысқа ие болды. Батырлар башқұрттар, қырғыздар мен монғолдар сияқты еуразиялық көшпелі халықтар арасында кездесе отырып, тек қазақ қоғамында ғана ерекше әлеуметтік мәнге ие болды. Оған Қазақстан территориясының Еуропа мен Азияның, яғни батыс пен шығыстың (отырықшы және көшпелі өркениеттер арасындағы) ортасындағы геосаяси орналасуы да әсер етті. Түркі халықтары арқылы «батыр» атауы славян халықтарына тараған деп есептеуге болады. Оған дәлел шығыс славяндардағы (орыс, белорусь, украин) «богатырь» (багатур) сөзі. XVI ғасырда Московия жеріне елшілікке келген

австриялық дипломат, тарихшы, барон Сигизмунд (Зигмунд) фон Герберштейн (неміс тілінде Siegmund Freiherr von Herberstein, 23.08.1486-28.03.1566) «батыр» сөзінің ержүрек адам ретіндегі сипаттамасын алғаш орыстардан естіп, біледі.

Башқұрт халқындағы батырлар институты мен батырлардың қоғамдағы орнына қатысты зерттеулерде батырларды үш топқа бөліп қарастырады: мифтік-аңыздық, жауынгер-батыр және ел ішіндегі әлеуметтік шиеленістік жағдайларда халық қамы үшін қол бастаған, азаттық үшін күрескен батырлар. Батырларды осындай категорияларға бөлу қазақ тарихына да сәйкес келеді. Бұл жерде эпостық жырлардың кейіпкерлері Алпамыс, Қобыланды батырлар, жекелеген шайқастарда, азаттық соғыстарында әскери жасақтар құрамында ерлігімен көзге түскен батырлар Малайсары, Саурық және қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістерінің басшылары Сырым, Махамбет, Исатай, Жоламан, Есет батырларды атауға болады.

Батырлықты тек жеке адамның қасиеті деп қарастырмай қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына ықпал еткен саясі-әлеуметтік құбылыс деп те қарастыруымыз қажет. Ол жөнінде көптеген зерттеушілер өз ізденістерінде әр түрлі анықтамалар береді. Кеңестік заманның идеологиясына сай батырлар институтын қазақ қоғамындағы ала ауыздықты тудырушы еш пайдасы жоқ, тек қана өз пайдасы үшін өзгенің мал-мүлкін талан-таражға салушылар деп баға беру де орын алды.

Қазақ халқының тарихын зерттеуші М.П.Вяткиннің еңбектерінде батырлар тобы туралы пайымдар мол кездеседі. Әсіресе, XVIII ғасырдан бастап батырлар тобының көптеп таралып, ру басыларының көпшілігінің осы топтан шыға бастағандығын атап өтеді. Оның себептерінің бірі қазақ тарихындағы аса күрделі кезең жоңғарлар шапқыншылығымен байланысты еді. «Батыр» термині қазақ фольклорінде және тұрмыс салтында көп тараған. Қазақтың қаһармандық эпосының бәрі атақты ертегі немесе тарихи батырлар туралы айтылған ертегі болып келеді»,- деп жазады [1,117б.].

Қай заманда да қазақ халқының батыр деген құрметті атақты өз қаһармандарына бергені мәлім. Сондықтан батырлардың әлеуметтік негізін анықтау қиындық келтіреді. Батырлардың ауқатты топтардан да, ақсүйектер арасынан да, қарапайым халықтың арасынан да шығуы кеңестік жүйе кезінде бірқатар тарихшыларды тығырыққа тіреген сияқты. Мысалы, кейбір зерттеулерде батырлар тобына шынайы анықтамалар берілсе, енді бір зерттеушілер мәселені таптық тұрғыдан сипаттау мақсатында батырларды ру басыларының өкілдері, бай-ауқатты адамдар деп олардың қоғамдағы орнын төмендетіп көрсетуге ұмтылады. Бұндай жағдайды С.Е.Толыбековтың еңбектерінен байқаймыз. Сондықтан «қазақ хандығы қалыптаса бастаған тұстан бастап әскери-көшпелі өмір жағдайында бірнеше ұрыстарда жеңіске жеткен әрбір қазақ батыры айналасына қаруланған адамдарды топтастырып, басқа ауылдар мен руларға шабуылдар жасады»,- деп тұжырымдайды [2, 209б.]. Қазақтың ұлттық мемлекеттілігі мен азаттығы жолында күрескен батырлардың біразын хан-сұлтандардың өкілдері болғаны үшін қаралайды. Автор көпшіліктің қолдауына сүйенген ру басылары болған ірі батырлар өздеріне қарулы дружиналарды бағындырып, үлкен әскери топтардың басшыларына айналды дей келе, ондай батырлардың қатарында Бөкенбай, Тіленші, Сырым, Жоламан, Есет, Жанқожа және басқа да белгілі есімдерді атайды [2, 215б.].

С.Е.Толыбеков қазақ хандары мен сұлтандары, ру басыларының көпшілігі батырлар болды, сондықтан олар қарапайым халықты қанаушылар еді деп тұжырымдайды. Ал батыр атағының әлеуметтік дәрежеге емес, әрбір жеке тұлғаның қасиетіне, жаугершілік кезеңдегі ұрыстардағы ерлігіне сай берілетін атақ екеніне мән бермейді. Осыған орай М.П.Вяткиннің «Сырым батыр» еңбегіндегі «батыр» деген термин әлеуметтік-таптық мазмұны жоқ болып ұғым береді. ...батырлардың қоғамдық жаратылысын айыра білу қиын болатын себебі де міне осы» деген пікірі сөзімізді дәлелдейді. [1,118б.].

Батырлар институты өзінің дамуында өзгерістерге ұшырап отырды. Ерте орта ғасырлардағы, орта және кейінгі

орта ғасырлардағы батырлар жайындағы эволюциялық дамуды анық байқауға болады. Ерте орта ғасырларда көбінесе ертегі мен жырлардағы батырлар тұлғасын көрсек, кейінгі орта ғасырларда, әсіресе, XVIII ғасырда біз нақты тарихи тұлғаларды көріп, олардың нақты тарихи істеріне куә боламыз. Батырлар институты елдегі тарихи жағдайларға байланысты қазақ дәстүрлі қоғамында аса маңызды қызмет атқара бастайды. Елдің саяси құрылымын, ел азаттығын сақтап қалу мүддесі батырларды бір мақсатқа жұмылдырды.

Шығу тегіне қарамастан батырлар бірте-бірте ру басыларына айналып отырды. Белгілі бір ірі-ірі шайқастарда, жекпе-жек ұрыстарда көзсіз ерлік көрсетіп, елді жаудан қорғаған жеке адамдарға тегі ақсүйектер, не қарасүйек болсын халық батыр атағын берген. Сондықтан атақты қазақ хандары Қасым, Тәуекел, Жәңгір, Әбілқайыр мен Абылай, Кенесары бәрі де батыр атақтарын алды. Ру басы, би, шешендердің арасында да Сырым, Бөкенбай секілді батырлар көп болды. Әсіресе, қазақ-қалмақ соғыстарында батырлығымен көзге түскендер тарихтан белгілі. 1730 жылғы қазақтар мен жоңғарлар арасындағы ірі шайқастағы ерліктерімен ерекшеленген Әбілхайыр ханды, Бөкенбай мен Есетті халық батыр атады. Осыған орай батыр атағына негізінен сыртқы жаулардан қорғану кезіндегі ірі шайқастарда ерен ерлігімен көзге түскендердің ие болғанын атап өту қажет. Ал олардың ерлігін халық ауыз әдебиеті ғасырлар бойы сақтап ұрпақтан ұрпаққа жеткізді, ерлік мектебі ретінде дәріптеді. Және халықты азаттық пен тәуелсіздік жолындағы күресте рухани қаруландырды.

«Батыр» атағы әкеден балаға беріліп отыратындай мұрагерлікке негізделмеді. Ол жоғарыда айтып өткеніміздей жеке адамның тек жеке ерлігі мен батырлық қасиеттеріне байланысты ғана берілетін еді. Алайда тарихта бір әулеттің ұрпақтарының осындай атаққа ие болғандары кездеседі. Бірақ бұл жерде батыр атағы оларға атадан қалған мұра ретінде емес, керісінше олардың әрқайсысының ерлігіне байланысты берілген құрметті атақтар болып табылады. Осындай әулеттік негізде қалыптасқан батырларды Кіші

жүздің табын руынан шыққан Бөкенбай Қараұлының тарихынан көре аламыз. Оның ұлы Тіленші Бөкенбайұлы мен немересі Жоламан Тіленшіұлы бәрі де батыр атағына ие болғандар. Әрқайсысының қазақ тарихындағы өзіндік орны бар тұлғалар екені даусыз.

Қазақ тарихындағы батырлар мәселесімен бірге «барымта» тақырыбы да көтеріледі. Бұл жерде барымтаның табиғатына қатысты зерттеушілердің пікірлері әрқилы. Мысалы, көрнекті қазақ тарихшысы Е.Бекмаханов кейінгі кезеңде ру аралық күресте, барымтада және басқаларында көзге түскендердің кез келгені батыр деп атала бастады деген көзқарасын білдіреді [3, 99 б.]. Қазақ байлары өзара рулық тартыстарына қатысып, ерлігі, күштілігі, батылдығы үшін өз жасағындағы жауынгерін батыр атай бастайды. Бұл жерде олар батыр-жауынгер категориясына жата алады.

Батыр атағына кедейлер арасынан шыққан ержүрек адамдар да ие болды. Сондықтан да батырлар тобы қазақ қоғамының таптық, мүліктік-меншіктік саралау негізіне жатқызылмайды. Бекмахановтың пікірінше, батырлар алғашында ру-тайпалардың әскери басшылары болған. Кейіннен феодалдық қатынастардың орнығуы барысында олардың әскербасылар ретіндегі қызметі өзгереді. Шығу тегіне қарамастан олар қоғамдық өмірде маңызды рөл атқара бастайды. Батырлардың қоғамдағы орнының даму эволюциясын көптеген тарихи тұлғалар мен тарихи фактілерден көре аламыз. Сырым, Есет батырлар руларының толық басшылары болумен қатар, өз руларының атынан басқа қазақ руларымен келіссөз жүргізуге, салықтар жинауға, биліктер айтуға құқылы болды. Қазақ қоғамында батырлардың ықпалының өсуіне XVIII-XIX ғасырлардағы ішкі-сыртқы саяси жағдайлар әсер етті. Жоңғарлар шапқыншылығы, қазақ-жоңғар соғыстары мен Орта Азиялық хандықтар тарапынан болған шапқыншылықтар кезінде батырлардың қоғамдағы қызметінің рөлі артты. Осы тұста

қазақ хан, сұлтандарының көпшілігі батыр атақтарына да ие болған еді. Батырлардың қоғамдағы орнының жоғары болғандығын Ш.Уәлиханов «батыр – қырғыздар (қазақтар) арасындағы рубасы сұлтаннан кейінгі ең маңызды және белгілі тұлға... Ол ақыл-кеңесі халық арасында бағаланып отырған ең беделді адам» деп тұжырымдайды.

Қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірінде батырлар маңызды орын алды. Қазақ халқының саяси билік құрылымының барлық даму сатысында батырлар институты да жеке құбылыс ретінде өз даму жолын басынан кешірді. Қазақ мемлекеттілігінің жойылуы, қазақ халқының дербес саяси билігі құлдыраған тұсында батырлар институты да әлсіреп, жойылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Вяткин М.П. Сырым батыр. Қазақ мемлекет баспасы. Алматы. 1951
2 Толыбеков С.Е. Общественно-экономический строй казахов в XVII-XIX веках. Алма-Ата. 1959.
3 Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. Алматы. 1992.

* * *

Статья посвящена анализу проблемы института батыров, являющегося одним из важных социальных явлений в традиционном казахском обществе.

Исследуются формирование института батыров, термин «батыр», место и роль выдающихся батыров в истории казахов, сохранении казахской государственности. Анализируются также взгляды известных исследователей по проблеме института батыров.

* * *

This article is devoted to analysis of the batyr institution is an important social phenomena in the traditional Kazakh society. We research the formation of the batyr institution, the term "batyr", place and role of outstanding batyrs in the history of Kazakhs, preservation of Kazakh statehood. Also analyzed the views of prominent researchers to the batyr institution.

УДК 355 (574)

Муханбеткалиев Х.С.
Кандидат военных наук, доцент,
г. Уральск

ВОЕННАЯ ИСТОРИЯ – СОСТАВНАЯ ЧАСТЬ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ

В мире нет ни одного народа, судьбу которого не определяли бы личности. В жизни наших предков-кочевников личности, обладающие высоким разумом, огромной силой воли, патриотизмом, мощным национальным духом, играли еще большую роль.

Сегодня не только каждый офицер Вооруженных Сил Республики Казахстан, но и многие воины армии стран СНГ и дальнего зарубежья изучают огромное значение военно-теоретического наследия выдающегося сына казахского народа, народного батыра, талантливого военачальника, военного мыслителя? известного писателя, Героя Советского Союза, полковника Бауржана Момышулы.

Жизнь Бауржана Момышулы - пример для подражания сегодняшнему офицерскому составу, воинам Вооруженных Сил Республики Казахстан.

Свою жизнь народный герой и писатель посвятил народу, который на протяжении веков "успешно решал ...задачи, соединял народы, ...покорял пространство и время истории. Казахи всегда были умелыми и мужественными воинами, способными переносить тяготы и лишения походного быта, неделями находясь в седлах боевых коней" [1].

В годы Великой Отечественной войны Момышулы проявил себя как достойный наследник боевой славы прославленных казахских батыров. Президент страны Н.А.Назарбаев сказал: "Помните, истинными офицерами были отец Абая Кунанбай, Чингиз и Чокан Валихановы, Губайдулла Джангиров, Халел Досмухамедов, Санжар Асфендияров, Андрей Зенков, Бауржан Момышулы и многие другие выдающиеся сыны

нашего Отечества. Они составляли не только элиту армии, но и всего общества» [2].

В истории Великой Отечественной войны для нас важен не просто опыт Бауржана Момышулы, не то, что лежит на его поверхности, а те глубинные, подчас скрытые, устойчивые процессы и явления, которые имеют тенденции к дальнейшему развитию, проявляют себя порой в новых, совершенно иных формах, чем это было в предшествующей войне. Такой опыт никогда не может полностью потерять своего значения, если его действительно глубоко анализировать и делать из него научно-обоснованные выводы, извлекать уроки.

Знание истории своего народа необходимо всем людям. Но особенно необходимо оно профессиональным военным, и это хорошо знал Бауржан Момышулы. Он говорит: «Забвение героизма - это трагедия народа. История этого вам ...не простит. ...Надежной опорой народа являются тысячи мужественных воинов, его верных сынов, молодых, даже совсем юных. Вас, которые ни слова не сказали о них, не написали ни строчки об их мужестве, обагренном кровью. Многих из вас сама история выставит у позорного столба» [3].

Изучение минувших военных событий Великой Отечественной войны, локальных войн и конфликтов, тщательный анализ как поучительных моментов, так и промахов, ошибок, недостатков в деятельности военачальников и штабов расширяют оперативно-стратегический кругозор, обогащают военную эрудицию офицеров.

Военная история является составной частью отечественной истории, исследует возникновение и эволюцию форм и способов вооруженной борьбы, обобщает опыт прошлых войн, развития военного искусства и вскрывает его закономерности, создавая тем самым основу для развития современной военной теории.

При разработке современных проблем стратегии и оперативного искусства особого внимания заслуживает опыт начального периода Великой Отечественной войны,

приведших к неудачному его исходу. Война, развязанная фашистской Германией, имела задачу - огнем и мечом покорить народы нашей страны, полностью лишить их государственной самостоятельности, национальной культуры и самобытности, истребить десятки миллионов советских людей. Война со всей убедительностью показала, что сила советского государства явилась результатом творчества командования, штабов, политорганов и миллионов советских воинов, в числе которых были и воины-казахстанцы.

Несомненно, многое из положений оперативного искусства и тактики, которыми руководствовались во время минувшей войны, сейчас устарело. Но не устарели опыт, методы и мастерство подготовки боя и участия в операциях Великой войны Бауржана Момышулы, никогда не устареет творчество, с которым решались им самые сложные проблемы ведения боевых действий.

Военная история - наука конкретная. Она изобилует множеством сходных, типичных для военного дела ситуаций. Изучая опыт прошлого, необходимо скрупулезно отбирать в нем все то, что соответствует новым условиям, и не утратило своего значения для современности.

Следовательно, изучение и творческое применение в современных условиях боевого опыта Бауржана Момышулы – одна из важных задач обучения войск, их штабов и командиров всех степеней, а также насущная задача в деле дальнейшего теоретического осмысления проблем военной науки и военного искусства на современном этапе.

Изучение военной истории является одним из важнейших средств развития творческого, самостоятельного мышления офицеров, повышения их общей и военной культуры. Она оказывает прямое и непосредственное влияние на процесс становления боевого мастерства командного состава. Без военно-исторических знаний не может быть настоящего военного образования.

Анализ многочисленных военных событий дает возможность глубже проникать в тайны военного искусства,

вскрывать социальную сущность и цели войн, способы их ведения, видеть эволюцию военного дела, вскрывать причины побед и поражений в войнах, отдельных сражениях и операциях.

Без глубокого освоения исторического опыта, уроков военной истории трудно должным образом осмыслить сущность тех явлений и процессов в военном деле, которые имеют место и происходят в настоящее время, а тем более спрогнозировать основные направления их развития в будущем.

Знать военную историю офицеру важно потому, что она развивает нравственную природу человека путем изучения прошлого, «чтобы воспитать молодое поколение, чтобы оставить грядущему поколению не искаженную историю» - отмечал Момышулы [3, с.46].

Правильно оценивать роль истории - это не значит звать к прошлому. Изучение опыта важно не в смысле его механического перенесения в современные условия. Такой перенос — грубая ошибка. Главное — учитывать этот опыт и творчески использовать его, брать из прошлого уроки на будущее, разумно сочетать выводы из истории с проблемами современности.

Министр обороны Республики Казахстан Ахметов Д.К. требует дальнейшего улучшения военно-исторической подготовки командных кадров. Главное требование – обеспечить тесную связь военно-исторической и оперативно-тактической подготовки слушателей и курсантов, умело использовать богатый опыт Великой Отечественной войны для овладения искусством ведения боевых действий в современных условиях.

И, наконец, знание истории военного искусства является одним из наиболее действенных источников патриотического воспитания командных кадров. Она способствует, на примерах героических подвигов казахстанцев, активных и решительных действий соединений и частей в годы войны, формировать у обучаемых высокие морально-политические и

психологические качества, воспитывать решительность, стойкость и способность к преодолению любых трудностей.

На военной службе, где вся жизнь и деятельность военнослужащих строго регламентирована, основным методом воинского обучения и воспитания Момышулы считал убеждение и принуждение. «Командир, - утверждал он, - должен умело применять все меры воздействия на бойца, не унижая его человеческого достоинства, действуя на его чувства, совесть, психику, - а это целое искусство, к овладению которого должен стремиться любой здравомыслящий командир» [3, с.101].

Он признавал основным методом воспитания - убеждение. «Гораздо приятнее человека убедить, чем принуждать, - мыслит он, - Убежденный свои обязанности выполняет не только сознательно, но и творчески» [3, с.109].

Бауржан Момышулы рассматривал проблемы воинского воспитания в неразрывной связи с политическим воспитанием военнослужащих, так как все необходимые для воинской службы морально-боевые качества можно воспитать только на основе высокой политической сознательности, преданности Отчизне, когда каждый воин понимает значение воинского долга. Основной базой идейно-политической подготовки к защите Родины он считал и военно-патриотическую работу среди населения. Большое значение в этой связи он отводил тесным контактам воинских частей с местными гражданскими организациями, школами, высшими учебными заведениями.

Большое место талантливый полководец уделял вопросу изучения командным составом морально-психологического состояния своих подчиненных, без знания которой, невозможно правильно и последовательно влиять на подчиненных. Момышулы считал, что морально-психологические особенности должны учитываться при призыве в армию, отборе в училища для подготовки командных кадров.

"На собственном опыте убедился, что в воспитании боевых качеств бойца колоссальное значение играет военное прошлое народов и национальные традиции". Он с гордостью говорит, что казахский народ не является пасынком среди советских народов, что он достиг равенства истинного с другими народами родины, сохранив обычаи, традиции, свой язык, свои песни, свои корни, сове лицо, свою психологию. Разве не возникла необходимость воспитывать молодежь на лучших своих традициях нашего народа, сегодняшнюю культуру развивать неотрывно от древней нашей культуры" - отмечает Момышулы [3, с.14].

Традиция является одним из основных источников воспитания и имеет большое значение. Продолжая этот тезис, Момышулы пишет: "Традиция – документальные, словесные предания (легенды) о воинской доблести в прошлом, в характере данной части в настоящем. Воспитание на принципах подражания примерам героев прошлого и настоящего формируют у новобранца традиционные представления и понятия о воинской доблести и стремление быть не хуже и службу нести не хуже, чем его предшественники, о которых вспоминают с благодарностью, рассказывают легенды, поют песни и возвышают как образ. Сохранять, укреплять и умножать традиции – святейший долг и обязанность командира перед памятью предшественников, украсивших знамя славой ценой крови и жизни" [3, с.52].

Действительно, нужно задуматься над таким вопросом: Как можно лишать народ его традиций, воспитывающих благородные боевые качества? Разве их можно складывать в архив? Разве это приносит пользу? Нет. "Подвиги славных казахских джигитов Едиге, Кобланды, Бекета, Наурызбая, Исатая, Махамбета, Алпамыса и других должны стать традицией современных джигитов... ".

Как требует Министр обороны, офицерский состав казахстанской армии должен знать методы воинского

воспитания, основные этапы развития военного искусства, его развитие в важнейших операциях Великой Отечественной войны и в послевоенный период, развитие основ боевого применения видов Вооруженных Сил, родов войск и специальных войск, характер боевых действий в локальных войнах после второй мировой войны.

Таким образом, изучение военной истории позволит глубже познать процессы, происходящие в военном деле, уяснить эволюцию средств, форм и способов ведения вооруженной борьбы, вскрыть закономерности и тенденции развития современного военного искусства и на основе этого определить вероятный характер его изменений в ближайшем будущем.

Определяющим в военно-научном исследовании Бауржана Момышулы являются следующие основные положения:

- военная служба для каждого нормального гражданина страны - священный и почетный долг. Уклонение от воинской службы под разными предлогами - это тяжелый проступок в биографии гражданина. Если кто-нибудь уклоняется от военной службы - значит, он ложный патриот, он не человек чести;

- служба в армии для молодого человека - это школа моральной и физической закалки. Армия – это общение с широким слоем своего поколения;

- каждый воин строго и точно должен соблюдать порядок и правила, установленные законом, уставами и приказами начальников;

- каждый воин обязан быть дисциплинированным, в совершенстве знать и беречь свое оружие, постоянно совершенствуя свои знания, быть готовым проявлять разумную инициативу, дорожить своим войсковым товариществом основной метод укрепления воинской дисциплины - убеждение. Меры принуждения - для нерадивых. Командир применяет метод принуждения как

крайнюю меру воспитания нерадивого [4].

Народ, имеющий великую историю, возродив свою историческую память, национальный дух и патриотизм, начнет свое восхождение к величию, однако здесь нужны личности, способные в трудный период возглавить государство и народ, не потерявший национального духа. Сказанное полностью относится к казахскому народу, имеющему великое прошлое и великих предков от Кюль-тегина до Бауржана Момышулы.

Список использованных источников

1. Назарбаев Н.А. В потоке истории. -Алматы: Атамура, 1999.
2. Назарбаев Н.А. Реформирование Вооруженных Сил – веление времени // Казахстан сарбазы. 1998. 20 января
3. Момыш-улы Б. Психология войны. -Алматы: Казахстан, 1993.
4. Бакаев А. К. Защита Отечества (военно-исторический опыт: проблемы, противоречия и достижения). Монография. –Алматы. Тип ОП, 1996. –С.194.
5. Нуршаихов А. Истина и легенда. -Алма-Ата: Казахстан, 1986.
6. Момыш-улы Б.Б. Восхождение к отцу. -Алма-Ата: Жалын, 1986.

* * *

Бұл мақалада автор офицерлердің әскери тарихты зерттеу және Бауыржан Момышұлының әскери көзқарастарын, соғыстан алған өз тұжырымдарын көрсетеді.

Қазіргі уақытқа сәйкес, қажет әскери білімдерді сараптай отырып, әр түрлі тәсілдерді осы өмірге қолдану мәселелері қозғалған.

* * *

In this article the author considers some points of history of military art, about the necessity of studying by the officers, about combat experience and personal points of view of Bauyrzhan Momyshuly.

The author says that this experience could never lose its meaning if we deeply analyze it and make some scientifically well founded conclusions and learn some lessons.

The history of military art is a specific science. It has many similar and typical situations for military case. Studying the experience of last years, it is necessary to select scrupulously everything that corresponds to new conditions and not to lose its meaning for present time.

ӘОЖ 94(574. 1)

М.Ғ. Дюсенгалиева
М. Өтемісов атындағы БҚМУ оқытушысы,
Орал қ.

ЖӘҢГІР ХАН ТҰСЫНДАҒЫ ЖӘРМЕҢКЕЛЕРДІҢ РӨЛІ

1832 жылы Жәңгір хан Орынбор шекаралық комиссиясынан Ішкі Ордадағы сауда жасауға болатын ең тиімді де ыңғайлы жерден үздіксіз жәрмеңке өткізіп тұруға болатын ең қажетті орын ретінде ставка маңындағы, Нарын құмындағы Жасқұстың солтүстік-батыс бөлігін белгілеуге рұқсат сұрайды. Сонымен қатар, ол Орда аумағында осы жерден өзге жерлерде сауда істеуге тыйым салынса деп өтініш айтады.

Жәңгір Орынбор шекаралық комиссиясына төмендегідей хат жазады: «Оның қарамағындағы Орда қазақтарының сауда істері осы кезге дейін Енотаев селосы, Глинянский форпостында, Чертаниха ауылында, сондай-ақ Орда аумағына келіп, сауда жасап кететін көпестер арқылы жүргізілді. Аталған сауда орындарының қолайсыздығы мені толғандырады. Ал қазір Чертаниха мен өзге жәрмеңкелердегі тәртіпсіздіктерден соң, қазақтардың оларға баруға деген ықыластары аз. Олар тек күнделікті өмірге ең қажет деген заттарын дала кезген көпестердің алаяқтығы мен шектен тыс жоғары бағаларының әсерінен амалсыз аталған сауда орындарынан алуға мәжбүр. Осындай дағдарысты жағдай, тұрақты сауда бағыт-бағдарының болмауы саудада қиындықтар туғызып отыр» [1].

Сөйтіп Орынбор шекаралық комиссиясына Жәңгір Орда қазақтарының күнделікті өмірге қажет заттарын көрші елді-мекендердегі жәрмеңкелерден өте жоғары бағамен алатындығын айтады. Осы тұрақты сауда орындарының болмауы саудада қиындықтар туғызып отырғандығын хабарлайды.

Сондай-ақ, Жәңгір төмендегідей мәліметтер келтіреді:

1. Оның қарамағындағы қазақтар еркін өмірге үйренген адамдар, сол себепті олар ешқандай жерлерден қорыққан емес. Сауда ісін бір жерге шоғырландырса, Орда аймағындағы бар елдің тұрмыс-тіршілігі ханның көз алдында болмақ, яғни Орда халқын басқаруда да, бірқатар ілгерілеулер орын алады.

2. Бір орынға шоғырланған сауда ісі ел ішінде көбейіп кеткен алдау мен арбауға тосқауыл қояды. Сондай-ақ, тұрақты орны бар сауда тұрақты табыс әкелмек, яғни бұл жерде саудагерлердің өзіне де, Орда қазақтарына да тиімді жағдай жасалады.

3. Ставка маңындағы Қамысты жазығына дейінгі жерге халық қоныстанып, тұрғылықты мекенге айналмақ.

4. Орда халықтарының ішіндегі кедей-кепшігі жұмыс тауып, халық орыстармен етене жақын қарым-қатынасқа түспек.

5. Қазіргі сауда мен айырбас орындарында, әсіресе Глинянск форпостында, Чертаниха селосында, Александров-Гай ауылында орын алған Орда қазақтарына көрші қалмақтар мен татарлар тарапынан жасалып жатқан алаяқтықтар бойынша жүргізіліп отырған тергеу істері де тоқтатылар еді [1, 1п.].

Жәңгір Орда жерінен тұрақты сауда орнын ашса тұрақты табыс әкелетіндігін және Орда қазақтарына да тиімді екеніне көзі жете түседі. Сонымен қатар, Жәңгір ставка маңын үлкен елді-мекенге айналдыруды да көздейді.

Ал осындай кереғар жайттардың алдын алу мақсатында хан комиссиядан төмендегідей мәлімдеуді өтінеді: 1. Хан қарамағындағы Орда аумағында сатып алынған мал, тері немесе өзге де өнімдерге берілетін куәліктер тек қана ханның өз қолы мен мөрі болған жағдайда ғана оларды жақсы сапалы тауар деп қабылдап, ал ханның қолы мен мөрі болмаған жағдайда қабылданбайды. 2. Саудагерлер Орда аумағында мал сатып алып, әдетте оңай куәліктерді Орал мен Астрахань казак әскері жағындағы Өзен селосының бастықтарынан, сондай-ақ, Эльтон желісінің командирінен алып келеді. Глинянск форпостынан бастығына сондай куәлік беруге тыйым салынса деп өтініш білдіреді [1, 2 п.].

Бірақ шекаралық комиссия Жәңгір ханның жоғарыда келтірген ұсынысының заңға сәйкестігін және жергілікті жағдайға байланысты тиімділігін қарастыра келе, Хан ставкасы маңындағы Нарын құмында жәрмеңке ұйымдастыру орны тиімсіз деп санайды. Оны төмендегі Орынбор шекаралық комиссиясының қатынас қағазынан көре аламыз.

«Бұл жағдайдағы ең басты кедергі – хан қарамағындағы Орда қазақтары ставка маңына шоғырландырылған тұрақты сауда мен айырбас орнынан үлкен зиян шегеді. Ең алдымен, ставкадан шалғай жерлердегі ауылдардан мал айдап келудің өзі қиынға соғады, себебі Орал өзені бекіністерінен 100, 300 шақырымдай қашықтықта орналасқан. Сол себепті, малын сату, айырбастау үшін қазақтар соншалық қашық жерден келу қажет. Мұндай шаруалардың бәрін Орда қазақтары өз ауылдарына жақын орналасқан бекіністерге де барып, бітіре алады. Оның үстіне, сауда орнының бір жерге шоғырландырылуының тағы бір күмән мен күдік туғызар жері - мұндай жағдайда кейбір санаулы кәсіпкерлердің ғана пайдасы көзделіп, өзге Орда тұрғындарының зиянға қалуы әбден мүмкін. Линия бойындағы бастықтардан Орда ішінде сатып алынған малға куәлік алуға тыйым салып, оны тек Жәңгір ханнан алуға, ханның өзіне жүк артады» [1, 3 п.].

Орынбор комиссиясы Жәңгір ханның бұл ұсынысын қабылдамады, өйткені ставка маңына барып сауда жасау тиімсіз, еш пайда әкелмейді деген болатын. Сонымен бірге, Орда жерінен тұрақты сауда орнын ашу, мұндай жағдайда тек кәсіпкерлердің ғана пайдасы көзделеді десе, ал Жәңгірден сатылып алынатын малға куәлік алу ханға үлкен жүк артатындығын ескертеді.

Тағы бір құжатта Генерал Граф П. Сухтелень Астрахань әскери губернаторына жазған хатында былай дейді: « Ішкі Қазақ Ордасының ханы Жәңгір Нарын құмында орналасқан Жасқұстағы ставка маңында сауда жәрмеңкесін ұйымдастыру туралы ойын білдіріп, оны жалпы ережеге сәйкес құруды өтінеді. Сізден бұл туралы пікіріңізді маған мәлімдеуіңізді өтінемін. Жәңгір хан ставкасы маңындағы Нарын құмында

сауда орнын ұйымдастыру тиімді ме және бұл ішкі саудаға өз зиянын тигізбей ме?» [2].

Бұл Генерал П. Сухтеленнің Астрахань әскери губернаторынан Ішкі Ордадан жәрмеңке ашу, не болмаса ашпау керек екендігін сұраған пікірі еді.

Орынбор шекара комиссиясы алғашында Ішкі Ордадан жәрмеңке ашуға рұқсат етпеген болатын. Бірақ кейін Ішкі Ордада жәрмеңке ашуға Орынбор комиссиясы өз рұқсатын береді. Генерал П.Сухтеленнің граф П.К. Павелге жазған хатында былай дейді: «Өткен желтоқсанның 1-і күні сіз министрлікке Жәңгір Бөкеевтің ставка маңындағы Нарын құмында Жасқұс жазығының солтүстік-батысында сауда орнын немесе жәрмеңке ұйымдастыру туралы, сондай-ақ бұдан өзге жерде сауда жасауға тыйым салу жөніндегі өтінішін жеткізген болатынсыз. Сіздің өз жеке пікіріңіз де мұндай жәрмеңкені ашу жағында болатын, алайда сіз Орда қазақтарына жәрмеңкеден өзге жерлерде де сауда жасауға тыйым салуды құптамаған едіңіз, сондай-ақ осындай мал және тауарларды жәрмеңкеден өзге жерде сатқан қазақтар қудалануға түспес үшін қажетті орындарға құлаққағыс қылып қою қажет дегенсіз. Бұл пікіріңіз Ішкі Орда қазақтары үшін өте маңызды болатын. Сол себепті, мен бұл жөнінде Қаржы министрі мен Ішкі министрлікке пайымдауым - өзімнің басты міндетім деп санадым. Сондықтан, мен оларға осы жағдай туралы және сіздің де пікіріңізді мәлімдедім. Қаржы министрі осыдан кейін сіздің және Ішкі Орданың мәліметтерінен соң, сондай-ақ кедендік ведомстілерден жеткен мәліметтерден кейін Нарын құмында тұрақты жәрмеңке ашуға келісім беретіндігін мәлімдеді. Осының бәрі – соңынан министрлер кабинетінің қарауына ұсынылды. Өз кезегімде мен Жәңгір хан ставкасының маңында сауда орны немесе жәрмеңке ашу қазақтарды саудагерлердің қанауынан құтқарар еді, жалпы Ордадағы сауда ісін жандандырар еді» [2, 4 п.].

Орынбор шекара комиссиясы және Қаржы министрі Нарын құмында, Жасқұс жазығының солтүстік-батысында тұрақты жәрмеңке ашуға рұқсат береді.

Сонымен қатар, біріншіден, мұнда әркім жалпы ережеге сай келіп, сауда жасай алды. Сауда мақсатындағы Орда ішіндегі жүріс-тұрыстарды тоқтату қажет болды. Татарларға, бұхарлықтарға, хиуалықтарға және өзге де мұсылман дініндегі азиаттарға қай шендегі адам болсын, сауда ісімен Орда ішінде жүріп тұруға тыйым салынды. Екіншіден, қазақтарға мал және өзге де шаруашылық заттарды жақын жердегі ауылдарға айырбастауға және сатуға рұқсат етілді, бірақ көршілес губерниялар бастықтары мен Орал әскері бастығына Ішкі Орда қазақтарына оң көздерімен қарап, олардың көршілес отырықшы елмен қақтығыстарында әділ сот үкіміне жүгінсін деген нұсқау берілді [2, 5 п.].

Генерал П. Сухтелень бұл хатында Ордадағы Нарын құмында жәрмеңке ашуға рұқсатын береді. Сонымен бірге, хиуалықтардың, бұхарлықтардың Ордада сауда істеуіне тыйым салады.

Сөйтіп, Жәңгір хан 1832 жылы Хан ставкасы жанынан жәрмеңке ашады. Мұны ұйымдастыруға империя қазынасынан бөлінген 56.161 сом қаржыға 316 сауда нүктелерін біріктіріп, 12 үлкен корпус салынады [3].

Бұл жәрмеңкелердің Қазақстанның өзге аймақтарында кейіннен ашылған басқа жәрмеңкелерден басты айырмашылығы мынадай: Қазақстанда алғаш ашылған жәрмеңкелердің бірі көктемде сәуірдің 15-інен мамырдың 15-іне дейін және күзде қыркүйектің 15-інен қазанның 15-іне дейін жылына 2 рет тұрақты түрде өткізіліп тұрды. Ресеймен, Орта Азиямен сауда-экономикалық байланыста басты рөл атқарды. Хандықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінде маңызы ерекше болды. Сондай-ақ, жәрмеңкелерге қатысушылардың көп ұлттылығымен ерекшеленді.

Енді жәрмеңкелердің ағымдағы жыл басында басталатын ережелеріне тоқталсақ:

1) Жәрмеңке ханның үйінің жанында ұйымдастырылды және оның орнын хан белгіледі.

2) Мал айдап әкелу мерзімі көктемде - сәуір айынан бастап, мамырдың ортасына дейін, күзде - 15 қыркүйектен қазанның ортасына дейін болды.

3) Саудагерлер қаржысын қамтамасыз ету үшін хан көпестер мен ордалықтарды бір-бірімен алдын-ала шарт жасауға міндеттеді. Бұл шарт ордалық қазақтың қолында берер малы болмаған жағдайда жасалды. Қолхат иесі келісілген малын уақытында әкеліп бермеген жағдайда, ханның өзі оның орнын толтырды.

4) Саудагерлердің Бөкей Ордасында ауыл-ауылды аралап жүруіне қатаң тыйым салынды.

5) Ешкім де өзі сатып, не айырбастап алған мал, былғары, май және тағы сол сияқты тауарларға ханның мөрінсіз куәлік ала алмайды. Мөрі жоқ құжаттардың бәрі де жарамсыз деп табылып, еш жерден өткізілмеді. Бұл туралы бұқаралық ведомостілерде жарияланды. Ал кінәлілер, яғни жасанды куәлік берушілер және оны алған саудагерлер заң бойынша қудаланды.

6) Көпестерге Хан ставкасының маңында көрсетілген екі мерзімнен өзге жыл бойына сауда айналымын жүргізуге рұқсат етілді [1, 7 п.].

1833 жылы 14 қаңтарда Жәңгір хан старшын Исатай Таймановқа Хан ставкасы жанында жәрмеңке ұйымдастырылуына байланысты ортаазиялық көпестердің бөкейлік қазақ ауылдарына келіп сауда жасауына тыйым салу жөнінде былайша нұсқау береді:

«Құрметті старшын Исатай Тайманов, Император ағзам менің өтінішіме құлақ асып, өткен 1832 жылы жәрмеңке ұйымдастыруға рұқсат берді. Сол себепті, сізге, құрметті старшын, бұйырамын: өз қарамағыңыздағы барлық қазақтарға хабар таратыңыз – Жасқұстағы менің ставкамның жанында жыл сайын екі жәрмеңке өтеді: біріншісі – 20 сәуірден 5 мамырға дейін, екіншісі – күзде; сондықтан, әрбір сатуға шығаратын түйе, жылқы, сиыр, қой секілді малы бар қазақ айтылған жәрмеңкеге уақытында малын айдап әкеліп, сатуға түбіт, жүн, былғары, сүрік және өзге де өнімдерді әкелсін. Менің ставкамның жанында лавкалар құрылып, орыстар, т.б. сауда жасап, ешкімді де айырбас құны жағынан ренжітпесін.

Бұған тағы қосарым: бұдан былай бұрынғыдай бұхарлықтар, хиуалықтар және өзге де саудагерлерге киіз

үйлерімен немесе арбасымен көшіп жүріп, Орда жерінде саудамен айналысуына рұқсат етілмейді. Барлық старшындарға өз қарамағындағы қазақтар жәрмеңкеге бой алған уақытта керуен басы болуын бұйырамын. Қарамағыңдағы қазақтарды жинап, аталған жәрмеңкелерге алып келу бұйырылады. Мұны орындамаған старшынның әрқайсысы басшылықтың әмірін тыңдамаған тұлға ретінде заңды жазаға тартылады [4].

Сөйтіп, Жәңгір хан Хан ставкасындағы жәрмеңкеде хиуалықтардың, бұхарлықтардың сауда істеуіне тыйым салады.

Қазақтар жәрмеңкеге негізінен мал және оның өнімдерін шығарды. Қалмақтардан көп мөлшерде жылқы әкелінді, ал мүйізді ірі қараны Кундур татарлары мен Еділ бойының шаруалары жеткізген. Алайда, жәрмеңкеде негізінен қазақтардың малы мен оның шикізаты үлкен сұранысқа ие болды [5].

XIX ғасырдың 30 жылдары Бөкей Ордасындағы Хан ставкасы жанынан жәрмеңкенің ашылуына және ондағы сауданың дамуына байланысты саудагерлер салық төледі. Хан жәрмеңкеден көп пайда тапты. 1836 жылы жәрмеңкедегі лавкалар, киіз үйлерден 2919 рубль ақша жиналса, ал 1845 жылы бұл жәрмеңкеден 5500 рубль ақша жиналды. Сонымен қатар, хан жәрмеңкеде малын сатқан қазақтардан салық жинауды бұйрық етті [6].

Жәрмеңкелердің тек қана экономикалық маңызы болып қоймай, сонымен қатар, ол түрлі аймақтардың, әр түрлі ұлттардың адамдары арасындағы таныстықтың, тамырлықтың және олардың өзара түсінушіліктің себепкері болып отырды. Бұл жәрмеңкелер Хандықтың алыс шегінде де белгілі болатын. Оған 1845 жылғы көктемгі жәрмеңкеде Ресейдің 15 губерниясынан 1000 адам 1847 жылы 1500 адам, 1851 жылы 2000- нан астам адам келіп, сауда істегені дәлел бола алады [7].

Бұл жәрмеңкеге 1833 жылы 562971 мың мал әкелініп, 339174 сомға тауар сатылды. 1834 жылы 597603 рубльдің тауары әкелініп, 368775 рубльге сатылды, 1835 жылы 69.1628 рубль тауар әкелініп, 379548 рубльге сатылды.

1836 жылғы жәрмеңкенің тауар айналымы 2 млн. рубльді құрады [8].

Енді 1837 жылдан 1839 жыл аралығындағы жәрмеңкеге әкелінген мал және оның өнімдеріне [9] тоқталсақ: олар – түйе – 385 бас, жылқы – 2524 бас, ірі қара – 12244 бас, қой – 342103 бас, жылқы терісі – 23730 пұт, қой терісі – 19232 пұт, түйе терісі – 1060 пұт, қоян терісі – 5535 пұт, ешкі түбіті – 1373 пұт, борсық терісі – 70 пұт, түйе жүні – 2086 пұт. 1837-1839 жылдары қой, ірі қара, жылқы және қоян терісі, қой терісі жәрмеңкеге көп мөлшерде әкелінген. Сонымен бірге, 1837-1839 жылдары тауар айналымы жоғары болған [10].

1841 жылы 17 мамырда Жәңгір хан Астрахань әскери губернаторы И.С.Тимирязевке астрахандық түркімендердің Ішкі Ордадағы жәрмеңкеде өз еріктерімен сауда жасауына тыйым салады. Бұл өтініш білдірген қатынас қағазында былай дейді:

«Астрахань губерниясында тұратын түркімендер әр түрлі сылтаулармен және көбіне жазбаша рұқсат қағазсыз маған сеніп берілген Орда жеріне еніп кетіп, жәрмеңкелер уақытында да, өзге кезде де бөгде жерліктердің Орда жеріне келіп, сауда ісімен айналысуына тыйым салатын қаулыға құлақ аспай, рұқсат беретін куәліксіз саудамен айналысады.

Менің рубасыларына түркімендердің Орда жеріне сауда мақсатымен келуіне тыйым салу туралы берген нұсқауынан тыс, сізден өтінерім – оларға Орда жеріне сауда ісімен келуге тыйым салыңыз [11].

Бұл құжаттан көріп отырғанымыздай, Жәңгір хан Хан ставкасындағы жәрмеңкеге астрахандық түркімендердің сауда істеуіне тыйым салған.

Сонымен қатар, Жәңгір Хан ставкасында сауда лавкаларын салдырады. Ол Ордадағы сауда туралы хатында былай дейді: «Көпестер мен олардың тауарларын орналастыруға жалданатын киіз үйлердің орнына менің ставкамның жанында өзімнің есебімнен қажетті мөлшерде ағаш лавкаларды салу қажет деп есептеймін. Бұл істі өз қарамағымдағы бай ордалықтарға істеуге де рұқсат етемін. Олар лавкаларды жалдаудан аз мөлшерде ақы алады. Ол ақы

– лавкаларды салуға кеткен қаражатты өтеу және азғана пайда түсірудің амалы. Бұл лавкалар тауарларды жауын-шашынға ұрындырмай, берік сақтау үшін өте қажетті» [12].

Сөйтіп, Жәңгір Хан ставканың жанынан үлкен ағаш қонақ аула салдырды, онда 255 лавка орналастырылды. 1845 жылға дейін бұл қонақ аула саудагерлердің әкелген тауарларымен толтырылды. 1846 жылдан бастап шеттен келген саудагерлердің саны көбейді, тіпті тауар қоятын қойма жетіспегендіктен, көптеген саудагерлер өздерінің тауарларын ішкі ауладағы киіз үйлерге жинады [13].

1845 жылы Жәңгір өлгеннен кейін Бөкей Ордасындағы жәрмеңке Уақытша Кеңестің бақылауында болды. Бірақ жәрмеңкедегі лавкалардан түсетін кірісті ханның мұрагерлері пайдаланды.

Сонымен қатар, 1846 жылғы Хан ставкасындағы саудагерлердің саны көбейді. Олардың тізіміне келсек, төмендегідей болмақ:

1. Тамбовск губерниясының моршандық II гильдия көпесі Даниль Медведев. Сатқан тауары жібек және қағаз тауарлары, мата, шай, секер, темір бұйымы, нан, ағаш және басқа үйге қажетті заттар және өзінің 1 лавкасы болды. Тауарының құны 30000 күміс сомды құраған.

2. Саратов губерниясының дубовск III гильдия көпесі Филипп Житков. Көпестік құқық бойынша сатқан тауары жібек, қағаз және тері тауарлары, нан, ағаш, көмір. Өзінің 2 лавкасы, 3 қоймасы болды. Тауарының құны 2 500 күміс сомды құраған.

3. Қазан татары Хабиб Муталапов Хужасеитов. II гильдияның Қазан көпесі. В.Ишееваның сенімхаты бойынша, сатқан тауары жібек тауары, шай, секер, әр түрлі ыдыс-аяқ, астық. Өзінің 1 лавкасы, 1 қоймасы болды. Тауарының құны 3 400 күміс сомды құраған.

4. Астрахандық армян католик Никита Айвазов. Сатқан тауары қағаз және тері тауарлары, кірпішті шай, ағаш. 1 лавкасы, 2 қоймасы болды. Тауарының құны 1500 күміс сомды құрады.

5. Астрахандық армян католик Роман Ногданов. Сатқан тауары қағаз тауарлары, кірпішті шай, нан, тары. 1 лавкасы,

1 қоймасы болды. Тауарының құны 1500 күміс сомды құрады.

6. Қазан татары Абдул Манаф Чимаранов. Сатқан тауары мата, кірпішті шай, астық, қағаз бұйымдарын сатты. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 1800 күміс сомды құрады.

7. Астрахандық армян католик Гаврила Айвазов. Сатқан тауары кірпішті шай, астық, қағаз бұйымдарын сатты. 1 лавкасы, 1 қоймасы болды. Тауарының құны 500 күміс сомды құрады.

8. Астрахандық армян католик Осип Желалов. Сатқан тауары тары, шай, астық, қағаз бұйымдары. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 500 күміс сомды құрады.

9. Саратов губерниясының камышиндік мещан Феодор Калашников. Келісім-шарт бойынша қонақ үйі мен ауласы болды. Сатқан тауары астық, сұлы және шөп сатумен айналысты және лавкаларды жалға берді. 3 лавкасы, 3 қойма орны болды. Тауарының құны 500 күміс сомды құрады.

10. Астрахандық католик Павел Айвазов. Сатқан тауары қағаз тауарлары әр түрлі ұсақ-түйек және астық сатты. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 300 күміс сомды құрады.

11. Астрахандық мещан Хабит Хантемиров. Сатқан тауары қағаз тауарларын және әр түрлі ұсақ-түйек. 1 лавкасы, 1 қойма орны болды. Тауарының сатқан құны 300 күміс сомды құрады.

12. Қазан татары Шарафей Валитов. Сатқан тауары қағаз тауарлары және әр түрлі ұсақ-түйек. 1 лавкасы, 1 қойма орны болды. Тауарының сатқан құны 300 күміс сомды құрады.

13. Қазан губерниясының мещаны Ярмухамед Ишмухамедов. Сатқан тауары қағаз және әр түрлі ұсақ-түйек. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 300 күміс сомды құрады.

14. Астрахандық армян католик Яков Желалов. Сатқан тауары ұсақ-түйек, астық, тары, қағаз тауарлары. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 200 күміс сомды құрады.

15. Ростов мещаны Николай Ананьин. Сатқан тауар қағаз және аяқ-киім тауарлары, астық. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 200 күміс сомды құрады.

16. Қазан татары Абдулвахит Маметов. Сатқан тауары ұсақ-түйек, астық және лавкаларды жалға берді. 3 лавкасы болды. Тауарының құны 150 күміс сомды құрады.

17. Қазан татары Ахмед Муртазин. Сатқан тауары әр түрлі ұсақ - түйек және лавкаларды жалға берді. 2 лавкасы, 2 қойма орны болды. Тауарының құны 100 күміс сомды құрады.

18. Қазан губерниясындағы арс көпесінің ағасы Мухамед Джан Яхвин. Сатқан тауары ұсақ-түйек, ұн және лавкаларды жалға берді. 3 лавкасы болды. Тауарының құны 100 күміс сомды құрады.

19. Беріш руының қазағы Мұстафа Джоламанов. Сатқан тауары қағаз тауары және лавкаларды жалға берді. 3 лавкасы, 1 қойма орны болды. Тауарының құны 50 күміс сомды құрады.

20. Байбақты руының қазағы Ералы Итесов. Сатқан тауары қағаз тауарлары, ұсақ-түйек және лавкаларды жалға берді. 2 лавкасы болды. Тауарының құны 150 күміс сомды құрады.

21. Алаша руының қазағы Бегайдар Қарабашев. Сатқан тауары әр түрлі ұсақ-түйек және астық. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 150 күміс сомды құрады.

22. Беріш руының қазағы Бикетай Чунгаев. Сатқан тауары қағаз тауары және ұсақ-түйек. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 50 күміс сомды құрады.

Қорытындысы: Лавка - 46, Қойма орны - 1, Тауардың жалпы құны 42760 күміс соманы құрады.

Бұл құжаттан байқағанымыздай, Хан ставкасындағы саудагерлердің арасындағы ең ірі саудагер Тамбовск губерниясының моршандық II гильдия көпесі Даниль Медведев пен Саратов губерниясының дубовск III гильдия көпесі Филипп Житков болған[14]. Бұл саудагерлердің көбі сол Хан ставкасында тұрақтанып та қалды. Сонымен бірге, бөкейлік қазақтардың арасында да ірі саудагерлердің болғанын көреміз.

Қорыта айтсақ, Жәңгір 1832 жылы Хан ставкасы жанынан жәрмеңке ашады. Жәрмеңкенің ашылуына байланысты тасымал саудасына тыйым салынды. Бөкей хандығының экономикалық өмірінде жәрмеңкелердің рөлі ерекше болды. Бұл жәрмеңкелер сауданы дамытуда ерекше жүйе қалыптастырып отырды. Жәрмеңкеде қазақтардың малы мен оның өнімдері тауардың негізгі бөлігін құрады. Тауар-ақша қатынасының дамуына жәрмеңкенің атқарған рөлі зор болды. Жәңгір ханның қолдауымен құрылған жәрмеңке Қазақстандағы алғаш ашылған жәрмеңкенің бірі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. РФ. ООММ, 6-қор, 6-тізбе, 3764-іс
2. РФ. ООММ, 6-қор, 10-тізбе, 3766-іс
3. РФ. АОММ, 1-қор, 9-тізбе, 795-іс
4. ҚРОМА, 4-қор, 1-тізбе, 1974-іс
5. Мәшімбаев С. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Алматы – Санат. 1994 – 220 б.
6. Аспандияров Б. Образования Букеевской Орды и ее ликвидация. Алматы., Қазақ энциклопедиясы, 2007 – 290 с.
7. Алекторов А.Е. Из письма хана Джангира к графу Перовскому. Астраханский листок. 1892 – № 258.
8. ҚРОМА, 78-қор, 2-тізбе, 36-іс
9. Еврейнов А. Внутренняя или Букеевская киргиз-казачья Орда. // Современник, 1851 – № 10.
10. Зиманов С. Россия и Букеевское ханстве. Алма-Ата:Наука. 1982 – 171 с.
11. РФ.АОМА, 2-қор, 1-тізбе, 280-іс
12. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (сборник документов и материалов) М; Изд. АНССР. 1961 – 790 с.
13. Киттары М.Я. Ставка хана Внутренней Киргизской Орды. // Журнал Министерства Внутренних Дел. 1849. 28-ч.
14. ҚРОМА, 4-қор, 1-тізбе, 2350-іс

* * *

В данной статье на основе архивных материалов и научных исследований рассматривается роль ярмарок в развитии торговли в Букеевском ханстве, экономическое развитие анализировано в разрезе современной историографии.

ӘОЖ 396.5 (574.1)

Ж.Қ. Мұханғалиева
М.Өтемісов атындағы БҚМУ аспиранты,
Орал қ.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ғасырдың 60-80 жылдардағы АГРАРЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ЕҢБЕККЕР ӘЙЕЛДЕРДІҢ ОРНЫ (тарихнамалық мәселе)

XX ғасырдың 60-80 жылдарында Қазақстанның халық шаруашылығы дамуында ауыл шаруашылығының алатын орны ерекше. Бұл сала бір-бірімен тығыз байланысты екі міндетті, біріншіден, өндірісті шикізатпен, екіншіден, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге бағытталған шараларды шешеді. Сондықтан ауыл шаруашылығы облысында алға тартылып отырылған міндеттерді тез арада және тиімді шешу үшін адами фактордың, ауыл еңбеккерлерінің, әсіресе әйелдердің еңбек және әлеуметтік белсенділіктерінің рөлі зор.

Демек, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында 1966-1985 жылдардағы Қазақстанның ауыл-селоларындағы аграрлық өндірісте нәтижелі еңбек еткен әйел-қыздардың іс-тәжірибелерін зерделеуге бағытталып жазылған ғылыми еңбектерді, тарихи әдебиеттерді талдау, саралау қажеттілік болып табылады.

Осы орайда 1940-50 жылдарда аграрлық саясатты жүзеге асыруда әйелдердің белсене араласқаны белгілі. Бұл тұрғыда көптеген тарихи әдебиеттер мен монографиялар жарық көрді. Т.Б. Балақаев мұрағат құжаттары мен естеліктер негізінде жазылған өз зерттеуінде соғыс жылдарындағы колхозшы шаруалардың, олардың қатарында колхозшы әйелдердің майдан мен елді азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті ауыл шаруашылығы шикізаттарымен қамтамасыз етудегі үлкен еңбегіне баға берсе, Г.Майлыбаева әйелдердің қоғамдық өндіріске қатысу деңгейін, Б.А.Тулепбаев Қазақстанды елдің ірі астықты және мал шаруашылық

базасына айналдыру жолын, КСРО-ғы мақталық проблеманы шешудегі Ортаазиялық республикалардың ролін, кемелденген социализм кезіндегі КОКП-ның аграрлық саясатын көрсетіп, соғыстан кейінгі жылдары ауыл шаруашылығында күрделі, ерлер мамандықтарын игерген әйелдер қызметін сипаттаған [1].

Соғыстан кейінгі жылдары аграрлық өндірісті қайта қалпына келтіру, әрі қарай дамыту жолында кездескен жетістіктер мен қиындықтарды ашып көрсетуде В.К.Савосько, И.Ш.Шамшатовтың еңбектері маңызды.

Бұл мақсатты кәсіби білім беруді ұйымдастыруға құзыреттілік тұрғыдан келу арқылы жүзеге асыруға болады. Педагогикада аталған көзқарас бойынша нақты іс-әрекет тәсілдерін меңгеруге бағытталған жұмыстар М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, В.В.Давыдов, П.Я.Гальперин және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Бірақ, бұл тұрғыдан көзқарас кәсіби білім берудің мақсатын, мазмұнын, әдістерін анықтауда көптеген жылдар бойы басты орын алмай келді. Құзыреттілік тұрғының теориялық базасын

жасау (Н.В.Кузьмина, В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, Е.Н.Шиянов және т.б.) жөніндегі мұғалім қызметінің тұжырымдамасы мен моделін (Е.А.Климов, А.К.Маркова, Л.М.Митина, Е.И.Рогов, В.А.Сластенин және т.б.), жоғарғы білім беру деңгейіндегі кәсіптік құзыреттілікті белсенді зерттеу (Ю.Г.Татур, В.А.Адольф, Л.А.Петровская және т.б.), жалпы білім беру саласына құзыреттілік тұрғыдан келуді зерттеу (И.А.Зимняя, Н.А.Гришанова, А.И.Савинков т.б.) зерттеу еңбектерінен басталғаны белгілі.

Кәсіби білім берудегі құзыреттілік тұрғы әртүрлі құзыреттілік түрлерінің жиынтығы арқылы күтілетін нәтижені қалыптастыруды көздейді. Тек аталмыш тұрғыдан келу арқылы ғана кәсіби салада өнімді өзбетіндік және жауапты іс-әрекетке дайын маман даярлауға болады. Педагогтың құзыреттілігін жеке тұлға қасиеттерінің интеграциясы ретінде қарастыра отырып, кәсіби педагогикалық құзыреттіліктер моделін анықтау қажет. Ресейлік және шетел ғалымдарының еңбектерінде педагогтың құзыреттілігі келесі бағыттарда қарастырылған: кәсіби еңбек нәтижелілігін анықтайтын білім мен біліктердің жиынтығы (Е.П.Тонконогая); жеке тұлғалық сапалар мен қасиеттердің үйлесімі (Л.М.Митина); кәсіби және жалпымәдени көрсеткіштердің бірлігі (Т.Г.Браже, Е.А.Соколовская).

Педагог құзыреттілігінің моделін жасауда Герцен атындағы РГПУ ғалымдарының пікірлері қызығушылық тудыруда. Олар мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін үш құрамдас бөліктердің: негізгі, базалық және арнайы құзыреттіліктердің бірлігі ретінде қарастырады. Болашақ мұғалімнің негізгі құзыреттілігі оны дайындау құрылымының басты элементі болып табылады. Ол нақты кәсіби іс-әрекетпен байланысты болмаса да, бірақ ол жалпы және кәсіби білім берудің арасындағы дәнекер тізбек ретінде алынады.

И.А.Зимняя өз жұмыстарының бірінде үш топқа біріктірген негізгі құзыреттіліктерді қарастырады:

1. Адамның жеке тұлғалық іс-әрекет пен қарым-қатынас субъектісі ретіндегі құзыреттіліктер;

2. Адамның өзара іс-әрекеті мен әлеуметтік саласына қатысты құзыреттіліктер;
3. Адамның іс-әрекетіне қатысты құзыреттіліктер (5).

Негізгі құзыреттіліктер жалпы орта білім беру саласында қалыптасып, қандай да бір мамандықтың іргетасын құрайтын компоненттерден тұратын базалық құзыреттіліктердің негізіне дайындайды. Э.Ф.Зеердің пайымдауынша базалық құзыреттілікке жататындар:

- жалпығылыми ұғымдар - табиғат, қоғам және адамның іс-әрекетінің негізгі заңдары;
- экономика мен мінез-құлықты ұйымдастырудың негізін құрайтын әлеуметтік-экономикалық;
- азаматтық-құқықтық;
- ақпараттық-коммуникациялық;
- политехникалық – техника мен технологияның, жаратылыс-ғылыми, автоматтандырылған өндірістік қызмет ету принципі, бақылау және басқару жүйелері;
- жалпы кәсіптік-мамандықтар тобына қатысты.

Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасын жасауда негізгі ереже ретінде таңдау жасайды. Бұл тұрғыдан көзқарасты М.В.Рыжаков (Негізгі жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты (теория және практика)) атты еңбегінде төмендегіше көрсетеді:

– құзыреттілік ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес, әрі мотивациялық, этикалық, әлеуметтік және мінез-құлықтық, яғни ол оқыту нәтижелерін (білім мен іскерлікті), құндылық бағдар жүйелерін, әдет және т.б. қамтиды.

– құзыреттілік - алынған білім, іскерлік, тәжірибе мен мінез-құлық (тәртіп) тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілетін білдіреді.

– құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясының идеологиясы жатыр.

– құзыреттіліктер білім беру мекемесіндегі оқу процесінде ғана емес, ол әрі қоршаған ортаның әсерімен, яғни, қалыптан тыс, қалыпты емес білім алу жағдайында да қалыптасады(4).

Бұл тұрғыдан көзқарасқа сәйкес білім беру жүйесі негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Құзыреттілікті келесі сипаттық белгілеріне қарап түйінді деп қарастыруға болады:

– интегративтік табиғатының болуы, яғни біртекті немесе жақын келетін білім мен іскерліктерді, мәдениет пен іс-әрекеттің ауқымын (ақпараттық, құқықтық және т.б.) өзіне қамтып алады.

– көпқызметтік, яғни оны меңгеру күнделікті өмірде әртүрлі проблемаларды шешуге мүмкіндік береді;

– пәнүстілік және пәнаралық сипатта болады, яғни әртүрлі жағдаяттарда қолданылады;

– белгілі дәрежеде интеллектуалдық дамуды талап етеді;

– көпөлшемдік (сиымдылығы), яғни әртүрлі ойлау процестері мен интеллектуалдық икемділіктерді қамтиды.

Барлық құзыреттіліктер әртүрлі типтегі амал-әрекеттерді талап етуімен (қосымша және тек белгілі бір жағдайда көрініс табуы мүмкін) мәнді:

– автономды және рефлексивтік әрекет ету;

– әртүрлі құралдарды интерактивті қолдану;

– әлеуметтік-гетерогендік топтарға кіру жән оларда қызмет ету.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды, білім мазмұнын дамытудың бүгінгі жағдайын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық орта білім беру стандартында қабылданып отырған негізгі құзыреттіліктерді: проблеманың шешімін табу, ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастырып дамыту көзделіп отыр (3). Олай болса, болашақ маман аталған құзыреттіліктерді оқушылар бойында қалыптастыруды жоғары оқу орнының қабырғасында меңгеріп шығуы тиіс екедігіне ешкімнің дауы жоқ деп ойлаймыз.

Құзыреттілік тұрғыдан келу қазіргі үздіксіз білім беру, соның ішінде кәсіби білім беруде, білімді дамытудың келесі тенденцияларын айқындайды.

Біріншіден, үздіксіз білім берудің жалпы жүйесінде өздігінен білім алу кезеңдерінің мәнділігі. Сондықтан, білім берудің қазіргі кезеңінде білім алушылардың өзбетіндік, танымдық және практикалық іс-әрекет дағдысын қалыптастыру міндеті ерекше өзектеліп отыр.

Екіншіден, өздігінен білім алуды дамыту жағдайында сөз жоқ, оқыту құралдарының рөлі артады. Қазіргі кезеңдегі оқыту технологиясында оқытудың ақпараттық технологиясының құралдары ерекше мәнге ие болуда.

Үшіншіден, білім беруді жүзеге асырудың даралап оқыту принципінің ролін күшейтеді, әрбір білім алушы үшін оқу процесін даралауды жүзеге асыруды көздейді.

Төртіншіден, білім беруде пәндік-бағдарлық жүйеден жобалау жүйесіне көшуге бағыттайды.

Мұның барлығы өз тарапынан жоғары білім берудегі тиісті құрылымдық қайта құруды, сондай-ақ алдыңғы қатарлы әлемдік беталысқа сәйкес болу мақсатында білім беру жүйесінің ішкі түрлендіруін қажет етеді. Бұл білім беру жүйесінің сыртқы ортаға бейімделуі жағдайында және оның қазіргі заманның келешекте жасайтын жаңа қадамдарына ұмтылысы кезінде ғана мүмкін болады. Осыған сәйкес білім берудің мәні ғана емес, сонымен қатар оқыту нысандары да түпкілікті түрде өзгеріп отыр, бұған ең алдымен интерактивті оқыту технологияларын (іскерлік ойын, проблемалық жағдай, кейс технологиялар) жатқызуға болады. Сонымен қатар, оқыту үдерісінде жобалық – ұйымдастырылған тәсілдерді қолдану өз тиімділігін көрсетіп отыр.

Сонымен, қарастырылып отырған проблеманың жоғары педагогикалық білім беру жүйесінің бүгінгі қойылып отырған талаптарға сай негізгі құзыреттіліктерді студенттер бойында қалыптастыру мен осы проблеманы шешу үшін педагогика ғылымының әдіснамасына, теориясына және практикасына құзыреттілік тұрғыдан келуді ендіру қажет деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасындағы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана, 2004.
2. 2010 жылға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2004.
3. Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Астана, 2007.
4. Рыжаков М.В.Ключевые компетенции: возможности применения. //Стандарты и мониторинг в образовании, - М., 1999, №4.
5. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. 2003. №5. 34-42.
6. Петров А. Профессиональная компетентность: понятийно-терминологические проблемы // «Alma mater». 2004. № 10. С. 6-10.
7. Петровская Л.А. Компетентность в общении. М., 1989.
8. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация / Пер. с англ. М., 2002. 396 с.

* * *

В статье рассматриваются проблемы внедрения в систему высшего образования категорий комптентностного образования, необходимость подготовки высококвалифицированных педагогов и формулирование целостного категориального аппарата по компетентностно-ориентиро-ванному профессиональному образованию в отечественной педагогике.

В качестве решения проблемы развития компетенций будущего учителя предлагается: создание методологии с адекватными образовательными целями, накопление современного методического и педагогического банка данных и обобщение имеющегося опыта дидактической практики.

* * *

Formation of the key and professional competences of the future teacher.

In the article are examined the problems of introduction of competent education's categories into the system of high education,necessity of preparation of highly qualified teachers and formulation of the integrated categorial apparatus on competently oriented professional education in the home pedagogics

As a decision of the problem of development of future teacher's competences is offered: creation of methodology with abequate educational aims, accumulation of the modern methodical and pedagogical data bank and generalization of the available experience of didactical practice.

ӘОЖ 378.1+808.5

А.С. Қыдыршаев
Педагогика ғылымдарының докторы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ, Орал қ.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ШЕШЕНДІКТАНУДЫ ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ РИТОРИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шешендіктану /риторика/ ғылымын дәуірлер ағысына қарай қилы тұрғыда танимыз. Ойлана сөйлеу іс-әрекетінің табиғатын философиялық-дидактикалық тұрғыдан тану риториканы білім мен білік, дағды жинақтайтын ерекше ілім ғана емес, осының негізінде мәдениеттің тұғырлы құндылықтарына қол жеткізу арқылы риторикалық мәдениет биігіне көтерілу тұрғысында бағалауға жетелейді. Біздіңше, шешендіктануды мәдениет саласында қарастыру риторикалық іс-әрекет мәнінің бұрын-соңды баса мән берілмей, елеусіздеу қалып келген жаңа бағыттарын айқындауға мүмкіндік туғызды.

Риторикалық мәдениет турасында не білеміз? Ол үшін, ең алдымен, көпшілікке ежелден мәлім, бір-бірінен алуан интерпретациялық тұрғыда айырмашылығы бар «мәдениет» ұғымы туралы айқындық керек. Ғылымда адамзаттың мәдениетке қатынасының кең көлемді жүйесі алға тартылып, онда мәдениетке қатысты теологиялық көзқарастан марксистік көзқарасқа дейінгі, рационалистіктен эмотивистікке дейінгі, технологиялықтан символдыққа дейінгі, жекеліктен субстанциялыққа дейінгі, креативистіктен деструктивистікке дейінгі көзқарастар талқыға салынуда. Нәтижеде мәдениеттанушылар арасында «мәдениет» туралы ортақ тұжырымның жоқтығы аңғарамыз. Бұған мәдениет турасында шамамен бір жүз елу анықтаманың тіркелуі дәлел. Сондай-ақ «мәдениет» ұғымының көп мәндігі соңғы жылдары жарық көрген мәдениеттің жалпы жалпы

теориялық мәселелеріне арналған монографиялық еңбектерде де атап көрсетіледі.

Мәдениет турасында пікірлер шоғыры әр алуан. Кейбір түйіндер легі төмендегіше: «Қоғам мүшесі ретінде адам баласының бойына құрамына білім, өнер, заң, морал, салт-дәстүрлерге орайлас қабілет, дағдыларды қамти жинақталған кешен» (Э. Тейлор); «Адамның өзіндік еркіндікте көрінуіне бірден-бір әсер етуші тіл, өнер, дін, ғылым іспеттес үдеріс, оның алуан қилы сатылары» (Э. Кассирер); «Адамзат баласының биік өлшемдерді меже тұтып, оларды зерде сүзгісінен өткізе жоғарғы құндылықтарға қол жеткізуі» (М.Хайдеггер); «Материалдық рухани құндылықтардың тұтастығы» (Г.Францев); «іс-әрекет технологиясы» (З.Файнбург); «адам іс-әрекетінің амалдары» (Э. Маркарян); «өмір сүру салтының бағдарламасы» (В.Сагатовский); «тығыз астаса түйінделген құндылықтар» (Н.Чавчавадзе); «қоғамның рухани келбеті» (Л. Кертман); «мәдениеттердің диалогы» (В.Библер); «Бұрынғы және қазіргі кездегі мәдени құндылықтар ретінде айқындала негізделген адамның шығармашылық іс-әрекеті» (Н.Злобин); «Әлеуметтік іс-әрекет барысында адамға тән күш – жігердің қалыптасуы мен дамуына бірден-бір септесер іс-шаралар мен амалдардың жүйесі» (Л.Коган); «Мәдениет руханилық өндіріс жүйесі ретінде өз құрамына рухани құндылықтар мен білім-бағдарларды туындатуды, сақтауды және қолдануды қалайды, ал бұның бәрі қоғам мен адамның рухани әлемінің құрамында қамтылмақ. Ендеше мәдениет іс-әрекеттің мақсат-міндеттері, ереже-уәждері және қағидаттары қалыптасатын күллі іс-қимылдың рухани өлшемі іспеттес. Демек, мәдениет дегеніміз – адам өмірінің сан алуан қырын қамтамасыз етуші барлық іс-әрекет жүйесінің алғышарты және құрамдас бөлігі сияқты адамзат іс-қимылының рухани компоненті» (Б.Ерасов); «Мәдениет адамды қалыптастырушы тұрғысында танылмақ, яғни іс-әрекеттің субъектісін дамыту шарттары, қоғамдық өмірдің түрлі саласындағы адам іс-әрекетінің амалдарын аталмыш субьектінің меңгеруінің шарттары ретінде көрінуі» (В.Келле); «Адам іс-әрекетінің барша салалары арқылы өтетін бірден-бір қайталанбас өзек»

(М.Мамардашвили); «адамды биіктете отырып, оның өміріне құндылық дарытар құрылым» (Р.Тшуми); «мәдениеттегі бастысы – материалдық жетістіктер емес, индивидтердің адами биік идеалдарға қол жеткізуі» (А.Швейцер); «адамды өзіндік табиғи шегінен алып шығатын адами дамудың біртұтастығы» (И.Херман); «өзіндік жеке жетілу, өзіңді-өзің таныту тұрғысындағы жан-тәнімен жасалған іс-әрекет» (А.Лосев); «адамның рухани тұрғыдан жетілу шарттары ретіндегі жүйе, адам баласының бірден-бір ұмтылар жарқын да таза, абсолютті идеалды тұрғыдан жетілуі» (В.Краус); «Мәдениет – қоғамдық-тарихи дамудың жай ғана үрлеп қойған қорабы емес, қайта оның ішкі жұмыс жасаушы компоненті және бірден-бір бөлінбес алғышарты, адам өмір сүруінің нағыз сапалық қажеттілігі» (Л.Митрохин); «Мәдениет дегеніміз – адамның шынайылық, әдемілік және ізгілік заңдылықтары бойынша өзіне де, өзгелерге де байланысты шығармашылық іс-әрекеті, бағалаушылық қарым-қатынасы» (В.Канке)...

Қысқасы, «мәдениет» турасындағы түрлі көзқарастарға зер сала қарасақ, жоғарыда түйінделген мәдениеттанушы ғалымдардың ұстанымдарын бір-біріне мүлдем кереғар, келіспестей тұжырымдар деуге келмейді. Зерттеушілердің мәселенің қай аспектісіне басымдық беруіне қарап, ұсынылған анықтамаларды жалпылама тұрғыда бірер құрылымдық нұсқаларға топтауға әбден болар еді. Жинақтай айтсақ, мәдениет дегеніміз – рухани әрі материалдық тұрғыдағы құндылықтарды туындату және соған қол жеткізу бағытындағы адамның шығармашылық іс-әрекеті. Нәтижеде адам жеке тұлға ретінде де, сондай-ақ ешкімге ұсамас, қайталанбас индивид ретінде де өзіндік ашылу, толымды тұрғыда қалыптасу, шымырлана беку үдерістерін бастан кешеді. Ал бұлайша өрілген тұжырым мәдениетті феномен ретінде біртұтас ерекше құбылыс тұрғысында түсінуге жетелейді. Мәдениетті осылайша қабылдаудың тағы бір қыры – мәдениеттің тұңғиық мәні адам іс-әрекеті арқылы ғана ашылатын оның философиялық-антропологиялық түсінік ретінде тұжырымдалуы. Яғни, мәдениет – адам дамуының, оның жеке тұлға және индивид ретінде өзінше

қалыптасуының, оның қабілет-қарымының, білім-дағдыларының ашылуы мен жетіле түсуінің тиімді алғышарты.

Мәдениетті философиялық-антропологиялық тұрғыда талдау оны феномен ретінде танудың өзіндік белгілерін (мәдениеттің адамның ішкі жан-дүниесіне тән екендігі, соның негізінде адамның ішкі сарайы айқындалатындығы; мәдениеттің толғаныс актілерінде туындайтындығы; диалог үстінде туындап, жүзеге асатындығы; өте жоғары, биік құндылықтар екендігі; жоғары да биік құндылық ретінде кез-келген тәжірибеде көрінетіндігі; өзіндік тылсым құпия мәнге ие екендігі, ал адамдар оларды тану, ашу арқылы дамып, жетілетіндігі) айқындауға мүмкіндік туғызады. Ал мәдениет турасындағы бұл белгілер адам ұғымын біртұтас жүйе қалпында танытады. Адам өзінің біртұтастығын мейлінше толық әрі терең тұрғыда тек шығармашылық іс-әрекет үрдісінде ғана, құндылықтарды туындатуда, нақтылап анықтауда ғана, яғни мәдениет кеңістігінде ғана ашып көрсете алады.

«Мәдениет» турасындағы жалпы көзқарастар бізді риторикалық мәдениет жөніндегі пайымдауға жетелейді. Риторикалық мәдениет бағалау-бағдарлау бағытындағы ойлана сөйлеу іс-әрекетін айқындайды. Риторикалық мәдениетті өз бойына ұялата білген адам рухани тұлға және айқын да жарқын индивидтік қалыпта көрінбек.

Біздіңше, риторикалық мәдениеттің жүзеге асуы қазіргі таңда бірден-бір ерекше мәнге ие. Бұл іспеттес рухани өзін-өзі жетілдірудің материалдық жағын қанағаттандыру мен өндірістің өсу қарқынының адамзат санасында жаңаша көрініс табуы, қоғам мен жеке тұлға турасында берілер әлеуметтік бағаның өзгеруі күн тәртібіндегі риторикалық мәдениеттің қалыптасу ерекшелігін де айқындайды. Бұл бағыттағы мәселенің оң шешім табуы адамдардың тұрмыси құндылықтардан рухани құндылықтарға қайта бағдар ұстануы негізінде адамзаттың ішкі жан дүниесінің қайта жаңғыруы жолымен жүзеге асады. Демек, қазіргі заманның ғаламдық проблемасы – бұл таза экономикалық, саяси не ғылыми проблемалар емес, ең алдымен адамгершілік-рухани

проблемалар. Ал мұндай жағдайда риторикалық мәдениеттің қалыптасуы, біздің пайымдауымызша, адамды өзгертудің, оның рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен ілгері дамып жетілуінің тиімді жолдарының бірегейі.

Ал студент атаулының бойына риторикалық мәдениетке қатысты білік, дағдыларды қалай жұғысты етпекпіз. Басты жолы – жоғары оқу орындарында шешендіктану ғылымын игерту арқылы. Біздіңше, шешендіктану курсын оқытуды қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдениет және ұлттық менталитетімізбен байланысты шынайылыққа, ізгілік пен әдемілікке ұмтылуға бағытталған студенттердің ойлана сөйлей білу білік-дағдыларын, қабілет-қарымын дамытуды көздейтін аталмыш саланың (риториканың) кешенді қалыптағы интеграцияланған пән екендігі туралы түсініктен туындата білген дұрыс. Сондай-ақ, риторикалық мәдениетті, риторикалық біліктілікті қалыптастыру – бұл тек оқытудағы бір ғана бағыт емес, сонымен бірге, өзге де оқыту пәндеріне әсер ету құралы да, интеллектуалдық және эмоционалдық тұрғыда жетіле дамытудың тиімділігін қамтамасыз ететін, әлі де тереңірек айтсақ, студенттің әлеуметтік тұрғыда бейімделуінің тиімді жүруіне бірден-бір қажетті алғы шарт та.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында шешендіктануды оқытуда риторикалық білімнің негізі ретінде логос, пафос және этнос үштік тұғырының өзара үйлесе сәйкес келу идеясы да ескерілуі тиіс. Ендеше шешендіктану тұңғиығына терең бойлау, шешендік өнерге баулу жай ғана риторикалық технологияны меңгеріп қана қою емес, сондай-ақ бұл – бізге ата-бабамыздан мұра ретінде қалдырылған жоғары адамгершілік тұрғысындағы құндылық ретіндегі ұлттық мәдениетті маңызды танып-білу. Демек, шешендіктануды ұлттық риторикалық идеалды бөлінбес бөлігі ретінде қабылдай білуіміз керек.

Ал жоғары оқу орындарында шешендіктануды оқыту арқылы риторикалық мәдениетке қатысты білік-дағдыларды жұғысты етуге септесер шешендік өнер дәрістеріндегі бірер ой тезистері төмендегіше:

– Кез келген затты, құбылысты, іс-әрекетті әр қилы анықтауға, сипаттауға болады. Сол сияқты шешендіктану да

әртүрлі сипатта айқындалады. Мәселен, *шешендік* – дидарласушымыздың жүрегі мен ақыл-ойын баурап алуға, оны не нәрсе болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый */Жан Лабрюйер (1645-1696) – француз жазушысы. Шешендік* – сөйлеген сөзге тыңдаушылардың ешбір қиналыссыз құлақ қоюы ғана емес, сондай-ақ айтылған мәселеге ерекше ынта-ықылас танытып, тақырып байыбына терең бойлауға ұмтылысының оянуына түрткі боларлықтай сөз екшей білу өнері / *Блез Паскаль (1623-1662) – француз ғалымы, философ; Шешендік дегеніміз* – кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонысымен өзгелерді өз ойына ойыстыра білу /*Ломоносов Михаил Васильевич (1711-1765) - әйгілі орыс оқымыстысы, орыс шешендіктану ғылымының негізін салушы; Шешендік* – сөзбен жүзеге асырылатын әрі сөзбен барша жетістіктерге жеткізетін өнер саласы. Демек, барлығының тізгінін өз қолына алған, күллі өнердің қасиет - күшін өз бойына жинақтаған деуге болады /*Платон (б.з.д.. (427-347) – ежелгі грек философы; Шешендіктану* – шаршы топ алды сөз сөйлеу арқылы әсер ету жөніндегі ғылым. / И.А.Стернин /; Шешендіктану – көпшілікке ерекше әсер ететін айғақтамаларды әзірлеу және жинақтау амалдарын зерделейтін филологиялық пән. Не болмаса, ежелгі грек философы *Аристотель* шешендіктануды /риторика/ бақыт тұрғысында түйіндеген, себебі ол адамдардың өзгеге түсінікті болуына көмектеседі. Десек те, шешендіктанудың ғылым ретінде пайда болуын бәрі бірдей мойындамаған.

– Шешендіктанудың негізгі нысаны – сөз, шебер сөйлеу дағдысы. Бұл секілді орасан күшті сөзге ие болу (сөйлей білу) – тыңдаушыларға әсер ете білу, өз сезім-толғанысыңды, ой-көзқарасыңды жарқын да айқын әрі толық жеткізе білу, көпшілікке өзіннің адал екендігіңді айқын сездіре, сендіре білу деген сөз. Бірақ та шешендік сөз – бұл кез келген сөз емес, аузыңа келгенді айту да емес, бұл –жан-дүниеңді толғата өрілген, ой энергиясы арқылы толғанта көрінген сөз. Шешендіктану нысаны – белгілі бір коммуникативтік мақсат көздеген ерекше сөз. Демек, *шешендік* –айрықша қуатқа ие

теңдесі жоқ қару. Шешендіктанудағы сөйлеуші мақсаты – аудиторияға өзіндік ұмтылысын, қызығушылығы мен қажеттіліктерін ұғыну, түсінуге көмектесу, оларға танымның бір көзі іспеттес осы бағыттағы белгілі бір әдісті аңғарту.

– Шешендіктану өзіндік ерекшеліктерге ие. *Шешендіктану* – тарихи құбылыс, яғни белгілі бір уақытқа, қоғамға сәйкес өзгеріп отырады. *Шешендіктану* күрделі синтетикалық қалыпқа ие. Ол қазақ тілі, қазақ әдебиеті, сөйлеу мәдениеті, философия, психология, педагогика, этика және т.б. өзге де ғылым салаларымен байланысты. Әрине, әр түрлі саладағы мамандар шешендікті қилы тұрғыда қарастырады. Мәселен, *лингвистика* ауызша сөйлеу мәдениетінің теориясын қарастырады, шешендерге шаршы топ алды сөйлеуде туған тіліміздің байлығын қалай қолдану турасында кеңестер береді; *Психология* ауызша сөз сөйлеуді қабылдау, сөйленген сөздің ұжымдық санаға әсерінен туындар мәселелерді қарастырады, адамдарға тән шешендік тұлға және аудитория психологиясын зерделейді; *Логика* шешендерді өз ойын үйлесімді де жүйелі баяндау, ұсынып отырған мәселенің шынайылығын дәлелдеу мен жалған түйінді жоққа шығару бағытындағы дұрыс ойлау амалдарына үйретеді.

– Адамның кім екендігін айқындайтын сан алуан сапалық қасиеттердің ішінде шешенге аса қажетті сапалық белгілер бары даусыз. *Қандай адамды шешен дейміз?* Бұл орайдағы пікірлер де әр түрлі: бірі қалай сөйлегеніне байланыссыз, әйтеуір көпшілік алдында сөз сөйлеуші адамды шешен деп есептейді, бірі шын мәнінде шебер сөйлей білетін адамды шешен деп таниды. Сөздерге жүгінсек, «шешен» /«оратор»/ сөзі орыс тілінде XVIII ғасыр басында пайда болған. Ал қазақтарда тым әріден бары байқалады. *Шешен (шежіре, ділмар, сөзшең, сөзуар).* Ол латын тіліндегі «orare» /«говорить» - «сөйлейді»/ сөзінен шыққан. В.И.Даль бұл сөзге түсінік бере келіп, *«вития», «краснослов», «сөзшең адам», «шебер сөйлейді»* деген синонимдерін келтіреді. Бақсақ, бұл ұғымдардың қай-қайсысында да *«шешен сөйлеу»*,

яғни әдемі, бейнелі, мәнерлі сөйлеу сапасына акцент беріледі;

– Антикалық дәуірден бергі шешен тұлғаның келбетін танытар негізгі үш тірек тұғырлар сапынан этос, логос, пафосты атаймыз.*Этос (грекше ethos – салт-дәстүр, адами қалып, мінез).* Ежелгі гректердің пікірінше, егер де шешен өзі өмір сүріп отырған қоғамда беделді, ақылды да адал, адамгершілігі мол адам ретінде танымал болса, оның сөзі қашан да сенімді шықпақ. «Этос» пен «этика» - бір түбірден өрбіген сөздер. *Логос (грекше logos – түсінік, ой).* Сөйленер сөздің күллі өрілу барысы, құрылымы, айғақтамасы, түйіндері айқындалар логика заңдары негізінде құрылуы. «Логос» және «логика» - бір түбірлі сөздер. *Пафос (грекше pathos – сезім, жұлқыныс).* Серпінді сілкініс, ілгерілеу, эмоцияның көрінуі. Пафоспен сөйлеу дегеніміз – дауыс тонын тиімді пайдалана отырып, интонацияны құбылта, пантомимикамен анық та әсерлі, эмоционалды тұрғыда жеріне жеткізе айту;

– Шешендіктің аксиомалары бар. Олардың бірқатары төмендегіше: 1). Ешкімді зорлап оқыта алмайсың, тек танымдық тереңдікке ұмтылысты оятуға, ілім-білімге құлшынысты еселеп туындатуға болады; 2). Этика заңдарына сүйене келе, өзіңді құрметтей отырып, тек өз ой -пікіріңді ғана дұрыс деуден аулақ болған жөн. Сәйкесінше өз ойыңды ғана ұсынып қоймай, дидарласушының да пікірін електен өткізе ескеру абзал; 3). Қашан да дидарласушының білім, білік-дағдыларының деңгейін ескере отырып, оның өз тілінде сөйлесуге ұмтылған жөн. 4). Сөйлеу мәдениетіңді еселеп көтеріп отыру мақсатында сөздік, анықтағыштарға сүйеніп, сөйлеу тіліндегі қателіктерден арылу жөн, т.б [7].

– Сөз сөйлеуге даярлану алгоритмі туралы ойлану. Шешендік өнерді жаңадан бастап үйренушілерге сөз сөйлеуге мұқият даярлану – міндетті іс. Ең алдымен сөз сөйлеудің қажеттілігін айқындап алған жөн, яғни сені сөз сөйлеуге мәжбүр еткен қандай себеп екендігін, сөйленер сөзіңнің мақсатын айқындап алуды ойлау дұрыс; Бұдан әрі өз мүмкіндігің мен алғы мақсатыңа орай *инвенция* сатысына

(сөйленер сөзіңізге қажетті материалдарды даярлау) кіріскейсің; Сөйлеу мақсатының толық жүзеге асуы үшін, ой жүйесінің тиімділігін ескере келе, жинақталған материалдарды топтастыру дұрыс /диспозиция/; Элокуция кезеңінде сөйленер сөздің жоспары мен құрылымын әзірлегейсің. Бұл тұста тілмен жұмыс жасаудың тынымсыз машақаты жүрмек; Еске сақтау амалына сүйеніп, редакцияланған, жазылған сөйленер сөзіңіздің мәтінін жаттап алуға кеңес берер едік [7].

– „Тыңдалмаса ықыласпен, Ұқпасқа айтқан сөз жетім” /Төле би/. „Көп адам жақсы нәрселер айта алады, бірақ тыңдай білетіндер тым аз, өйткені бұл үшін ақылдың күші қажет”/Э.Хоу/. Адамдармен дидарласа келіп, егер де біз бір-бірімізді тек тыңдап қана қоймай, айтылған сөздердің байыбына терең бойлай білсек, кез келген іс атаулыны оп-оңай, жеп-жеңіл әрі айқын да нақты шешкен болар едік-ау деген риторикалық сауалды өз-өзімізге жиірек қою [7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аристотель. Риторика. М., Лабиринт, 2007.-256 с
2. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. /Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С./.-А., Жазушы, 1989.-137-298-б.б.
3. Маметова Ә. Қазақ билерінің шешендік сөздері және оның әдебиеттегі тарихи орны. Филология ғыл.канд. ...диссертациясы, А.,1945.
4. Адамбаев Б. Шешендік өнер. А., Ғылым, 1999.-204 б.
5. Негимов С. Шешендік өнер. А., Ана тілі, 1997.-209 б.
6. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. А., Білім, 2003.-260 б.
7. Қыдыршаев А.С. Кестелі шешендіктану. Орал, 2008.-84 б.

* * *

В данной статье дается определение понятия риторической культуры , рассматриваются проблемы формирования у студентов риторической культуры через преподавание риторики в вузах.

* * *

In this article is given the determination of rhetorical culture notion, are looked the matters of forming the rhetorical culture of students through teaching the rhetoric in high school.

УДК 028

Даришева Т.М.
Кандидат педагогических наук
Коленко И.М.
Ст.преподаватель,
ЗКГУ им.М.Утемисова, г.Уральск

К ПРОБЛЕМЕ АКМЕОЛОГИИ ЧТЕНИЯ

В Республике Казахстан разработана и начала внедряться первая государственная программа «Читающий Казахстан». Главная цель программы – приобщение населения к чтению как необходимому инструменту духовного и интеллектуального прорыва нации. Программа разработана Министерством культуры и информации Республики Казахстан и Национальной библиотекой Республики Казахстан на 2007-2010 годы [14].

Чтение определяется главным элементом постижения культурных и национальных ценностей, инструментом познания и повышения интеллектуального потенциала нации, творческой и социальной активности личности, фактором воспитания гражданской позиции и патриотизма членов общества.

Чтение формирует сознание человека, закладывает основы мировоззрения, образования и получения профессиональных навыков.

Исследования последних лет показывают, что в современном Казахстане, как и во всем мире, наблюдается кризис чтения. Проблемы чтения стали в один ряд с важнейшими государственными задачами сохранения и развития национальной культуры. Их решение требует объединения усилий органов государственной власти и управления, библиотек, издательств, редакций средств массовой информации, различных общественных организаций, фондов, структур по распространению печатных изданий для

молодёжи, для поддержки читательской культуры с целью сохранения духовного наследия.

Программа «Читающий Казахстан» разработана в соответствии с Посланием Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Стратегия вхождения Казахстана в число пятидесяти конкурентоспособных стран мира» (март 2006 г.) и в соответствии с разделом 4 «Развитие современной системы образования, процветания культуры и развития духовного потенциала народа» Программы Правительства Республики Казахстан на 2006-2008 годы, утвержденной Указом Президента Республики Казахстан (30 марта 2006г. №80) [11].

Разработанная Программа направлена на углубленное и действенное культивирование чтения в целях духовного просвещения нации. Реализация Программы предусматривает осмысленное, целенаправленное, глубокое чтение, которое ведет к культурной безопасности и состоятельности нации. В методике воспитательной работы в становлении и развитии личности немаловажную роль играет расширение кругозора воспитуемого. На передний план выдвигается проблема воспитания культуры чтения молодого поколения.

Чтение как научная проблема не только имеет место, но и становится актуальной для научного познания. Тема мало изучена, поскольку ощущается недостаточность фундаментальных исследований по данной проблеме. Программа «Читающий Казахстан» предусматривает научные исследования по проблемам социологии, философии, психологии, педагогики чтения.

Для реализации Программы объединены усилия государственных органов, библиотек, издательств, редакций, средств массовой информации, образовательных учреждений, общественных фондов с целью привлечения к чтению широких слоев населения, обеспечения доступа к печатным изданиям каждому гражданину, поощрения чтения, поддержки читательской культуры с целью сохранения духовного наследия [6].

Среди задач Программы: возрождение традиций чтения в производственных коллективах, развитие традиций

семейного чтения, пропаганда чтения среди детей и юношества, использование новых технологий в популяризации чтения, расширение репертуара чтения и другие.

Предполагается развитие сети детских библиотек по типу досугово-познавательных центров и организация салонов детского чтения в крупных торгово-развлекательных комплексах; вовлечение средств массовой информации в процесс создания привлекательности чтения; широкое использование и внедрение мультимедийных технологий; проведение республиканских и международных акций, фестивалей по чтению.

Целенаправленная работа в области политики развития чтения в общенациональном масштабе направлена на поддержку устойчивого вкуса к чтению, особенно подрастающего поколения казахстанцев.

Проблема детского и юношеского «нечтения» - общемировая. Многие страны, соприкоснувшись с «вторичной неграмотностью», приступили к решению проблемы, при этом акцент ставится на внедрение програм «Детское чтение», «Выключи компьютер (телевизор)», «Летнее чтение» и т.п. Принимаются государственные программы чтения в Канаде, США, благополучной в отношении читательской культуры - Франции. В США, например, курс литературы и мировой культуры введен в технических вузах, для студентов и старшеклассников организуются летние лагеря чтения. В России реализуется «Национальная программа поддержки и развития чтение».

Сегодня чтение поставлено в один ряд с важнейшими государственными задачами защиты и обеспечения безопасности культуры. Изыскать возможность исключения кризиса чтения, защита его ценности, поднятие его статуса, привитие вкуса, поддержка положительного отношения к чтению у молодежи – общая задача государства.

Отдельная статистика, выведенная по анализу чтения, показывает, что у 12 % опрошенных в круг чтения входят классические произведения, более 36 % респондентов (в основном учащиеся и студенты) указали, что посещают

библиотеки по необходимости, в частности, чтобы получить художественную литературу. Чтение в современном обществе выполняет в основном лишь две социальные функции – образовательную и развлекательную. Чтение утрачивает статус высоко духовного занятия, равно как и статус престижного времяпрепровождения [8,9].

Вопросы, затрагивающие проблему чтения в нашей стране поднимаются на заседаниях Министерства культуры и информации Республики Казахстан; на международном конгрессе чтения «Читающее общество – основа конкурентоспособности страна» (Астана, 2007г.); на заседаниях республиканской конференции «Чтение – национальный приоритет Казахстана», (Актобе, 2006г.); на конференции «Чтение молодежи – духовный ресурс развития общества» (2 ноября 2006 года); на заседаниях издателей, книготоргующих фирм; на международной книжной ярмарке «По Великому Шелковому пути»; на библиотечных форумах и в профессиональных периодических изданиях [15].

В октябре 2007 года в г.Шымкенте состоялась международная научная конференция «Книга и Великий Шелковый путь», где были обсуждены перспективы возрождения традиций чтения.

Проблема развития чтения интенсивно изучается во всех развитых странах мира. На международной конференции «Чтение в культуре III-его тысячелетия» представлены доклад специалистов разных областей знания – педагогов, библиотекарей, психологов, социологов, нейролингвистов. Всех их объединяет идея акмеологии чтения, то есть повышения его качества, совершенствования читательской деятельности, развития способности полноценного восприятия текста, что в конечном итоге обуславливает продуктивность чтения [12].

«Акмеология» происходит от греческого «akme», что означает – вершина. Вторая часть – соответствует значению слов «наука», «знание». Таким образом, акмеология представляется как наука о закономерностях достижения вершин развития человека в любых видах жизнедеятельности.

Акмеология чтения – новое междисциплинарное знание. Чтение – объект для научных исследований. Акмеология чтения – сравнительно молодая наука. Акмеология включена в реестр наук, по которым присуждаются учёные степени. Создана Международная академия акмеологических наук, открыты кафедры акмеологии в вузах, издаётся журнал «Акмеология», проводятся международные и региональные конференции. Акмеология выходит на ведущие научные позиции в системе знаний о человеке, фокусирующей в себе то, что помогает личности достигать высокого уровня развития.

Акмеология чтения отражает интегративный подход к человеку читающему, объясняет суть читательского развития человека как путь к вершинам чтения во всей его многогранности и многоступенчатости. Это – междисциплинарная область знаний о закономерностях развития читателя – субъекта читательской деятельности, включающей разные её уровни и аспекты анализа, на основе принципа единства сознания личности, деятельности и общения. Акмеология чтения – научная дисциплина о закономерностях достижения вершин на каждом этапе читательского развития человека [3].

Рассмотрим некоторые вопросы изучения чтения в контексте акмеологии чтения. В ней читатель рассматривается в единстве индивидуума, личности и субъекта деятельности. Человек сам творит свою читательскую судьбу. «Читатель выступает не пассивным субъектом управляющего воздействия педагога, библиотекаря, а активным участником, имеющим собственную цель обращения к литературе» Культура чтения отражает уровень читательского развития, его количественно-качественные изменения в сознании, деятельности и общении, одновременно являясь продуктом и фактором развития личности [7].

Читатель находится на пересечении видеокультур: книжной, компьютерной. Снижение основных показателей культуры чтения фиксируют социологи, психологи, педагоги, библиотековеды. Отмечается увеличение количества

нечитателей, изменение круга чтения в сторону «чтива» и прагматических целей, снижение продуктивности чтения. Возникает необходимость анализа чтения на основе концепций системного типа, среди которых и акмеологическая.

Цель акмеологии чтения – разработка теоретико-методологических и технологических основ читательской социализации, читательского развития личности. Её достижение возможно через комплекс задач системного характера, включающего разные аспекты исследования и практической реализации. Одной из них является институциализация и профессионализация читательского развития личности. Это означает создание организаций государственного характера, отвечающих за научную, образовательную и практическую деятельность в области читательской социализации. Необходимо осознать, что без специальной подготовки кадров - акмеологов чтения с высоким уровнем профессиональной компетентности, кризисные явления в области чтения не преодолеть.

Термин «акмеология информационной культуры» введен наряду с термином «акмеология чтения». Акмеология информационной культуры – научная дисциплина, изучающая закономерности достижения вершин информационного развития личности на каждом возрастном этапе ее жизнедеятельности в соответствии с достигнутым уровнем информационной социализации человечества [4].
Основой формирования информационной культуры является теория информационного развития личности.

XXI век отмечен быстрым развитием электронных средств хранения, распространения и предоставления информации, что резко меняет сложившуюся систему коммуникаций. Нынешнюю ситуацию сравнивают с периодом появления книгопечатания. Компьютер бросает вызов книгам и институтам их хранения и распространения.

Исследователи утверждают, что в ходе информатизации общества, роль книжной культуры объективно снижается, книга вытесняется электронными носителями информации. Однако, мировой опыт, статистика книгоиздания показывает,

что число выпускаемых и читаемых книг с распространением компьютеров увеличилось. Необходимо отметить, что стремительное развитие информационных систем, компьютерных технологий влияет на формирование интересов читателя.

Основные преимущества электронной формы хранения и распространения информации - компактность, высокая сохранность, быстрота распространения в пространстве. Чтение нередко приобретает интерактивный характер, превращаясь в диалог, который ориентируется на удовлетворение информационно-прагматических потребностей. Несмотря на развитие информационных технологий следует учесть, что предпосылкой в овладении электронными средствами информации, является умение читать.

Век новых технологий требует гибкости от пользователей информации, в частности, компьютерная грамотность не может существовать без традиционных навыков грамотности. Книги остаются не только источником информации, но и предметом жизненной необходимости, ибо они выполняют роль эмоциональной, интеллектуальной и социальной поддержки.

Ряд исследователей считают, что только читающее общество является мыслящим. Ученые прогнозируют снижение уровня грамотности и распространение функциональной неграмотности тех, кого учили, но не научили читать, не сделали настоящим читателем [5,13].

Считаем, что молодое поколение необходимо воспитывать в направлении по осознанию значения книг, газет, журналов в жизни человека. Доступность и мобильность в использовании электронными средствами информации не должно их отчуждать от чтения.

Конкуренция различных источников информации с печатной продукцией, стала почвой для прогнозирования кризиса книжной культуры, особенно, среди представителей молодого поколения, широко увлекающегося аудиовизуальными источниками информации. Однако, многочисленные исследования социологов, психологов, библиотековедов, педагогов говорят об обратном. Чтение продолжает играть

ведущую роль не только в образовательном процессе, но и в личностном саморазвитии на протяжении всей жизни людей.

Перспективы читательской социализации во многом будут зависеть от решения задачи профессионализации акмеологии чтения – самостоятельного вида научной, образовательной и практической деятельности, важное значение которой уделяется и в Казахстане.

Уникальная роль в пропаганде чтения, читательском развитии и формировании информационной культуры личности принадлежит библиотеке - основному социальному институту, реализующему права человека на свободу чтения, что отражено в Законе Республики Казахстан «О культуре»[10].

Многофункциональная библиотека на современном этапе – это огромный мир социальных коммуникаций, место, где встречаются друг с другом, ищут ответы на самые насущные вопросы жизни. Будущее за теми библиотеками, которые объединяют традиционную культуру общения с книгой с новыми информационными технологиями [1,2].

Развитие читателя – процесс длительный, касающийся многих сфер человеческой деятельности. На наш взгляд, обучение стратегии чтения должно быть интегрировано в учебные предметы, в проведение практических занятий, во внеаудиторные мероприятия, проводимые библиотеками учебных заведений, культурными центрами.

Учитывая, что библиотеки играют неоценимую роль в формировании у детей умений и навыков чтения, сохранении общего уровня грамотности, необходимо определить соответствующее место библиотекам в стратегических программах при бюджетном планировании. Библиотека – одна из важнейших систем воспитания и обучения, представляющая доступ к духовным ценностям, следовательно, необходимо направить значительную часть целевых программ для развития библиотек. Например, в Северном Казахстане, с 2005 года действует программа «Открытая книга», Центр чтения «Книга без границ», в Восточно-Казахстанской областной библиотеке им.А.С.Пушкина реализуется программа «Читающая семья».

В Западно-Казахстанской области библиотека для детей и юношества им. А.П.Гайдара пристальное внимание уделяет комплексным программам по чтению детей, юношества и родителей, обслуживанию инвалидов-детей, воспитанию экологической, информационной культуры, внедрены программы: «Радостное чтение», программа работы образовательного и культурного центра ПТШ и колледжей «Молодежь и XXI век», «Материнское чтение», «Библиотека как центр экологической культуры».

В Западно-Казахстанском государственном университете им.М.Утемисова разработана и внедрена целевая программа «Книга и чтение студента ЗКГУ». В рамках программы проводятся литературные вечера, презентации книг, встречи с писателями и поэтами Казахстана, книжные выставки, конкурсы чтецов и другие формы пропаганды книги и чтения.

Такие программы позволяют скоординировать действие различных структур, поощряют сотрудничество разных партнеров, позволяют государству действовать в русле позиций Манифеста ЮНЕСКО: «Создание и закрепление навыков чтения у детей с самого раннего возраста».

Эффективной формой привития у студентов университета интереса к чтению являются творческие объединения. Успешно осуществляют свою деятельность молодежные объединения: «Ақиқат», «Жас экономист»; студенческие театры «Дауылпаз», «Эхо», «Парадигма»; литературное объединение им.К.Жумалиева; Театр книги, литературный салон «Свеча», экологический клуб «Бумеранг» и другие.

Программы деятельности творческих объединений различны. Например, в процессе проведения дебатных турниров, студенты практикуются в умении грамотного построения своего выступления и привлечения внимания и поддержки аудитории, овладевают навыками культуры речи. Молодежное объединение «Студенческий союз ЗКГУ» привлекает студентов, увлеченных научными открытиями, спортом, видами искусств. Театр книги ставит целью презентацию новых произведений казахстанской литературы,

проводит юбилеи книг, мероприятия в рамках Всемирного Дня Книги. Литературное объединение им.К.Жумалиева, литературный салон «Свеча» проводят для студентов поэтические, прозаические вечера, посвященные литературному творчеству классиков, писателей – современников. Участие в творческих объединениях расширяет познавательную активность студентов, повышает информационную грамотность, расширяет круг чтения и формирует его культуру.

Одним из инструментов изучения роли чтения в жизни населения являются социологические исследования. Сотрудники областной библиотеки для детей и юношества им. А.П.Гайдара областной универсальной научной библиотеки им.Ж.Молдагалиева проводят постоянное и целенаправленное изучение читательских потребностей, интересов, мотивов чтения. Среди них: «Лето - 2003», «С любимой книгой в XXI век», «Современное чтиво», «Расскажи о себе» и другие. В Западно-Казахстанском государственном университете им.М.Утемисова проведено социологическое исследование «Студент- читатель». Результаты исследования активно используются на практике. Среди основных мотивов чтения выделены: учебно-образовательный процесс, повышение профессионального уровня, реализация увлечений, психологическая разгрузка.

Исследования также показывают:

- в структуре читательских предпочтений сохраняется высокий интерес к книге, способной дать человеку необходимые знания и практические советы, быть полезной в решении конкретных проблем;

- высокий интерес к чтению не зависит от социального статуса личности;

- в чтении национальной литературы лидирующее положение занимает художественная литература на казахском языке;

- литературные интересы читателей Западно-Казахстанской области во многом совпадают с литературными пристрастиями читателей стран СНГ, в

списках литературы преобладают детективно-приключенческие и сентиментальные романы.

Молодое поколение в любой стране – это активная и перспективная часть общества, восприимчивая ко всему новому, готовая на перемены и новации, переживающая период становления социальной зрелости. В Казахстане уже сформировалось поколение молодых людей, выросших в условиях независимого государства, демократических преобразований. Именно молодежи вместе со старшим поколением предстоит решать важную стратегическую задачу, поставленную Президентом Республики Казахстан – вхождение нашего государства в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных стран мира. Успех проводимых реформ во многом зависит от уровня образованности, информированности, интеллектуального и физического потенциала молодого поколения, являющегося стратегическим ресурсом страны. Сейчас, когда формируется общество знаний, особенно важна роль чтения как основы умения непрерывно учиться, осваивать новое. В этой связи акмеология чтения сродни лестнице, ведущей к успеху в образовании в иных сферах деятельности и в общей психоэлевации – возвышении личности [12]. Распространенность чтения – непременный фактор жизни любого общества и человека, показатель духовной, образовательной, культурной состоятельности государства.

Список использованных источников

1. Бердигалиева Р.А. Инновационное развитие библиотек Казахстана.// Вестник БАЕ.- 2006.- №2.-с.70-72.
2. Бердигалиева Р.А. Стратегические императивы развития и модернизации библиотек.//Мир библиотек.-2006.-№3.-с. 6-9.
3. Бородина В.А. Акмеология чтения в отечественном библиотековедении//Библиотековедение.-2006.-№3.-с. 61-66.
4. Бородина В.А. Информационная культура: акмеологический подход// Современное библиотечно-информационное образование. Учебные тетради. Вып.7.СПБ., 2004.-с. 4-22.
5. Бродский М.А. Клуб и Интернет в приобщении детей к чтению.// Школьная библиотека.-2005.-№1-2.-с. 97-105.
6. Исамадиева С.А. Поддержка и защита историко-культурного наследия// Мир библиотеки.-2006.-№1.-с.34-35.

7. Карданова М. Основа творческого мышления. Культура чтения: историко-философские аспекты.// Библиотечное дело.-2006.-№1.-с.11-15; №2.- с.33-37.
8. Кумарова Р.С. Ключевая роль книги и чтения в информационном обществе.// Мир библиотеки.- 2003.-№4. с. 48-50.
9. Лукзен Л.Н. Проблема чтения- проблема общегосударственная //Кітапхана.- 2005.- 31.-с.4-22.
10. О культуре. Закон Республики Казахстан.// Казахстанская правда.-2006.- 26 декабря.
11. Программа развития сферы культуры на 2006-2008 гг.// Кітапхана.- 2006.-№1.-с. 4-22.
12. Тихомирова И. Лестница, ведущая к успеху.//Библиотека. - 2000. - №7. с.11.
13. Чемоданова Е.А. Сетература и Рулинет. Чтение в Интернете: реальность или фантом? // Библиотечное дело.- 2004.- № 11.- с. 9-12.
14. «Читающий Казахстан». Паспорт программы.// http: www/ nlrk. Kz.
15. Чтение молодежи – духовный ресурс развития общества: Сборник материалов республиканской научно-практической конференции (2 ноября 2006 г.). – Алматы: ГРЮБ им. Жамбыла, 2006. -112 с.

* * *
